

Бегман ҮІСҚАҚ

ҚАЗАҚ ЕЛІ





Бегман ҮІСҚАҚ

*Мен болмасам, болмайын,
сен аман бол,*

ҚАЗАҚ ЕЛІ

033801

ОБЛЫСТЫҚ
ФЫЛЫМИ-ӘМБЕБАП
КИТАПХАНАСЫ

Алматы - 2013 ж.

КИТАП САҚТАУ
БӨЛІМІ

УДК 821.512.122
ББК 84(5Каз)
Б34

*Пікір жазған:
Мархабат Байгұт, жазушы*

Б34 Бегман ҰІСҚАҚ
Қазақ Елі. – Алматы, 2013ж. «Әлем» баспасы -
200 бет.

ISBN 9965-19-908-6

Бегман ҰІСҚАҚтың бұл кітабынан отаншылдықтың, елшілдіктің, ұлтжандылықтың самалы еседі. Жалған, жасанды «патриотизм» мен шынайы отаншылдықтың аражігін ажырата білуіміз керектігі туралы тереңірек ойлануга бескінесіз. Рухымызды көтеріп, намысымызды жаниды.

УДК 821.512.122
ББК 84(5Каз)

ISBN 9965-19-908-6

© Бегман ҰІСҚАҚ, 2013ж.

БЕКЕҢНІҢ БЕЗБЕНДЕУІ

Бөгман Ысқақ мырзаңызды бірталаидан бері біліңкірейміз. Тәуелсіздік алмай тұрып, тағдырдың жетелеуімен Шымкент педагогика институтының фиология факультетінде «нөл три» дейтүғын «ставкамен» сабак беріңкірегенбіз. Сол жылдары Бегманыңыздың бірбеткейлеу мінезі, жып-жылы жымысы, жақтырмаған сәттерінде сазаратыны, әсіресе, ойып-оыйп ой айтып, пікір түйетіні қатты ұнайтын.

Күндердің күнінде, біз пединституттан алыстанап, әкімшілік жүйелерінде жүріңкіреп жүргенімізде «Иллюзия» дейтүғын әңгімесін берді. «Оқып көрші. Егер жарайды деп тапсан, журналға ма, газетке ме ұсынассың», – деген. Оқыдық. Бас алмастан. Үнемі жазып журнегендіктен, кейбір-кейбір кібіртіктері ғана бар еken. Әйтпесе, әңгімедегі әділтеу, характер жасау, әсіресе, психологиям мәселесі таңқаларлықтай көрінген. Газетке ұзақтау болғандықтан, бір журналға жөнелткенбіз. Өкінішке орай, әлгі әңгіме жарияланбады. Жарыққа шықпады. Бекең бізден қайталап

сұрамады да, мазаламады да. Қайта біз бас шайқап, өкініп, еске салып қоятынбыз. Әттөң, әңгіме әжептеуір шеберлікпен жазылған еді. Журнал жолын ашып жібергенде ше, Бегман Ысқақ біраз қарыштап қалар ма еді, кім білсін—ай, кім білсін...

Одан бермен қарайғы уақыттарда Бегманыңыз қарап жүрмей, жазыңқырайтыны бірталай жүртқа белгілі. Қоркем әңгімелер болмаса-дағы, басқалау дүниелер дүрлейтінінен хабардармыз. Бір-екі мәрте біраз-біраз бәйгелерге де ие болды. Міне, енді Бегман Ысқақтың «Қазақ Елі» дейтуғын кітабының қолжазбасы алдымызды жатыпты.

Жинаққа қойылған ат – ардақты ат. Салмақты атаяу. Жоғары жауапкершілікті талап ететін текті тіркес. Ә дегеннен-ақ күдік-күмән оянар. Қөніліңіз түкпірінде. Автор алғашқы сөзінен, әуелгі сөйлемнен қазақтың үш алтын тұғыры туралы айқын ойын анғартады. Артық-ауыс шықпай-ақ қарапайым ғана сыр шертпекке кіріседі. Аз-маз аялдама жасап, баяндамаға беріліп кетпей, сұрақ-жауап әдісіне көшеді. Қазақ Елі, Қазақ Жері деген ұлы ұғымдарға жан-жақты баға bere, безбендей келе өзі де толғанады, өзгелерді де тебірентеді. Қариямен де, құрдасымен де, жас өскіндермен де сұхбаттасады. Сырласады. Мұндасады. Тарих тереңдеріне саяхат жасайды. Күреңқасқа, Нұршөшек және Жер туралы ежелгі өртегі-аңыздың және бір нұсқасын нақыштайды.

Сөйтө-сөйтө дүн-дүниені Дөгеленге әкеп тірейді.

«Ал біз ше? Иә, шынында да... Дөгелен! Қайран ғана қазақтың қиян өлкө, құба жоны! Құллі қазақтың жазылмас бітеге жан жарасы! «Жуас түйе жүндемекке жақсы». Дөгелен – біздің жуастығымыздың жазасы. Уланған дала, уланған шөп, уланған... Дөгелен дел-сал, жазылмас дерпті. Жер – Ана кірпік қағуға дәрменсіз. Басын сүйеп, ерніне су тамызуға біз де қауқарсызбыз. Өкінішке қарай солай. Дөгеленге келгенде шықпайды үнім. Үнім шықпайды... Қайтейін...» дейді авторыныз. Бегманыныз. Шынайылықтың шым-шым етіп, жанарынызды жасқа шылайтыны осындей-осындей, талай-талай тұстарынан табылады. Күдік-кумәніңіз сейілер.

«Әкім ағаның (Тарази) естелігінен» деген бөлігінен де біраз-біраз белгісіз жәйттерді оқып, тоқисыз. Таңырқайсыз. Осылайша, «Күнделік дәптерден», «Лес досым айтады», «Ираннан келген қандасымыз айтады», «Амангелді досым айтып еді» дегендегін тақырыптармен баян етілетін жағдаяттардың бірде-бірі бей-жай қалдырмайды.

Жалпы, Бекенұңің бұл жинағы «Жер», «Домбыра» және «Тіл» деп аталағын үш бөлімнен, үш арнадан құрылышты. «Домбыра» арнасында да «Досханның естелігінен», «Афинадағы домбыра», «Күнделік дәптерден» деген секілді, «Лес досым айтады», «Алмас» сияқты мәністер татымды да тартымды

тақырыптар қаузалады. Болған оқиғалар, әңгімеленген әсерлер, естіген естеліктер, түйген түйткілдер тек Бегманша безбенделеді.

«Тіл» арнасында да толғанысты һәм тебіреністі тұстар аз емес. Жан-жүректен, өзгешелеу өрілгені, жазбагердің өре-өрісі аңгарылып, ишаралары иландырады. Мұнда да бірсыздырғы баяндай берместен, «Махамбет маған айтқан еді», «Натали Васильенсканың күнделігінен», «Лес досым айтады», «Айжанның күнделігінен», «Күнделік дәптерден», «Бұлардың қайсысы ақымақ?», «Ел аузында қалған мынадай әңгіме бар», «Шектен шықпа», «Ел аузынан», «Мүсір досым айтады», «Тіл білмеудің әлегі» деген дүниелерді орынды келтіреді.

«Болашақ» стипендиясы бойынша Англияда оқып жүрген, ана тілінен мақұрым, мәңгүрттің тексіздігін, ұлттық уызға жарымағанын, керісінше Монголстаннан атамекенін аңсап жеткен қарияның қазақтың қара топырағын сүйіп жылағанын салыстыра көрсетіп, автордың: «Біздің болашақ... Қайдам, қалай боларын...» деген жеріндө жаныңыз ауырап. Күйзелерсіз.

Айтулы азамат, ұлагатты ұстаз Сағынғали Сандыбайұлы айтқан әңгімедегі Желтоқсан көтерілісінің рухы да жүрек тербейді.

Бегман Ысқақтың «Қазақ Елі» кітабынан отанышылдықтың елшілдіктің, ұлтжандылықтың самалы есөді. Бір күйінесіз, бір сүйінесіз. Бір ысынасыз, бір суынасыз. Жалған, жасанды

«патриотизм» мен шынайы патриоттықтың ара жігін ажырата білуіміз керектігі туралы ойланбаққа бекінесіз.

«Беғманның безбендеуі» деуімізде мәніс бар. Ол қандай безбендеу? Нендей таразылау? Алғы сөздө бәрін айтпақ мүмкін емес. Өзіңіз оқырсыз. Оқырсыз-дағы, тоқырсыз.

*Мархабат Байғұт,
жазушы.*

ЖЕР

*Пай, лай, пай!
Киелі неткен жер!
Батырлар дүрілдеп өткен жер,
Тұлпарлар дүбірлеп төккен тер,
Ғашықтар бір-бірін өпкөн жер.
Сарылып сал-сері кеткен жер.
Бас шіп, иіскеп топырағын,
Тағзым жасамай өтпендер!*

M. Мақатаев

*Қазақтың қасиетті үш алтын тұгыры бар:
қазыналы жері, жер деген – қазақтың ырыс-
несібесі, береке-молшылығы; шанағынан күй
саулаған қоңыр домбырасы, көркем дө шешен
тілі.*

*Бұлардың бірінсіз қазақ қазақ өмес, күздің
аңызақ желі сыптырып-сырып айдал әкететін
құнсыз қу жапырақтары, домбыраның басты
ішегімен үндесе алмай қалған бос ішегі, Қазақ
Елінің іргесі қаланып жатқанда қалауға жарамай
қалған жарамсыз тасы десе дө болады.*

*Қазақ Елі! Бұл менің – туып-өскен, кір жуып,
кіндік қаным тамған тұған жерім. Бұл менің –*

алғаш рет бесік жырын тыңдал, ана тілін үйренген құнарлы топырағым! Қасиетті де шешен ана тілім мениң көкейіме тап осы өлкеде сіңді. Бұл – мениң тұнғыш рет қасиетті қоныр домбыраның сағағынан тәгілген күмбірлеген күйді тыңдал, өзім де тұнғыш рет ән салған жерім. Бала кезімде, жалаңаяқ жар кешіп тыныш таппай аласұрып жүргендеге, абайсызда жарақаттанып қалсам, жаныма шипа болар туған жердің қара топырағы бұл.

Тұнғыш рет сезімімді тербелетіп, мейірімді молайтып, қиялымға қанат қақтырып, жігерімді шабыттандыратын әнін естіген туған өлкем. Сайын дала ырғағы менімен бірге болмаған, мениң көкейімде тұрмаған, бірде-бір күні, бірде-бір сәті жоқ өмірде. Бұл ән – бас ауырып, балтырым сыйзағанда өмірге деген құштарлығымды арттыратын қуатым. Бұл іс – өрнім кезеріп сусаған кездө шөлімді қандыратын көусар бұлағым. Бұл ырғақ – аптал ыстық пен қақаган аязда қорғайтын шаңырағым. Мына өмірде еңсемді тіктеп жүргенім, риясыз құлғенім сол шаңырақтың құдіреті.

– Ұлан байтақ жері бар, Қазақ Елі, қайдасың сен?

- Еуразия кіндігіндемін.
- Сахи даласы, занғар шыңды таулары бар, Қазақ Елі, қайдасың?
- Алтай мен Атыраудың аралығында мын.
- Шалқар көлді, телегей теңізді, Қазақ Елі, қайдасың?

– Айдаһардай ысқырған, мың айлалы Қытай мен аюдай ақырған, ішкі есебін ішінө бүккен Ресейдің ортасындағын.

– Асты кеніш, үсті пейіш Қазақстан деген елді білесіңдер ме? Бұгіндө қайда ол?

– Дұшпанының аларған көзінде, достарының ілтипатты сөзінде ол.

– Қайда?... қайда дейсіз?

– Қазақтардың жүргегінің төрінде.

– Қазақстан қай халықтың мекені?

– Қазақтардың, көшіріңіз, күллі түркілердің Атамекені, Атажұртты.

– Онда кімдер мекен етеді?

– Ұнтымағы мен бірлігі жарасқан ұлттар мен ұлыстар тіршілік етеді.

Таңертең теледидардан: «Өскемен мен Семейде қар бораган бұрқасын, Орал мен Ақтөбе жаңбырлы. Ал Тараз бен Қызылордада шие гүлдеп тұр. Шымкентте аспан айналып түскендей ыстық» деп хабарлады. Мұны естіген испандық турист: «Мен әлемнің 141 елінде болдым. Мұндай жылдың төрт мезгілі қатар келетін бірде-бір елді көргөн емеспін», – деп жағасын ұсталты дейді көргендер.

Жері бардың елі бар, айдыны мен белі бар. Құлкісі жарқын, жүргегі жылы, санасы салқын. Сондықтан қазақта: «Келген қадамдарыңа гүл бітсін», «Егінің біткіш шықсын!» дегендер ең асыл тілек. «Жер жастан!», «Жер жұтсын!» дегендері, – ең ауыр қарғыс.

Ауылда ең қонақжай отбасы жайында: «Ой,

шіркін, олардың дастарқаны қазақтың кең даласындағы той», деп үнемі ризашығын білдіреді. Қария баласына: «Алтын тағың болғанша, алақандай жерің болсын!» деп отырады.

Тағдыр талқысымен жат жерде өмір кешкен қария асыл арманы мен соңғы тілегі: «Жаратқан Ием, соңғы демім біткенде, туған жердің бір уыс топырағын бұйырта гөр», деп сәждеге басын қойған сайын Жаратқанға жалбарынады.

Қазақтың бітіспес екі дауы бар. Бірі – жер дауы болса, екінші – жесір дауы. Жесір дауынан жер дауы алғаш айтылу себебі – жер деген қазақтың ырыс-несібесі, тіршілігінің көзі, берекемолшылығы, өміріне нәр берер киелі топырағы. Қазақ үшін жерден айырылып қалу деген – ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан тарихынан, тілі мен дінінен, салт-дәстүрінен, ұл-қызының бүгіні мен ертеңінен айырылу деген сәз.

Алыс сапарда журген жандар жөн сұраса көле бір өлкеден болып шықса: «Жерлес еkenбіз!» деп, олардың арасында бір-біріне деген, қандай құдіретінің бары қайдам, жылы сыйластық, жақындық пейіл туындаиды.

Жер төсін еміп өскен шаруа: «Жақсы адам – елдің ырысы, Жақсы жер – жанның тынысы!» деп отырғаны.

– Ей, қазақ, неге сонша мейманаң тасып шаттанаңсың?

– Ұлан-байтақ, сахи далам болғандығынан.

– Ей, қазақ, әуелете әндептуіңе жол болсын?

– Ана-Отаным болған үшін шырқата ән

саламын.

– Ей, қазақ, әндерің неге мұнлы?

– Ұлы даламды қорғауда көп қыындық көргеннен болар.

– Ей, қазақ, неге қүйлөріңде жер танабын қуырган тұллар тұяғының дүбірі жаңғырып тұрады?

– Қазақтың ару өлкесін көз алартқан дұшпандардан қорғауда ауыздықлен алысқан сәйгүліктер ер қанаты емес пе? Күйімізден тұллар тұяғының дүбірі, қылышының сыңғыры, жебесінің зуылы естілетіні сондықтан.

– Ей, қазақ, көк байрағыңдағы қандай құс?

– Қыран! Бізге сол құс ұнайды. Басқа құстар күн суыды дегенше–ақ тұған өлкесін тастап, жылы да жайлы жаққа бет түзейді. Ал мұзбалаш бүркіттер қаншама аяз қысқанмен, қаншама теперіш көргенімен, тұған шыңын еш уақытта тастап кетпейді. Қиямет қайым болса да. Жас жеткіншек сол қыраннан үлгі алсын деп, туымызға бедерлөгөнбіз.

– Ей, қазақ, сендер қалайша көк бөрінің үрпағымыз дейсіңдер?

– Бізге жеткен аңыз бойынша, бес жұз үйлі ғұн жұрттың дұшпандары қапылыста қырып тастайды. Осынау қанды қырғыннан жалғыз бала аман қалады дейді. Тәнірдің құдіретімен әлгі баланы көк бөрі ақ сүтін беріп, ер жеткізеді. Кейін осы баладан көк бөрілер үрпағы Ашина тайпасы тараиды дейді аңызда. Түркілер бөрі бейнесін байрагына бедерлеп, қыыр шығыстағы

Хинган тауларынан батыстағы Қап тауына дейінгі ұлан-ғайыр аймақты бағындырыпты.

Бері рухын кие санап, пір тұту бізде күні бүгінге дейін сақталған. Демек, бері бейнесіндөгі өршіл рух қазақтың санасында соно-о-у ерте замандардан қалған. Сірә, осы аңыздың астарында тарихи шындық жатса керек.

Ата-баба аманат етіп қалдырган қиян өлкеге зерделөй үңілдер болсақ ғасырлар бойы қатталған естелігі іспетті. Олай дөйтінміз, көшпендейлер ең бір аяулы есімдерді өзен-көліне, тау-тасына, жазығы мен қырына «жазып» кеткен.

Жетісу, Сарыарқа, Байқоңыр, Манғыстау, Атырау,... япырау қандай атаулар десеңші, жүрекке жылы, жанға жайлы, әсем де көркем емес пе?

Қазақ әні мөн күйінің, өлеңі мен жырының ең әрлісі мен нәрлісін осыноу кең даласына арнаған.

Қазақ жерден көз жазып қалса, айдарлысының құл, тұлымдысының күң болатынын ежелден—ақ білген. Қиян өлкесі мен құлан жортқан атырабын жат жүрттыққа таптатудан өткен қорлық жоқ екенін түсінген менің данышпан ата-бабам. Сондықтан жаугершілік заманда рухы биік, намысты ата-бабамның қылышы қайраулы, наизасы ұштаулы, қазанаты ерттеулі тұрған.

Құданың құдіреті, Алланың пендесі түсінде не көрмейді. Бөтен елде, бөгде жүртта жүр екенмін-ау деймін. Мені ұстап алып тәртіп

сақшылары болу керек пагондары бар менің төлкүжатымды сұрайды. Менде ол жоқ. «Қай елдің азаматысың? – деп қасамға таяп сұрақтың астына алсын кеп, мен болсам тілімді жұтып қойғандай ләм деп үн қатуға шама жоқ. Мелшиіп тұрғаным тұрған.

– Әй, сениң елің, мекенің бар ма осы? – дейді, әлгілер жер тепкілеп. Мен болсам бақшаға қойылған қарақшыдай құр қалқаямын.

– Мына мұсәпірдің тұрғылықты елі, жері, сәйлесерге тілі жоқ қанғыбастың барап жері абақты», – деп тар да қаранғы бөлмөгеге сүйрелеп әкеліп тастанады. Мен мына мүшкіл халіме налып, ал кеп жылайын, ал кеп жылтайын.

Өкірген өз даусымнан оянып кетсем, түсім екен. Қуанышымда шек болсайшы! Өзіңің кіндік кескен жерің, ана тілің болғанынан асқан бақыт бар ма бұл жалғанда?! Өз еліңің қара суы мен қара нанына не жетсін?!

Айтқан жерден аулақ, тұған жер, атамекенім болмаса, онда мына дүние мен үшін басы болса да миң жоқ, кеудесі болса да жүрегі жоқ, көзі болса да жанары жоқ, арнасы болса да суы жоқ, әйткеуір бір күлді бадам болары хақ.

Иә, қазаққа сайын даласынан көз жазып қалудан өткен қорлық жоқ. Ол тағы қандай дала десенші! Асты кеніш, үсті пейіш жер жаннаты той қазақ даласы!

О-о, қазақтың қасиетті қара топырағы! Менің ата-бабамның асылы, үрлагына қалдырган баға жетпес мұрасы, ең аяулы дұғасы, енді менің

балаларыма ақтық тапсырар аманатым, баға жетпес байлығым. Егемендігім мен елдігімнің тұғыры.

Жақында бүкіл Еуропаның көрікті жерлерін арапал келген «жаңа қазақ» ініммен сұхбаттасқаным бар. Ол кәрі континентте көрген кереметтерін: салтанатты сарайларын, аспаннмен тілдескен гимараттарын, аспалы көпірлері мен көз жауын алар көрмелерін, мұражайлары мен мұрагаттарын... Әйтте қойшы бәрін, бәрін таңдайын қаға таңданысын жасыра алмай сөз етті. Сөз соңында әлгі: «Басқа халықтың ұрпағына қалдырған асыл мұраларын көре жүріп: «Құдайым-ау, біздің ата-бабаларымыз екі-үш әйел алып о төбеден бұ төбеге мал соңынан салпақтап көшіп-қонғаннан басқа не бітірген? Ұрпағына, мына бізге, бөгде жұртқа мақтан етер не қалдырған? Немізben мақтана аламыз?» – деген өкпелі ойда болдым дегені.

Әсем қалалар мен көрікті көпірлер салып келешегіне мұра етіп қалдырмағанына кейінгі ұрпақтың алдыңғы ұрпағына ойлы көз, ояу жүрек талқысынан өткізілмеген өкпесі еді бұл.

Мен оған: «Қарағым, ата-бабаға бекер өкпе артасын. Оңтүстігінде сан жұмбағын ішіне жасырған, айдаһардай ыскырған, алпыс айлалы, күрттай құжынаған Қытай, солтүстігінде жерін мен еліңе көз алартқан аюдай Ресей екі алып империяның қыспағында ат төбеліндей аз ғана қазақтың өмір кешкенін тарихтан білесің. Егер

екі-үш әйелден некеге отырып, үрпақ өрбітіп отырмаса, біздің тарих бетінде қалар-қалмасымыз неғайбыл еді ғой. Бұл көрегендігі емей немене?

Салтанатты сарайлар мен аспанмен тілдескен ғимараттар салмаған деп кінә артасың. Өткен ата-баба тарихына ақыл көзімен қарайықши. Сонау жаугөршілік заманда Құлтегін баба қала салып, көп қабатты қорғанмен бекінеміз дегенде дана кеңесші Тоныкөк: «Хан ием, саны аз халқының басын қосып, қорғанды қалаға жидың делік. Ал құмырсқадай қаптаған тобғачтар қалаңды қоршап алып, ары кеткенде бес-алты айда қорғаныңды да, халқының да күлін көкке ұшырады, қашаңғы шыдарсың Інге кірген қасқырдаі қан қақсатады. Біз сияқты аттың жалында, түйенің қомында өсіп, шыныққан жамағатқа ат үстінде жүріп тиіп-қашып қапылыста тап беріп, айламен соғысқан тиімді. Белі бесіктен шыққаннан ат жалын ұстап өскен біздің жұрттың бір сарбазы он тобғачтарыңа дес бермейтінін білесің», – деп қала салуға оны берік қорғанмен қоршауға үзілді-кесілді қарсы болады. Осылайша жүйелі сөз өрісін тауып, Құлтегін баба да парасатты сөзді хош көріп, қала салудан бас тартады.

Санының аздығына қарамай, шойын білекті, арыстан жүректі бабаларымыз «еңку-еңку жер салып, егеулі наиза қолға алып», ұлан-ғайыр сардаласын сан ғасыр жаудан қорғап бізге, мына

саған, мұра етіп қалдырған. Дала болғанда тағы қандай дала десеңші! Түгін тартса май шығатын, қойны қазыналы, үсті жазиралы құнарлы дала! Ата-бабаның бұл мұрасы аз ба? Жоқ, аз емес, көп дер едім. Көп болғанда да досың сүйсініп, дұшпаның күйінетіндей мол мұра, үлкен сыбаға.

Ал енді сол далаңа саялыш «Бәйтеректеріңді» тігіп, көлер ұрпақ мақтан етерлік, көз жауын алатын әсем қалалар салу, пирамидалар тұрғызу бүгінгі ұрпақтың, яғни біз бөн сениң міндеттің, – дедім.

Менің айтқанымнан «жаңа қазақ» баһра алды ма, жоқ әлде алмады ма ол жағы маған белгісіз.

«Жаңа қазақ» қалай қабылдаса, солай қабылдасын, батыр бабаларымыз мұра етіп қалдырған мына ұлы дала біз үшін алтын сарайлар мөн аспалы көпірлсрдің бәрінен де қымбат. Өйткені бұл топырақ қан майданда мерт болған қазақ сарбаздарының қаны мен оны жоқтаған қара көз арулардың көз жасына суарылған. Сондықтан елімнің әр уыс топырағы қазақ үшін қасиетті дө қастерлі.

Қасиетті жер, қастерлі топырақ демекші, мынандай аңыз есіме түсті.

– Уа, қадірлі жамағат! – дөп сөз бастады хан кеңесші уәзірлеріне.

– Мына көрші Таң елінен елшілер көлгенінен хабардар шыгарсыздар. Аса мәртебелі императоры аламан бәйгеде еліміздің даңқын төртікул дүниөө жайған,

шашасына шақ жүқтыврас Күренқасқа тұлпарды сұратта жіберіпти. Оның бүл өтінішін орындаимыз ба, жоқ әлде, басқа білдірер уәждерің бар ма? Кәне, не айтасыздар?

- Тақсыр, берілмейді тұлпар.
- Неге берелік? Бермеу керек Күренқасқаны.
- Күренқасқаны ата жауға бергенше жағаласып өлу керек.
- Көппіз деп басынбасын тобғачтар.
- Тұрысар жерін айтсын! – болды уәзірлердің айтқандары. Көздеріне қан құйылып, маңдай тамырлары білеулене.

Тұлпар хандікі болғанымен, қазақта қазанат пөн сұлу қызы, балуан жігіт бүкіл рудың, қала берсе күллі өлдің мақтанышы деп есептелетін. Бұлар жеке біреудің ғана меншігі емес, бүкіл руға, күллі жамағатқа ортақ мүкәмалдар деген әлімсақтан қалыптасқан ата дәстүрді ұстанған уәзірлердің шамдануларының да жөні бар өді.

Кеңесші уәзірлерінің сезін асықпай-састай тыңдаған хан үнсіз ұзақ ойланып отырды да:

- Жауға бір қыл құйрықты қимаймыз деп аナンЫ ұлынан, әйелді ерінен, баланы әкесінен айырып, халқымды қара жамылдыра алмаймын. Алсын! Елшілерге Күренқасқаны жетектеміп жіберіңдер. Қазақтың кебеже қарын биелері аман болса, әлі-ақ мың сан Күренқасқаларды құлышындар, – деді.

Хан екі сөйлемейді. Оның сезінө қарсы уәж айттылмайды. Айтқаны айтқандаі, дегені дегендей мұлтіксіз орындалады. Күренқасқа

кісінегі-кісінегі жау жетегінде кетө барды.

Келесі жылы көрші Таң елінен елшілер келіп, императорларының былтыр берген тұлпарына аса риза болғанын, өндігі жерде нұр дидарлы ханшайым Нұршешек сұлуды өйөлдікке сұратып жібергенін жеткізеді.

Хан ақыл-кеңес алуға уәзірлерінің басын қосты. Тобғачтар өлі императорының екінші өтінішін жеткізді оларға.

– Не дейді, мына қысық көздер, көппіз деп басынайын дөген өкен!

– Біз елміз бе, жоқ, өлдө өзбіз бе?

– Нұршешек ханшайымды бергеншө, жау жағасына жармасып өлеміз!

– Сүйекке таңба ғой бұл.

– Соғысу керек, тәубасына келтіру керек сұмырайлардың.

– Тұрысатын жөрін айтсын тобғачтар! – болды, уәзірлердің айтқаны. Бойларын кернеген ызаға бұлығып, қарттары түйілген жұдырықтарын кекке білеп, жастары семсерлерінің балдағына жармасты.

Ел тізгінін үстаган ханның бәйбішесі түгілі жесірін жатқа қимайтын қазаққа Нұршешектей аруды жау қолына беругө намыстануының да жөні бар еди.

Қабағынан қар жауып, ұзақ ойланды хан. Бір кезде сөз бастады.

– Уа, жарандар! Бір сәткө ашуды ақылға жендеріп, теке-тірестің соңы не болатынын ой елегінен өткізіп көрдіңдер ме? Ережіс соңы қан

майдан, қан төгіс екені бесенеден белгілі. Құмырсқадай қаптаған тобғачтардың жүз, бәлкім одан да көп сарбазына бір-ақ қазақтан шығара аламыз. Жеңіске жеткен күннің өзінде сан мыңдаған жастарымыз опат болып, сонша әйел жесір, сансыз жас жетім болары хақ. Халқымды қабағат қасіреттеп сақтау үшін Таң елі императорының бұл өтінішін де орындалап, сүйікті бәйбішем Нұршешекті беруді үйғардым. Тас түскен жеріне ауыр демекші, бұл ауыртпалықты бүкіл халыққа артып күніретпей, бір өзім намыс өртіне өртепсем өртенейін. Елім үшін Нұршешектей ару құрбандық. Қазақтың ақ жаулықты аналары аман болса, ай мән күндей небір Нұршешектер дүниеге келер, – деді.

Хан екі сөйлемейді. Шешім дұрыс па, жоқ әлде бұрыс па ешкім тәрелігін айта алмайды. Айтылған тұжырым сөзсіз орындалады.

Нұршешек бәйбіше де жылай-жылай ата қоныс елімен қош айтысып, жау жетегіндө кете барды.

Үшінші жылы көрші елдің елшілері қайта тәбе көрсетті. Бос келмепті, бұл жолы түмен ел қоныстанатын жер сұрай келіпті.

Хан көңесші уәзірлерін жинап, көрші ел елшілерінің бұйымтайын жеткізді.

– Онсыз да бос жатқан жер той, берсек берелік.

– Жоқ, ата қоныс мәкенімізді неге береміз. Бермейміз.

– Жер жетеді. Өгіздің талысындағай кең жеріміздің бір пүшпағын берсек берелік. Жарлы болып қалмаспсыз.

– Берілмесін!

– Тобғачтарды өкпелетіп алып, басымызға бәле сатып алмайық. Бергеніміз дұрыс, – болды уәзірлердің жауабы.

– Жоқ! – деді хан қырандай шаңқ етте қалып, ата-бабамыздың маңдай тери мен алқызыл қанына шыланған осынау киелі мекеннен, алдыңғы үрпақ мұра етіп қалдырған жер-анадан айрылып қалу – ата-баба әруагын қорлау. Қасиетті жерсіз біздің өркіндігіміз де, тіршілігіміздің де мәнісі болмайды. Келешек үрпақ атамекенсіз қалса, бөгде жүрттың құлы мен күніне айналады. Тоз-тозы шығып, қасиетсіз тобырға айналады. Сондықтан келешек бізді кешірмейді. Қазақтың ұлтарақтай жерін ата жауға таптатпау үшін семсерімізді қыннан суыратын күн туды. Не табанға салып женгенше, не қазақтың соңғы шамы сөнгенше суырылған семсер қайта қынға салынбасын!

Қысық көз елшілерге жеткізіңдер, қазақтың сыйға берер жері жоқ. Ол сатылмайды да, өйткені жер – қазақтың өзі. Сондықтан тобғачтар тұрысатын жерін айтсын!

Хан екі сөйлемейді. Мынауының дұрыс, мынауының дұрыс дей алмайды. Оның шешімі мүлтіксіз орындалады.

Қазақ жері отқа оранды, жалыны көкті шарпыды. Сайын дала төсін сан мың ат

тұғырының дүбірі, аруақ шақырган батырлардың қиқуы, сөмсерлердің бір-біріне қақтығысқан сыңғыры құлақ тұндырды. Жердің шаңы аспанға көтеріліп, бір тозаң бір тозаңға ұласты. Жан беріп, жан алысқан ұлы шайқастар болып жатты.

Таулардың етегінде, мидай жазықта, жота мен қыратта, өзен аңғырында қазақтың не бір апайтөс өрендері, қуатты да ер жүрек сан мыңдаған ұландары опат болды. Сан мың малшы, сан мың диқан, сан мың әке қыршынынан қылды. Қан қасап майдан жесірлер мен жетімдерді қаптатты. Қазақ топырағы сан мың перзенттің алқызыл қанына, төгілген теріне малшынды. Қан мен терін босқа төккен жоқ өзінен он есе, жұз есе көп жауларын баудай түсіріп, жайратып салды. Ұлтарақтай жерін де жат жүртқа таптатпады. Қасиетінен айналайын, қайран ғана менің батыр бабаларым-ай!

Міне, осылайша, ару даласын қазақтың хас батырлары «егеулі наиза қолға алып, еңку-еңку жер шалып», «халқы үшін түн үйіктамай, күндіз отырмай, қара терін төгіп, қып-қызыл қанын жүгіртіп», «басы барды еңкейтіп, тізесі барды бүктіріп» аттың жалында, түйенің қомында жүріп сақтап қалған. Өз үрпағының болашағы үшін өмірлерін құрбан еткен, тағдыр тәлкегіне мойымай, рухтарын биік ұстап, намыстарын жауына таптатпаған. Қайран менің намысты да ержүрек бабаларым! Пайда

ойламаған, ар ойлаған. Бар мақсаты – Қазақ Елі, қазақтың сайын даласы. Ұрпағының қамы мен амандығы.

Ал біз ше? Иә, шынында да... Дегелен! Қайраңғана қазақтың қиян өлкө, құба жоны! Қуллі қазақтың жазылмас бітеп жан жарасы! «Жуастырымыздың жазасы. Уланған дала, уланған шөп, уланған... Дегелен дел-сал, жазылмас дерпті. Жер ана кірпік қағуға дірмәнсіз. Басын сүйеп, аузына су тамызуға перзенттері біз де қауқарсызыбыз. Дәрменсізбіз. Өкінішке орай солай. Дегеленге келгенде шықпайды үнім. Үнім шықпайды... Қайтейін...?

Он сегіз мың әлем жаралғалы бері тіршілік иөлеріне нәпақа беріп келген жер ана бүгіндеге көкіргінен нәрлі сүт орнына, зәрлі у ақтарып, әл үстінде сазарып жатқаны мынау. Жазылмас ауыр дерпті. Кезіндеге хакім Абай, қажы Шәкәрімдерді дүниеге әкелген ару дала еді ғой бүл!

Намысы үшін жан беріп жан алысқан өжет ұрпақ көкпар шауып, құс салып аң аулаған көрме иық жазира өмес пе еді Дегелен! Ұшқан құс, жүгірген аң қазір қайда? «Оты жоқ жер жетім, басшысы жоқ ел жетім, елінен ауған ер жетім, тыңдаушысыз сөз жетім...» дегендей, сұраусыз, іздеусіз жетім қалды-ау көрі құрылыштың бір елі беймарал сиятын қазақтың құлан жортқан атырабы! Иә, жетім...! Намысты жұрт өз жерінде бомба түгілі шіріген жаңғақ-та

шактырмайды. Намысты ел солай етеді. Бөгдөге басындырмайды. Шектен шыға берсе, тұрысатын жерін сұрайды. Не тәубесіне келтіреді, не түгөл... Намысты халық біз сияқты «мың өліп, мың тірілгенді» мақтан етпейді. Мақтан етерлік «мың өліп, мың тірілу» ерлік пе, әлде мәртебе ме ? Түсінсем бұйырмасын!

Қазақ қандай болса, тұған топырағы да сондай!... Біз дерптіміз, тұған топырақ та науқас. Иә, екеуі де... Емдемесек, емделмесек құрдымға кеткеніміз кеткен! Құр-дым-ға...!

Қазақтың жан жарасын жазуга тек қазақ қана мүдделі, бөгдө жұрт емес. Өзіміз ғана,... Иә, өзіміз ғана мүдделіміз! Жат жұртқа біздің жер қойнындағы байлышымыз ғана керек, ал қазақ олар үшін көк тын да тұрмайды. Мұны түсінетін уақыт жеткені қашан?!

«Қайран, қазақ даласы!... Бетпақдаланың төсінде қазір де протондар, темір қалдықтар жаңбырша жауады. Өкінішке орай, сұрауы жоқ.

Үнсіз адам шеруі даламен төпелей тартып барады.

«Қайда барасыңдар, тұгандар?» дөп айқай салдым. Ешкім жауап қатқан жоқ.

Үнсіз дала талып жатыр...» (Роллан Сейсенбаев)

Тұған жердің қарғысына қалмасақ болғаны! Қарғысына... Қазақтар!

Әкім ағаның (Тарази) естелігінен. Мәскеуден Алматыға қайтарда үш күн бойы екі

кісілік бір купеде Ғабит аға Мұсіреповпен армансыз-ақ сырластық. Сол әңгімелердің бір түсінда мен Ғабеңе қайраң қалдым. 1932 жылғы аштықты әңгімелеп отырып, Өзбекстан мемлекетінің аш қазақтарды өзбектендеру саясаты туралы сез болды. Аштардың балашағасын бір пүт күрішке, бір пүт талқанға сатып алушылар көп болыпты. Алғаш оларды құлғып ұстап, күнғып ұстап, келе-келе өз аттарына жаздырып ұл-қызың қып алушылар аз емес екен. Сол мәселені шешіп келуге екі адамды Қазақстан үкіметі Ташкентке жіберді. Бірі – Шымкент облысының сол көздегі басшысы екен. Екінші – Ғабең. Шымкент облысының басшысы туралы айтқанда Ғабең кекетінкіреп сөйлемеді.

– Аты-жөні есімде қалмапты, – деді. – Бірақ ұзын бойлы, көлбетті, мұртты кісі еді. Қылыш асынып жүретін... – Осы арага келгенде Ғабең көзінен әлде бір кекшилдікті байқап қалдым. – Өумесерлеу жан еді. Өзбек үкіметінің отырысына барғанымызда, сол қылышын тастаған жоқ. Жалғыз қылышпен өзбектерді жасқандырам деді ме, жарықтық.

– Ғабең мысқылдан күлді. – Өзбек үкіметі мүшесінің бірі:

– Аш жүрген қазақтарынды түгел қайтарып береміз. Бірақ сендер бізге Сырдарияға дейін бос жатқан жерлерінді беріңдер! – деді.

Сол сөзді естігенде, мен аңтарылып отырып қалдым. Күткенім: Ғабең де, Шымкент облысының басшысы да бүлқан-талқан

ашуланған шығар деп ойландым. Бірақ Ғабең өшбір шамырқанbastan:

– *Әлгі әумесерім, қылыш асынған әумесерім:*

– *Мә, сендерге жер! – деп үш саусақтан комбинация көрсетті!* – *деп сықылықтап күлді.*

– *Сырдария – қазақ пен өзбектің арасындағы табиғи шекара,* – *деді Ғабең маған тесіле қарап отырып.*

– *Бос жатқан жер. Келісе салуымыз керек еді дегені. Жан дүнием қопарылып кетті. Миым шыңылдалап, біраз отырып қалдым. Ғабеңнін аузынан шығатын сөз емес еді. Ғабең деген ұлы тұлғаны еске алғанда осы бір келеңсіз жай да ере келеді мениң есіме. Әруағын сыйлаймын. Бірақ әруақ ақиқаттан биік емес қой. Ақиқат – Алланың бір есімі».*

Күнделік дәптерден. Қайран ұлы дала, қазақтың алтын бесік Атамекені! Бір шаршы метр жеріндегі қазақтың он жігітінің, жүз шаршы метр жерінде жүз жігітінің, барша қасиетті жеріміздің топырағы сан мыңдаған атабабамыздың маңдай төрі мен алқызыл қанымен суарылған.

Ерте көктемде қазақтың сайын даласы қызылды-жасылды, алқызыл түске бөленеді. Алыстан көз салған жанға жер-ана төсі алқызыл дақтарға малишынып жатқандай, жақындарап келіп қарасаң сансыз қызғалдақтар қоңыр салқын самалға еркелей тербетіле сұлулық пен нәзіктікің қоспасындаі көңілгө ләззатты сезім ұялатады. Қиялыша қанат бітіріп, көкірөгіңе

тажайып сүйіспеншілік сазын құяды.

Жер ананың төсін жарып шыққан нәзік сабакты әсем гүлдер алқызыл түсті қайдан алды екен? Қазақтың сайын даласын қорғап, опат болған батыр бабаларымыздың ағызған қаны емес пе екен бұл?

Жер-ананың әр көктем сайын исі жұпар аңқыған, алқызыл қызғалдақты шешек атқызып, бүгінгі үрпаққа, бізге, ұлан-ғайыр жергө мұра етіп қалдырыған ата-бабаның төгілген қаны мен аққан терін ұмытпасын, жадында сақтасын, естен шығармасын деген үнсіз ишарасы шығар, кім білөді?

Қасиетінен айналайын батыр ата-бабаларымыз тұмақтарын жалпылдатып, жан беріп, жан алысып жүріп бізге осынау ұлы даланы мұра етіп, көздің қарашиғындаи сақтауды, жат жұртқа сыйламауды, сатпауды аманат етіп кеткен еді. Сол ата-баба аманатын орындауға лайықты үрпақ бола алдық па, жоқ, әлде...?!

Қазақтың құба жоны мен ару даласына қызықлаған жау кемде-кем шығар-ау, әсте. Елімізге көз аларту, бейбіт тіршілігіне сөмсер сілтеу дүркін-дүркін қайталанып отырды. Қайсар халық жат жұрттықтардың арамза ниетін білегінің күшімен, наизасының ұшымен, ақыл-парасатымен қайтарумен болды.

Қазақ қылыш замандарда, қыын қыстауларды бастан кешіріп, «теңдік», «бостандық», «достық» деп ұрандатқан кеңестік кезеңге дө жеттік-ау. Сөз бен істің арасы тым алшақ екен,

аңқау қазақтың басынан қику кетпеді. Сөт сайын көрініп те, көрінбей де арамза ойларын жүзеге асырумен болды. Ширек ғасырдың ішінде төрт миллиондай азаматын жер жастандырды. Көшбастар көзі ашық даналарын өз халқына «жаяу» етті. Әсіресе, ұлан-байтақ жеріне сұғын қадау жалғаса берді. Өйткені жер – бар байлықтың басы, бүкіл тіршіліктің көзі гой.

Аузы алты қарыс алып қызыл империяның сол кездегі әпербақан бас хатшысы Н.С.Хрущевтың қазақтың солтүстікке шұрайлы жерін Ресейге қосайық деген ұсынысына қазақтың біртуар азаматы Жұмабек Тәшеновтің: «Жер – қазақтікі, Никита Сергеевич, сіз айтты еken деп қол қойып, қолыңа ұстатып бере алмаймын», – деп қасқайып қарсы тұруы рухы биік атабабамыздың ұлттық дәстүріне адалдығы емес пе! Бұл сөз жай сөз емес, халқының мұддесі үшін өзін құрбандыққа шалып, басын бәйгеге тігу болатын. Өйткені коммунистік Мәскөу болса, «таспен атқанды, аспен ататын» Иса пайғамбардың ізгі жүректілерінің қатарынан табылмайтын. Қорқау ойын жүзеге асыру үшін көздескен кедергілерді басып-жаншып көте беретін «жеті басты жалмауыздың» өзі болатын.

Өз ұлттының шынайы перзенті Жұмекенің бұл ерлігі жаугершілік заманда киөлі жерін, тұған өлін қорғауга аттанған, қазақтың мыңдаған сарбаздарының жан берісіп, жан алысатын

ерлігімен пара-пар еді.

Жер тағдыры – ұлт тағдыры. Ұлт тағдыры үшін жауына қасқайып қарсы тұрар ұл туса, Жұмекеңдей болсын! Қазақтың қайсар ұлы – өскелен үрпақта үлгі-өнеге. Үлгі болғанда да қандай өнеге! Тәңдессіз!

Қазақтың қасиетті қара топырағын әр қазақ дәл Жұмекеңдей сүйсе ғой, шіркін!

Құнарлы қара топырақ... Топырақ демекші... Топырақ болғанда қандай топырақ десөңші! Қураған қу томарды шанышсаң көгеріп, жапырақ жайғызатын құнарлы топырақ қой бұл. Иә, құнарлы да қасиетті... Алысқа кеткенді аңсатқан, жат жерде жүргенді бір көруге армандаған қасиетті «Темірқазық» ол.

ХХ ғасырда Канадада өткен ЕКСПО-67 көрмесіне қатысқан мұнайшы маман Саламат Шалабаевтың мына бір естелігі көңілге мұн ұялатады. Мұң емес-ау, көзге жас үйіреді.

«Кеңес одағының ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс болып тұрған кез. Мәскеу Канададағы ЕКСПО-67 көрмесіне құдай жарылқап, Қазақстанды да қатыстыруды үйғарыпты. Делегация құрамында мен де бар болып шықтым. «Ел құлагы елу» дегендей осы көрмеге Атажүрттагы қазақтар да келеді екен деп есітіп, Монреаль қаласына әлемнің әр түкпірінен қандастарымыз бас қосыпты.

Ол кезде бүгінгідей азаматтардың шетелмен өмін-еркін араласуы жоқ. Қызыл

империя – қатаң тәртіпті, темір-бетон қоршауында өз халқын өзі жаншыған жабық мемлекет. Ұшқан құс, жүгірген аң еркін кіріп-шықпайды. Сондықтан тағдыр тәлкегімен шетелдерде тарықтай шашыраған қазақтар Атамекеннөн келген бауырлармен кездесуді мақсат еткен болу керек. Олардың ішіндегі үлкендері келіп:

– Алла Тағала, Жаратқан Ие осындағы қауышудың сәтін салған еken. Бауырлар, біз сіздер үшін осындағы бірнеше қонақ үйді жалдап қойдық. Сонда барып, ас-су ішіп, емінжарқын өңгімелесейік, сағынышымызды, мауқымызды басайық. Мұндай мүмкіндік бола бермес, – деген өтініш білдірді. Бұған біз, жастар жағы елең еткенімізben, үлкендер жағы ыңғай бере қоймады. Ал, делегация басшысы С.Б. Ниязбеков (ол кісі сол кездегі Қазақ ҚСР Жоғары Кеңесі Төралқасының төрағасы) :

– Ниеттөріңізге рахмет. Алайда біздің уақытымыз жоқ. Бара алмаймыз.- деп ұнжырғасы түсө, көңілсіз жауап берді.

– Әттеген-ай, – деп келген қандастар қабырғасы қайыса, қатты өкініш білдірісті.

Осының бәрін естіп-көріп түрған мөн шыдай алмай:

– Аға, онда түрған не бар? Шын ықыластарымен келіп түр ғой, барып қайтайық та, – дедім қызбаланып.

– Әй, қарағым-ай! Сен Кеңес өкіметінің

тәртібін білмейсің той, – деді ауыр күрсініп. Өзінің де қандастарымыздың алдында сағы сынып тұрганын сездім де тілімді тістей қойдым.

Делегация басшысы ынғай танытпаған соң, қалғандары жанарларын төмен салып, жаназа шығарғандай үнсіз қалды.

Үміттері ақталмай, қуаныштары су сепкендей басылған шетелдік қазақтар:

– Амал нешік. Ниетіміз оң өді. Тұған жердің топырағына аунай алмаған соң, тым болмаса сіздермен осында кездессек деген едік, – деп бастарын төмен салып, еңселері түсे кетіп бара жатты олар. Елін, жерін, қазағын аңсап келген шетелдік қандастарымыздың жақсы ниетіне жете алмағанына, өзіміздің бөгденің қас-қабағына қарайлап, босағадағы жетім, жаутаң көз баладай болған бейшара халімізді сезініп, кірерге тесік таппай тұрган кезіміздө, өрілген қос бұрымы тілерсегіне соғылған, жанары шоқтай жанған бір бойжеткен артына бұрылып тұрып:

– Ағатайлар-ай, тағдыр тәлкегінө ұшырап шет жерлерде жүрген біз сияқты көген көз бауырларыңызға арнал Атажүрттан тым болмаса бір уыс топырақ әкөлмеген екенсіздер. Сағынганда көкірегімізге басып, мауқымызды басар едік-аяу, – деді. Мұны естігенде айнала тұрган жүрттың көзіне мөлт-мөлт еткен жас келді. Осы көрініс әлі

күнгө дейін көз алдынан көтпейді. Есімнен шықпайды», – деді Саламат ақсақал даусы жарықшактанып.

Иықтан жанша, еңе өзген бодандық не деген қорлық десенші! Жүрөгіміз елжіреп, көңіліміз хош көріп тұрса да Атажүртим, туысқаным, қандас-бауырым деп келген қазақтармен өмін-еркін қауыша да алмаған қатығез уақыт еді-ау. Бұдан артық қорлық, бұдан артық бейшаралық бар ма бұл өмірде!

Құдайға шүкір дейік, бүгінде біреудің қабағына қарап, жетім баладай жалтақтаған заман қараң қалды! Қазағың тәуелсіздік алды.

Тәуелсіздіктің арқасында қазақты құллі өлем танып, сондай додалы көрмені, ЕКСПО-17-ні, сұлу қала Астанада өткізгелі отырмыз. Бұл ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ арқасы, сайын ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНЫҢ қақ төрінде шаңырақ көтерген нұр қала АСТАНАНЫҢ арқасы. Бұған қуанып, шүкіршілік етейік, бауырлар!!

Лес досым айтады. Ерте көктем. Жер ананың қақаған қысташ құрысқан бойын жазып, төсі иіген шағы, саумал сүттей жылды жаңбырдан соң марқа қозының құйрығындай аппақ қозықұйрықтардың қаптаған кезі.

Немерем: «Қозықұйрық теруге барайықшы, ата», – дөп қыңқылдап қоймаған соң, меселін қайтармайын деп, әрі десе майға баптап куырылған дәмі тіл үйіретін таңсық асты мен де шөт көрмейтіндіктен, оның ұсынысын хош көріп, жолға шықтық.

Қаладан – 50-60 шақырымдай жол журіп, Қазығұт тауының бауырындағы кең алқапқа келіп тоқтадық. Айнала жасыл желекке бөлөнген, құлпырып тұр. Немеремнің қуанышында шек жоқ.

Үйдистарымызды ыңғайлап, іске кіріскелі жатқанымызда бір салт атты бізге қарай жосытып келе жатқанын байқадым. Ойымда еш нәрсө жоқ. Іштей: «Мал іздеген біреу шығар» дедім де қойдым. Ол әні-міні дегенше салып ұрып касымызға жетіп келді. Иығында асынған қосауыз мылтығы шошаяды. Аузы-басын түк басқан, құс тұмсық, шегір көз, түрі сұық жігіт амандық-саулық жоқ:

– Не қылған адамсыңдар? Қане табандарыңды жалтыратыңдар бұл жердөн, – деді қамшысын кекке білеп.

Мына шегір көздің бізді басынып тұрғанына тыз өте қалған мен:

– Ей, сен қашаннан бері құдайдың жерінә қожайын болып қалғансың бізді қуатын, – дедім ашуға булығып.

– Әй, қаусаған шал, бұл құдайдың жері емес. Бұл Могомедтің жері, біліп қой.

– Могомедтің кім, тағы?

– Осы алқаптың иесі ол. Сатып алған бұл жерді. Бұл маңдағы жүгірген аң, ұшқан құс ендігі жерде Могомедтікі, білдің бе? Жекөшелендіріп алған. Заңды құжаттап берген өкімет. Жақсылықпен қараларыңды батырыңдар, әйтпесе... Күш қолданамын дегендей

мылтығына қол жүгіртті.

Өз жерімде өгей бала кейпіне түскеніме зығырданым қайнап:

— Өйтпесе не? Атасың ба? Ат онда. Кеше ғана тағдырдың тәлкегіне ұшырап, азып-тозып келгеніңде төрімнен орын беріп, бір үзім нанымызды бөліскең едік. Енді тоғынған көзіңде бар қайырды ұмытып, мылтық кезенейін дәдің бе? — деп көкірегімді тосып, тұра ұмтылдым.

— Ата, ататай, қойыңызышы, кетейікші, — дәді немерем зәре-құты ұша мені құшақтай алып.

Менің іс-әрекетімнен, болмыс-бітімімнен ғибрат алатын, әлі оңы мен солын танымаған ұрлағымның алдында ақылды ашуға жеңдірмейін деп лап еткен сезімді зорға тежедім. Қабыргам қайыса, жан дүнием өзіле, ұңжырғам түсे машинаға келіп отырдым. Әлгі аузы-басын түк басқан, шегір көз дүлей өзінің шоқтығының биіктігіне, біздің шарасыздығымызды мейманасы таси, миығынан кекетө куліп шығарып салды. Шығарып салған жоқ-ау масқаралап ит қосып қуып шықты.

Күнделік дәптерден. Өзіне өріс бермейтін, өзгеге өзегін үзіп беретін, қайран жүртый-ай, қайтейін...! Бұл қасиетіңе не дейін? Не дейін-ау, не дейін?!

Ираннан келген қандасымыз Әмин айтады: «Мен Иранда дүниеге келдім, көз ашып көргеннен қоғамдағы адамдар арасындағы, әсіресе жергілікті ұлт пен тағдыр тәлкегіне

ұшырап келгөн біз сияқты бөгде жамағаттар арасындағы теңсіздікті көріп өстім. Ата-анамыз отбасында қазақ тілінде қарым-қатынас жасайтындықтан, менің де тілім ана тілінде ұшталды.

Мектеп жасында жергілікті тілді жете менгермегендіктен, мұғалімдердің сыныптас балалардың мазагына ұшырадық. Көрген келемежіміз еттен өтіп, сүйекке жеткенде көз жасымды көл ете отырып әкеме: «Әке, жастайымнан неге маган парсы тілін үйретпегенсіңдер. Қазіргідей қор болмас өдім», – дейтінмін. Ол: «Балам, сен қазақсың, ирандық емессің. Сондықтан сен өз тіліңді, қазақ тілін білуің қажет. Әке өлгенде, артындағы ұрпағына үйі, жері, малы, домбырасы, мұра болып қалмақ. Ал алдыңғы ұрпақ кейінгі ұрпаққа тілді, ана тілін мұра өтіп қалдырады», – дейтін әкем.

Бір күні мектептен үйге келген соң әкеме иран тілінде амандастым. Ол: «Ей, атаңа нәлет! Менімен құлдың тілінде сөйлеме былай!» – деп ұрысты қабағынан қар жауып. Сол-сол екен екінші рет әкеммен тек ана тілінде сөйлесетін болдым. Сондықтан жат жердө жүрсек те, тілімізді ұмытпадық.

Ашуы тарқап, жайма-шуақтанған кезінде мен: «Әке, парсы тілін неге құлдың тілі дедіңіз», – дегенімдө ол ауыр курсініп барып: «Е-е балам-ай, қазақтың кең жазиралы даласына кім көз алартпады дейсің. Кезінде талай елді басып алып, жазықсыз жандарды қан қақсатқан залым

парсы патшасы Кир Тұмар ханымға (Томирис) елші жіберіп: «Маган тұрмысқа шық. Екөуміз парсы мен сақ елдөрінің басын қосып, бірігіп билейік», – дед хат жібереді.

– Әке, Тұмар ханым деген кім?

– Ол көзсіз батырлығымен қоса, елінің ертөнжін тереңінен ойлай білетін даналығымен аты аңызға айналған сақ елінің патшайымы. Біздің арғы тегіміз. Аяулы апамыз.

Кирдің мақсаты сақ елін жаулап алу екенін түсінген Тұмар ханым: «Мен өз елімнің патшайымымын. Менің ілгендім – елімнің ілгени. Ал, мен еліме қыл бұрау салдыртпаймын, ата-баба аруағы жатқан қасиетті жерді жаттың табанына таптаптаймын, қорлатпаймын. Соны есіңде сақта!» – дед жауап береді жауайбынынан тайсалмай.

Көзіне топырақ толғанша дүниеге тоймайтын шах айласын асыра алмаған соң, асау қызды найзаның ұшымен жуасытпақ болып, құмырсқадай қаптаған өскерін өл іргесінө бастап келеді.

Сайын даланы сансыз тұллар тұяғының дүбірі, сарбаздардың аттандақсан ұраны, сәмсерлердің сыңғыры, жаралылардың аянышты айқайы кернеп кетті. Әр сілтенген сәмсер, әр тартылған жебе біреудің арқа сүйер әкесін, біреудің сүйген жарын, біреудің жар дегенде жалғызын баудай түсіріп жатты. Жетімдер мен жесірлерді қаптатты. Жер ана қызыл қанға боялды.

Сақ сарбаздарының қатары сиреп, парсылардың бел алып бара жатқанын байқаған Тұмар ханым «ер аналар» деп аталағы кеткен қыз-келіншектерден тұратын, жастайынан өскер өнерімен тәрбиеленген жасағына: «Еркін сақ елінің арулары! Елің мен жерінді, арың мен нағызыңды қорғайтын кезің келді. Біріңнің әкең, біріңнің жарың, біріңнің бауырың мына қанды қырғынның ішінде жүр. Бұларды біз қырғызып қоямыз ба? Жанымыз олардан ардақты емес. Суырыңдар семсерлерінді!» – дег өзі бастап қан майданға араласты.

Таудан аққан тасқындағы жойқын тың күш жолындағысын баса-көктеп ата жауын тасталқан етті. Кердеңдеген Кирдің басы үзіліп, батыр апамыздың табанының астында жатты. Жеңілген елдің тілін құлдың тілі демегендеге не дейін, – деді әкем.

Жат жерде жүрсе де ата-анамның рухының биіктігіне, нағызының тұғырлылығына, қазақи салт-дәстүрге, ділі мен дініне беріктігі таңдандыратын. Өз халқының өткені мен кеткенін тереңінен толғай алатыны қайран қалдыратын мені.

Жергілікті балалардан себепсізден- себепсіз зорлық көрген кездерімізде ата-анамызды шағынып келгенімде олар: «Балам, шаңыраққа қарамайсың ба, төр солардікі, жөргілікті иттің де құйрығы қайқы көлеттінін білмейсің-ау, сорлы бала», – дейтін анам.

Бала кезімізде өзімізге асқар таудай

көрінетін ата-анамыздың әлгіндегі жұмбақ сөздеріне де, сөзімізді сөйлеп, ақымызды әперуге дәрменсіздік танытатынына түсіне бермеуші едік. Ержете келе, мүшкіл халіміздің, шарасыздығымыздың басты себебі табан астындағы басып жүрген топырақтың біздікі еместігінде екендігін түсіндім.

Әке-шешем бесіктен белім шықпай жатып туған халқымның тілін, қулақ құрышын қандыратын ән-күймен сусындастты. Сонау алыста менің де атамекенім барын, ақпейіл де адап, дарқан қазақ деген халқым барын санама сіңірді. Олар: «Тағдыр солай болған соң амал қанша, туған жөрден айрылып, талай таудан асырып, тауқімет тарттырып жат елден бір-ақ шығарды бізді», – дейтін анам мұңайып.

«Әке жолын өзіме-ақ калдыр, балам. Өз соқлағыңды тап. Өзіңнің үйірінді ізде. У ішсөң руыңмен деген бар», – дейтін әкем

«Жат жерде сұлтан болғанша, өз еліңде үлттан бол. Есің барда еліңді тап. Біз секілді өмірінді өкінішпен өткізбе», – дейтін әке-шешем.

– Қай жерде менің елім, не деп аталағы ол..?
– деп сұрайтынмын мөн олардан:

– Қазақ Елі «Қазақстан» деп аталағы.

– Қай жерде орналасқан «Қазақстан»?

– Ертіс пен Еділдің арасындағы атырап.

– Ертіс пен Еділіңізді білмеймін ғой мөн, – деймін. Олар:

– Арқа мен Алатаудың арасы- қазақтың алтын бесік Атамекені.

– Арқа мен Алатау Иран жағрафиясында жоқ қой. Ол қай жер? – деймін елімнің кай жерде орналасқанын біліп алғым келіп.

– Қытай мен Ресей сияқты алып мемлекеттердің арасындағы ұлан-ғайыр өлкө Қазақ Елі.

– Әке, күні бүгінге дейін «Қазақстан» деген мемлекеттің бар өкенін, есітпедім мен, – дедім.

– Е, балам, – деді әкем ауыр күрсініп, – өкінішке орай ол бүгінде Ресейдің қарамағында.

– Бейшара болған ата-анам-ау, өз қолы өз аузына жетпеген, бөгде жамағатқа кіріптар халқымыздың бесік жыры мен әндерін, тілі мен ділін маган несіне үйретумен келесіңдер онда, онан да...

– Не айтайын дегеніңді білем, балам, – деді әкем сөзімді бөліп, – онан да парсының тілі мен ұйлін неге үйретпедіңдер демекшісің той. Сөн қазақсың, сондықтан өз халқыңың күйін күйлеп, жырын жырлағаныңды мақұл көрдік. Батыр да ер жүрек халқың тұрганда өз шаңырағын көтерер, үмітсіз шайтан деген. Сонда әлгі біз үйреткендер кәдеге асады, әлі.

Кейде анамнан ел жайында айтып беруін өтінөтінмін. Ол мұндаиды әжімді жүзі жадырап, сөнуге айналған жанары ұшқынданып: «Қазекемнің ұшы-қырысыз дарқан даласының шүйгін де, құнарлы шөбін айтсайшы! Оған коңданған малдың майлы еті аузыңа салдырмайды-ау, салдырмайды. Иси мұрын жаратын жусаны кандай көрөмет! Әлемнің

төрт бұрышын шарласаң да таппайсың ондай жұпар иісті. Қектемде қызғалдақтың көптігі сонша- алыстан көз салған адамға жер ана төсі лаулаган өртөніп жатқан секілденеді.

Не жазығымыздың барын білмеймін, жаратқанның қаһарына ұшырап, бармаған жеріміз, баспаған тауымыз жоқ. Алайда туған жердей жер жаннатын көргеніміз жоқ. Енді көрмейміздө-ау, – дейтін көкірегі қарс айрылып анам жарықтық.

Әкем сәждеге басын қойған сайын: «Oh, жаратқан ием, жамбасымды туған топыраққа тигізө гәр», – деп көз жасы әжімді бетін жуып мінәжат ететін.

Ата-анамның маған айтқан өситетінің алтын арқауы «Туған жерсіз көкірек-жүрексіз құр бос кеуде, туған жұртсыз адам – құр сұлде».

Бала күннен ата-анам арқылы берілген тәлім-тәрбие, үлгі-өнеге, ата жұртқа деген сүйіспеншілік жүрек түкпірінде өмір сүріп, қиялымға қанат бітірді. Оң-солымды таныған сайын, еселей арта түсті Қазақ Еліне деген махаббатым. Өмірдің бар мән-мағынасын, нәрі мен мазмұнын «Қазақ Елі» деген сөзбен байланыстырудым. Мен қазақ деген халықтың перзенттімін, сондықтан өз жұртсыма қосылуым керек деп шештім. Таршылық та болар, қынышылық та кездесер өз халқым не көрсө соны көрермін. Ең бастысы жат жерде жүріп көрінген біреуден «Ей, монгол» деген кемсіткен, қорлаған сөзін естімейтін боламын.

Осылайша үзенгіге аяқ салып, атқа отырғаныммен, журер соқлағымды таптай дал болып жүргенде Қазақ Елінің егеменді ел болғаны жайында хабар естідік теледидардан.

Сол күнгі қуанышымызды сөзбен айттып жеткізу мүмкін емес. Кемпір-шал дауыс салып жыласын. «Өлгеніміз тірілді, жоғалтқанымыз табылды» дөп.

– Ау, бұларың қалай? Қайта қуанбайсыңдар ма қазағымыздың жеке шаңырақ көтергеніне, қызықсыңдар ма? – десем. Олар:

– Ұлы атаң мен әжең арманда бол жетпей кеткен күн туды, байғұс балам. Айымыз онынан, күніміз соңынан тұған күн. Өмір бақи отырсақ ойымыздан, жатсақ түсімізден шықтайтын бостандық таңы атты. Қорқыныш пен қуаныш бірдей деген, бұл қуаныш жасы. Бүгіннен бастап өлсөк тө арманымыз жоқ. Ғнді біздің дө іздөріміз, сұрапарымыз бар. Жаратқанның мұнысына шүкір, – деп кемсеңдеп, көз жастарын көл өтсін кемпір-шал.

Қуаныш құйыны саябыр тапқан шақта әкем:

– Ал, балам, біз тағдыр тәлкегіне ұшырап, бөгде елде, жат жерде түтін түтетіп, тіршілік тауқыметін тарттық. Еш жерде көсегеміз көгерген жоқ. Әркімге көз түрткі болып, күн көрістің күйі тірлігін бастан кешірдік. Еңсе көтеріп өмір сүрмөдік. Тауқыметтен көз ашпадық. Өйткені шаңырақ біздік емес, басқанікі болды.

Біздің кәрі қойдың жасында жасымыз қалды.

Сен әлі жассың, бар өмірің алдыңда. Өз жұртың егемендік алды. Енді есің барда еліңді тап. Ата жұртыңды тамыр жайып, тұтін тұтеткенің жөн.

Әмір бойы тірнеқтеп жиган азын-аулақ қаражатым бар. Ала кет. Кәдеңе жарап. Тұтінің түзу шығып, жағдайың түзелсе, бізге өлдің бір уыс топырағын бұйыртарсың, одан басқа арманымыз жоқ біздің, – деді.

Сол күннен бастап Атажұртқа ат басын бұруға дайындала бастадым. Жылға жақын құжаттарымды дайындалап, уң дегенде Қазақ Еліне баруға рұқсатқа да қол жеткіздім.

– Жортқанда жолың болсын, Қыдыр ата жолдасың болсын, ел-жұртқа бізден дұғай сәлем айта бар, – деп шығарып салды әке-шешем.

Қоштасар сәтте сабырлы да салмақты болып көрінуге тырысты олар. Өздерінің ықтиярымен сонау бала кездерінде амалсыздан көз жазып қалған Атамекендөріне аттанып бара жатсам да ішкі сезімдерінің асташ-кестен болып жатқандығын жасаураған жанарлары хабардар етіп тұр. Ұлы мұратқа қол созып бара жатқан перзентіне деген ата-ананың лезде шарпып өтетін, лып етпе қимастық сезімі еді бұл. Мен де мәз өмеспін. Ішкі дүнием боз-боран. Алда не күтіп тұр? Дүниеде маган жаны ашитын жандар кездері жаутаңдап қалып барады. Алайда екі жақты да сабырга шақырып, тәуекелгө бел байлаташып тұрған Атажұртқа деген сағыныш пен үкілі үміт.

Тегеран – Шымкент бағытына ұшатын ұшаққа құжаттарды рәсімдеу басталды. Мен кезекке тұрғаным сол еді, бір топ иран жігіттері дабырлай көліп:

– «Ей, моңғол», саған не жоқ, сен бізден кейін рәсімдерсің билетіңді, – деп қол жүгімді лақтырып, өзімді кимелей ығыстырып жіберді. Он шақты даражыланған оспадар жігітке не қайрат көрсетпекпін. Жалғыздың үні шықпас деген осы. Ол жақта біз сияқты бөгде жүрттың сөзін сөйлеп, қол ұшын берер пендे жоқтығын бесіктен беліміз шыққаннан көріп өскенбіз, көндігіп өскенбіз. Бұл бұл ма? Бұдан да сорақыларын бастан көшіргенбіз.

Мыналардың көрсеткен қорлығына күйініп, өзімнің қорғансыздығыма ұнжырғам түсіп, көзектің соңына барып тұруға мәжбүр болдым. Әкемнің: «Балам, шаңыраққа қара, төр солардікі, амал жоқ!» деген сөзі есіме түсті. «Бірер сағаттан соң мен де өз шаңырағымның астына баармын, менің де өз Атамекенімө табаным тиер» деген ой бойыма еселей қуат құйып, жігерімді жаныды. Жаңа ғана көрген қиянатқа қарсылық көрсетпегеніме, құлдық, көмбістік танытқаныма өкіндім! Енді бірі тиіссе, жағасынан ала түспек ниеттемін. Бірақ әлгілердің менімен іci болмады. Өзара тәжікелесіп, бірін-бірі келемежде, құжат рәсімдеу залын бастарына көтерумен болды.

Бүкіл жолаушылар ұшу аланына шықты. Сонадайdan бауырына «KAZAKHSTAN» деп

жазылған ақ қанатты ақ ұшақ көзіме оттай басылды. Қуанғаннан жүргегім кеудеме сыймай аттай тулады. «Менің егеменді елімнің, Ата жүрттымның ақ қанатты ақ ұшағы» деймін іштей қайта-қайта. Кеудемді қуаныш кернеп, тәбем кекке жеткендей болды. Мұндай күйді басынан кешірмеген адам қайдан білсін? Тілмен айтып жеткізу мүмкін емес ол қуанышты.

Ұшаққа енуім сол-ақ еді, радиодан баяу ғана әсем ән беріліп тұр екен. Жастайымнан сіңісті болған таныс саз. Тұған елін, өскен жерін сағынғанда анамның салатын әні. Дәл сол. Мен оны жазбай таныдым. Оркестрмен сүйемелденген халық әні ерекше мақаммен құбылады. Онсыз да шарықтаған көңілімді желпінтіп, қиялымға қанат бітіреді.

Жат жerde жүрсе де, халқымның құлақ құрышын қондырап сұлу ырғақ, әсем әуенін бойыма сіндірген асыл анамның үлттық өнерге адалдығына тәнні болдым іштей.

«Өз шынында қалықтамай өлексө жеген құзғындардың арасында жүрген қыран қыран емес. Өз халқының әнін салмаған адам адам емес», – деп отыратын анам.

Ұшақ салонын тәтті қиялға бөлөген сұлу әуен үзілді. Сәл үнсіздіктен соң қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде үшқалы тұрған ұшақтың бағыт-бағдары, жолаушыларға қызмет көрсететін ұжым жайында мәлімет берілді радиодан. Ұлы тілдердің қатарында менің де ана тілім үзенгілес тұрғанына масаттанып, жан-

жагыма қораздана көз тастадым.

Жат елде жүрсө де ата-бабадан жалғасқан желі үзілмесін деп ана тілінің қадір-қасиетін танытқан ата-анамның ұлттық рухына риза болдым ұшақ үстінде. «Олар маган тіл үстартқандағы мақсаты күндердің бір күнінде кәдесіне жаратар, ұлттық қасиеті мен тек өзіне тән қазақи ерекшелігінен мактум болып қалмасын деп үйреткен екен-ау», – деп ойлаймын бүгінде.

Ақ қанатты, ақ ұшақтың үстіндегі көтеріңкі көңіл күйдің көрігі Егеменді елімнің шарапаты екенін жан дүнием елжірөй сезінеді.

«Жат жерде дүниеге келген бір перзентің ұшып келеді, Атамекен! Қалай қабылдар екенсің, Атажұрт! Әуелі қабылдар ма екенсің мені? Жоқ өлде...», – үміт оты бір жанып, бір сөнеді. Бір жанып, бір өшеді.

Осындаид әре-тәре ой үстінде отырғанда, ұшақ радиосынан: «Қымбатты жолаушылар, ұшақ Шымкентке қонуга бет алды. Қауіпсіздік белдіктерін тағынуларыңызды сұранамыз», – деп қазақша, орысша және ағылшынша хабарлады.

Шамы самсаған қаланы көремін ғой деп тerezеге үңілдім. Жылт еткен от көзге түсер емес. Тұнғызық қара түнекке сұңғіп келеміз.

Бір кезде ұшақ дөңгелегі жерге тиді. Ұшақтың дөңгелегі жерге тилюі мұң екен, бір шаттық сезім тамыр-тамырымды қуалай жәнелді. Жұдырықтай жүреғім кеудемді

соққылап, бостандық сұрағандай. Бұл алай-дүлей нениң әсері? Ұлы ата-бабамның сайын даласына алғаш рет табан тіреген қуанышының әсері ме?

«Армысың Атамекенім мен Атажұрттым. Менің әке-шешемнің исі бұрқыраған жусаныңды құмарта исікеуді аңсаған, ақыреттө бір уыс топырағың бұйыруын армандаған қасиетті Жер ана», – дедім тебірене.

Жат жерде қалған ата-анамның туған елі, өскен жері жайында айтқан өситеті мен көрсеткен өнегесі есіме түсіп, ойдың ұшы-қыры жоқ тұнғызық түкпірінен қайта бетіне қалқып шықты. Қазақ Елі мен дарқан даласын сүюді бала жастан көкейіме құйып келген, көкіректерін туған жеріне деген сүйіспеншілік кернеген шерменде әкем мен шешемнің сонау бөгде елде қалып қойғаны, қоштасар сәтте көздері жасаурап, діріл қаққан қолдарын көкке жайып, бата бергендері есіме түсіп, бір сәт қамығып та қалдым.

Ұшақ дөңгелегі Шымкент әуежайына тилюі мүң еken, Тегеранда тайраңдаған жігіттерді әлде бір күштің мысы басқандай даурықла қалжың, оспадар қылтық, дарақы құлқілері сап тыйылды. Бір-бірімен сыбырласа үн қатысып мұлайім күйге түсті де қалды. Мен қайранмын.

Әкемнің: «Балам, шаңыраққа қара, төр солардікі!», – деген сөзі есіме түсіп, бұл сөздің мәнін енді түсінгендей болдым. Бұл жердегі шаңырақ та, төр де қазақтікі. Мұнда көргенсіздік көрсетуге, шектен шығуға

болмайтынын біледі олар.

Өмір деген қоштасу мен көрісуден тұрады. Қоштасу адамды мұңға бөлесе, көрісу қуанышқа кенейді. Ұшақтан түскен көп жолаушы қарсы алған тұған-туысқандарымен қауышып, мәзмейрам болып жатыр. Мені шығарып салушылар болғанымен, күтіп алушы болмағаны белгілі. Өйткені мұнда дос-жорандарым мен ағайын-туғандарым жоқ.

Атамекенге табан тіреген кездөгі бойды көрнеген қуаныш бірте-бірте сейіліп: «Ата жүртта мені не сыбаға күтіп тұр, қол ұшын берер пенде жоқ, тағдырым не болмақ?» деген ой бір сәтке қамықтырғандай болды. Әр жерде өлеусіреген шамдар да үміт отын тұтандыруға пәрмені жетпей, қайта жабырқата түскендей. Әре-тәре көнілмен күңгіртеу күтушілер залына келіп жайғастым. Әлгі мұсәпір күйгес түскен ирандық жігіттер де осында еken. Мен сияқты атар таңды осында күтпек болған тәрізді. Баяғы дарақылық ізім-қайым, сахараның құмына сіңген судай, күбір-күбір, сыйыр-сыбыр мұсәпір күйге түскен. Оларды осынау күйге түсіргөн ненін құдіреті? Оларды жуасытқан ненің кереметі? Әрине ол ата-бабам үрлағына мұра етіп қалдырған ұлан-ғайыр жерінің құдіреті ғой дөп топшыладым мен. «Мен де сол үрлақтарының бірімін. Өз жерімді баса отырып, мен неге қамығам? Неге жабырқауым керек?» деген буырқанған ой бауыры сұық қара жердің астынан күнге қарай жол тапқан өсімдіктің нәзік

сабағы сыйылды көктей шығып, көнілдөгі күдікті сөйілтіп жіберді. Сәттілік те, сәтсіздік тө кездесер өмірде. Алайда мен өз шаңырағымның астында тіршілік етуге келдім емес пе? Өз төрімде...

– Құрметті жолаушылар, – деген полицейдің сөзі бөліп жібереді ойымды.

– Күтушілер залында үйиқтауға болмайды. Қол жүктөрінізге өзір болыңыздар! – деді. Сөл кідірістен соң:

– Арапарыңызда қазақтар бар ма? – деді.

– Бар аға, – дедім орнынан тұрып, әлде бір кібіртік, жасқаншақтық бойымды билеп, – мен қазақтын, көке.

– Жүктөрінді алып, бері шық, – деді бірден даусы жылып. Даусы жылыды ма, жоқ әлде маған солай көрінді ме, әйттеуір журегім бір жылылықты сезгендеймін.

Жап-қарық бөлмеге бастап келген әлгі жігіт ағасы құжаттарымды тексеріп болып:

– Ал, Әмин, Атамекенің көлуіңмен құттықтаймын, түбөгейлі келдің бе, жоқ әлде алыс-жақыннан ағылып келіп жатқан көптің бірі сияқты нәпақа төруге келдің бе?

– Атажұрттымның басы болмасам да, сайының тасы болайын деп келдім, көке.

– Солай де, сайының тасы болайын деп келдім де. Онда жарадың. Бетіме таңдана қарап тұрды да, – Шөтте журсен де қазақшаға ағып тұрсыңғой, – деді.

Сол кезде ағаның соншалықты разы

болғанына түсінбедім де. Сөйтсем Атамекенде туылып, атажұрттың ортасында өссе де ана тілінен мақрұм қалған қандастарымыздың бар екенін мен кейін білдім ғой.

– Көке, мені не құдай ұрыпты ана тілін білмей. Шет жерде туылсам да бесік жырын естіп өскенмін анамның.

– Солай де, бесік жырын естіп өстім де. Ал Атажұрттыңа келуіңмен тағы да құттықтаймын, бауырым, – деп орнынан тұрып, жанарынан мейір оты төгіле, қолымды сілкілөй қысты.

«Бауырым» деген сөзді естігенде тұла бойым шамырқанып, сөзben айтып жеткізгісіз күйге түстім. Тамагыма бір түйін кептеліп не жауап қайтарымды білмей, тұтылдым да қалдым. Қуаныш жасы кірпігімә ілініп барып, төмен қарай домалай жөнелді.

«Қабылдады... жат жерден келген бір перзентін Атажұрт қабылдады», – дедім іштей ет-бауырым елжірей тебіреніп.

Күнделік дәптерден. Қазақ Елінің сонау тәй-тәй басқан сәби шағында, қыыншылықтар шаш етектен болса да, егемендіктің тәтті дәмін татқан кезінде келген Әмин бүгінде жүздеген жанға жұмыс орнын ашып, тасы өрге домалаған білікті көсіпкер. Алматы, Қарағанды және Шымкент қалаларында сауда нұктслері бар. Миллиондалап табыс салығын тәлеп, Ата жұртының гүлденуіне өз үлесін қосып көледі.

Қазақтың қара көз аруымен шаңырақ

көтеріп, үйөлмелі-сүйелмелі төрт бірдей ұл-қыз өсіріп отыр ол.

Кейде мен Әминнен: «Бақыт деген не?» – дед сұраймын. Ол:

– Мен үшін бақыттың үш түрі бар. Біріншісі, табаныңың астында өзіңнің туған жерің болып, дүниенің төрт бұрышына емін-еркін көз жібергенге не жеткен! Екіншісі, қайталаңбас, тек өзіңе тән салт-дәстүрі бар Атажұрттыңың болуы. Үшінші, одан басқа бақыттар.

Құнделік дәпптерден. Ұлы далам болмаса, ақ қанатты, ақ ұшақтың бүйіріне жазылған «KAZAKHSTAN» атты ел болмас өді.

Ұлан-гайыр жерім болмаса, алтын кірлікті күн астында қалықтаған қыранды көк байрағым болмас өді.

Сайын далам болмаса, қазагымның аузы болса да тілсіз, даусы болса да үнсіз мәңгүрттөнгөн тобырга айналар өді.

Ұлы далам болмаса,...

Лес досым айтады. Бегман, тұнғышымнан кейінгі сүйікті қызымының есімі Қарлығаш екенін білесін. Мен оны үшкір қанатты, ақшыл төсті, сүп-сүйімді қарлығаштай құсты сүйіп өскендіктен солай атаган едім.

Қарлығаш ерте көктемде туған өлкесіне келіп, үй bogаттарына үя салып, балапан басатын. Шіркіндердің тамылжыта сайрағанын айтсайшы! Нәп-нәзік көмейден төгілген әсем әуезді тыңдаудан жалықпайсың-ау,

жалықпайсың. Оның жемтігін ұшып жүріп қағып әкететін ұшқырлығына таңдана қарайтынмын, бақшаларды құрт-құмымырсқадан арылтатын қасиетін айтсаңшы!

Бүгінде адамға үнемі жақын жүретін сол қарлығаш ауылға мұлдем жоламай кетті. Бауыр басқан, туып-өскен жерінен нөгө безінді өкөн, ол шіркіндер! Оны елден айырған лашын құстрың екпіні ме екен? Лашын болса да мейлі еді-ау. Ол да төре құстардың бірі ғой. Өкініштің Қытайдан ба, өлде Ауганнан ба ауып келген шаруаға зияны шаш етектен алақанат бажылдақ құстан озбырлық көргені болып тұр ғой.

Былтыр, жоқ бұрынғы жылы болса керек біздің үйдің, богатына қарлығаштар үя салды. Бірнеше аптадан соң ұядан балапандардың өлсіз шиқылы естіле бастады Ата-анаңы тынбай құрт-құмымырсқа тасуға кіресті.

Бір күні алақанаттардың бажылдаған, қарлығаштардың үрейлене шиқылдаған дыбыстарын өстіп, сыртқа атып шықтым. Алғашқыда еш нәрсеге түсінбей: «Неге бұлар осынша шулап кетті» деп зер сала қарасам, өз көзіме өзім сенбей сілейіп тұрып қалдым. Байқасам, әлгі алақанаттар ұядағы сары ауыз шақалақ балапандарды шетінен бір-бірлеп тырбаңдата шиқылдатып алып кетіп жатыр екен. Кейбірі балапандарын арашаламақ болып зар илеген қарлығаштарды қақпайлап жолатар емес.

Мен ес жинап көмеккө үмттылғанымша, ұяны

тып-типыл етті.

Балапандарынан айырылған қарлығаштар екі күндей сай-сүйегінді сырқыратар жоқтау зарын төкті де, үшінші күні ізім-қайым жоқ болды. Сол сол екен, қарлығаштар туған өлкесіне былтыр да, биыл да мұлдем жоламай кетті.

«Қанатты достардан» біз осылайша көз жазып қалдық.

Уақыт өткен сайын асылдарымыздан бірте-бірте көз жазып қалып жатырмыз. Таңданарлығы сол: біз оған өкінбейміз де, өйткені мұндайға етіміз үйренген.

Амангелді досым айтып еді. Аспирантым ойдағыдай қорғап, көңіл жайланаң өлге қайтуға ауежайға келдім. Ертерек келіппін. Алматы – Шымкент бағытына ұшатын ұшаққа құжаттарды рәсімдеуге әлі екі сағаттай уақыт бар екен.

Күту залындағы бос орынға келіп жайғастым. Адам деген қызық жаратылған жан ғой. Жұмыс үстінде де, жайлы орындықта түк шаруасы жоқ, жай мұлгіп отырса да, санасы сапырылысып жатқан ой-қиял тізбегінен бір босасайши. Бірі келіп, екіншісі кетіп жатады. Әйтеуір тыным болсайши. Жүйкеге ауыр салмақ түсірмейтін жеңіл ойдың жетегінде отырған сәтте әкелі-балалы екеу келіп отырды. Қымбат бағалы иіс судың жұпар исі айналаны алып кетті. Жаңа ғана ине-жіптен шыққандай соңғы модамен күнгендеген. Күйлі жүздеріне күн түгілі жел тимеген, бапты құтімде екендігі байқалады. Қазанның

қақпағының жоқтығын пайдаланып, халық байлығынан молырақ қарпып қалған азулының бірі болса керек, түр-түрпаттынан хандық пен паңдықтың, байлық пен барлықтың лебі еседі. Үлкен майға пісірілген бауырсақтай бортиган саусағына көзді сақина, кішісінің мойнында жуан алтын алқа.

Қасқырға ұлыған жарасқанымен, итше үргөні жараспайтыны бөлгілі. Әлгі әкелі-балалы ата-бабадан мирас болған ана тілінде емес, діні де, түрі де бөлек ұлт тілінде сөйлесіп отыр. Түртүрпаттары қазақ болғанымен, ойлы көз, ояу жүрекпен үңілер болсақ олардың өн бойынан қазақылықтың мысқал түйірін табу қыынның-қыны. Қағынан жеріген, мәңгүрттенген жандар.

Сөз ауандарынан байқағаным әке баласын Қазақстан Республикасы Президенттің «Болашақ» халықаралық бағдарламасы бойынша Англияның ең беделді оку орынының біріне аттандырып салмақшы екен. Әкесі баласына шетелдегі өмір жайында, ағылшындардың түрмис-тіршілігі, ділі жайында өңгімелөй отырып, ең соңында: «Шетелде білім алған өзіңдей жастар – Қазақстанның болашағы», – дед қорытындылады сөзін.

Мен: «Ата-бабадан берілген бүкіл қасиеттөн жүрдай мәңгүрттенген жандар Қазақ Елінің болашағы болса, жарыған екенбіз», – дедім іштей күйіне.

Осы кезде өуежай радиосынан Ұлан-Батор – Алматы бағытындағы ұшақтың көліп қонғанын,

Монғолиядан келген қандастарымызды қарсы алушыларды ұшу-қону алаңына келулерін етінген хабарландыру естілді.

Елге ел, жерге жер қосылып жатса шаттанбайтын қазақ бар ма, сірә, көлу-қарсы алу шараларының күесі болу мақсатында сыртқа шықтым. Күту залында отырғандар да қопарыла алаңға қарай бас қойды.

Бір жігіттің сүйемелдеуімен ақ киімді, сақалшашы аппақ қудай, пайғамбар сипатты қария траптан жайлап түсіп, қос қолын көкке жайып жіберіп біраз тұрды да, етпептей кетіп, жерге маңдайын төсеп, екі-үш рет сүйіп-сүйіп алды.

Елін мен жерін сүйген батыр-бабалардан жалғасқан алтын арқауды бойында сақтаған ақ киімді, ақ сақалды пайғамбар сипатты қарияның туып өскен жеріне деген бүл ілтиплаты том баса бастаған жан дүниемнің астаң-кестеңін шығарды. Неге осы қариядай сүймейміз туған жерді? Неге қадірлемейміз? Неге..?

— Смотри, папа, этот старик дурак что ли, грязную землю целиует, — деді біреу. Жалт қарасам, шетелге оқуға бара жатқан «Қазақ елінің болашагы» екен. Экесі:

— Сынок, они оралманы, — деді. Үнінде кемсітушілік, «надан ғой» деген пиғылды аңғартып.

Қазақтың бір уыс қара топырагын армандал келген қарттың жан дүниесін өз ұлтының қадір-қасиетінен, салт-дәстүрінен, тілі мен ділінен қол үзген мәңгүрттенген жандар қайдан

түсінсін?! Қайдан...!

*Біздің болашақ... Қайдам қалай боларын?
Қайдам..?*

Киелі Қазығұрттың кеме қалған бөлігіне көтеріліп айналага көз талғанша ұзақ қарадым. Шетсіз де шексіз. Бір шеті көкжиекке асылып барып тоқтаса, екінші шеті бір қыраттан кейін бір қырат, бір белестен соң бір белес, бір жотадан соң бір жота жалғасып сон-о-о-у шыңдары көк тіреген Алатаудың төсіне түмсығын тіреп барып дамыл тапқандай. Тау етегі жайдактала келе, жазықтыққа ұласып керіліп жатыр. Пан, кербез.

Ата-бабамның мұра етіп қалдырған құтты мекені, немере-шәберелеріме тапсыратын ақтық аманатым сен.

Мына шырайлы да шұрайлы жер, сұлу бектер, кең жазира, сылдырай аққан бұлақ, көкпен тілдескен мұнар тау, шалқар көл, толқыны жағасын тынымсыз соққылаған асау теңіз, қыранның қанаты талатын, түлпардың тұяғы көтілетін көрме иық дала – бәрі менікі, қазақтікі, жүргегімде қуаныш кернейді. Иә, қуаныш...

Алыста оттар жылтырайды. Қазағымның жаққан оттары. Азға қанағат, көпке береке тілейтін, жаны жомарт, қиялы бай, мінезі кесек қазағымның оттары ғой ол. Іләйім отың сөнбесін, қазағым. Алла тағала сөндіре көрмесін отыңды. “Жағарларың молайсын, жаққан шамдарың мәңгі сөнбесін” дөп тілеймін іштей.

Шіркін, табаныңның астында өзінің туған топырағың боп, шартарапқа біреуге жалтақтамай, табынбай, еңсе көтеріп көз салғанға не жетсін?!

Иә, жер – олар көк тіреген таулар, қыраттар, аңгарлар, жазықтар, шөл, құмдар. Не десе де бұл ата-бабаның білегінің күші, наизасының ұшы, маңдай төрі мөн қанына суғарылған Атамекен туған жер емес пе?!

Күнделік дәптерден. «Енді қандай арманың бар?», – деп сұрағанымда Әмин:

- Өркениетті елден келген әрбір қонақ: «Шіркін, қазақтар бүкіл адамзаттың озық құндылықтарын игеріп алған, алайда ешбір халыққа ұқсамайтын өзгеше тұрпатты, өз мәдениеті бар ұлағатты ұлт екен» дегізетіндеі деңгейге жеткен халық болсақ деймін.

Бар қазақтың арманы Әминнің арманындаі болса кәні, шіркін-ай!!

ДОМБЫРА

**«Домбыра үніне ұйымаған, жусанды даланың исін
аңсамаған қазақты қазақ дөп айтудың өзі
қыындау»
Н.Ә.Назарбаев**

Бабамның көзімісің?!
Данамның сөзімісің?!
Жаралған сезім үшін,
Мазасыз жүрекімнің өзімісің?!
Домбырам,
Қоңыр қозы, аққуымсың!
Арманым, мұңым, сырым,
шаттығымсың!

M. Мақатаев

Қымызханаға жиналған қазақ жігіттерінің бірі: – Жарандар, жан тербетер жайлы әуезді айтындаршы білсеңдер, – депті. Отырғандар бірінен соң бірі:

- Алтынның сыңғыры дә.
- Ат тұяғының дүбірі болар.
- Баланың құлкісі шығар.
- Ананың бөсік жыры.

- Бұлақтың сылдыры.
- Сүйген қыздың сыйбырына не жетсін?
- Жаңбырдың тырсылы.
- Бұлбұлдың тамылжыта сайрағаны.

Қойши әйттеуір, әркім өзінің ұнатқан дыбыстарын ортага салысыпты.

– Білмедіңдер, – депті әлгі жігіт. – Одан да мынаны тыңдалап көріндерші, – депті де, қоңыр домбыраны қолына алып, күнірөнсін келіп. Қос ішек емес, қазақтың өзі сөйлеп тұргандай. Домбыра шанағынан төгілген толқындай тулаған, буырқана бусанған алып күш қара тасты қақ жарып, көбігін кекке атып төңбекшіген тенізді жуасытып, таудың қоңыр аюын билетіп, қарақшыны қара ниетінен қайырып, ғашықтарды ынтықтыра түсердей толқытсын-ай келіп, тебірентсін. Айнала жымжырт, уақыт бір сәтке тоқтап, ол да мулгіп маужырап қалған.

Дүниенің бар-жоғын ұмыттырған күй аяқталысымөн, күйши:

– Домбыраның күмбірінен бөлек тәтті әуез жоқ қазақты тебірентер. Өйткені сол қоңыр домбыраның қоңыр үнінде жаңағы сендер айтқан дыбыстардың бәрі бар, бәрі де.

Әжем жас кеziмде қолыма домбыраны ұстатып тұрып:

– Балам, – дейтін, – домбыраның үніне жетер бұл жалғанда үн бар ма? Оны тыңдалап, үйрен. Ол көпті көргөн, көп билетін кесем ғой, – дейтін жарықтық. Ол кезде бұл сөздің парқына

жеттік пе? Қайдан?...

Ержете келе әліпті таяқ деп білмейтін, «сауатсыз» әжемнің айтқан пәлсапасында қалтқысыз шындық барына көзіміз жетті ғой. Шынында да домбыра шанағынан ақтарылған үнде күннің күркірі, тұлпар түяғының дүбірі, асау теніз гүрілі, ботасын іздеп бозінгеннің боздағаны, ата жаумен алысқан ата-баба семсерінің сынғыры, боздағынан айырылған кейуананың зары, ғашықтардың шырын сыйбыры-бәрі-бәрі естіледі. Оның қоңыр үні арайлап атып келе жатқан таң шапағын, күн нұрын, ай сәулесін, жұлдыздардың құбыла жымыңдаған сыйқырлы құлқісін елестетеді. Көкірегіңе сан түрлі қиял ұялатады. Шаттыққа бөлейді, мұнға батырады.

Елге келген шетелдік қонақ домбыраны қолына алып:

—Домбыраларың нөзө өкі-ақ ішекті? — депті менсініңкіремей. Сонда қазақ:

—Тіршіліктегі ізгілік пен зұлымдық, қуаныш пен қайғы, ададық пен арамдық, шындық пен өтірік, мейірім мен қатыгездік, ақыл мен жетесіздік қатар өріліп отыратыны белгілі. Осынау екі қарама-қарсылықтар арасындағы ымыраға келмейтін мәңгілік күресті бейнелеу үшін біздің ата-бабамыз домбыраны әдейі қос ішекті өткен, — депті.

—О-о, түсінікті, — депті әлгі мәнмен шетелдік.

Бірде бір қазақ екіншісіне:

—Қош, бауырым, құлақ құрышын бір қандырышы, — депті домбыраны ұсынып тұрып.

—Кешіріңіз, маған ондай өнер қонбаган, — депті екіншісі.

—О-о, сабазым, онда өзің барсың ба, жоқ әлде жоқсың ба? Қағынан жеріген құландар болмаса, домбыраның құлағын келтіре алмайтын, сүйгеніне өлең арнай алмайтын қазақ болушы ма өді, тәйірі, — депті домбыра ұстаган кісі ренжіп.

Бірде жақсы араласып жүрген досымның үйіне барғанымда, төрде ілулі шаң басқан домбыраны көріп: «Ішегі тербелмеген домбыра – өмірі толғатпаған келіншек, аяғына жем түскен тұлпар, тірсөгінен қыылған арлан, темір тордағы арыстан, туламаған жүрек екен-ау», — дедім іштей мұсәпір қүйдегі домбыраны аяп.

Ол ол ма? Қазақтан одан да сорақысын күтуге болады.

Досханның естелігінен. Осыдан бір жыл бұрын масқара оқиғаға тап болдым. Кенет жол үстіндегі қоқыс салатын жәшікке бір антүрганның бір бүтін домбыраны тастап кеткенін көзім шалды. Домбыра! Не деген сүмдүк! «Қазақтан бәрін күтсем де бұны күтпеген едім», — деп жаным түршікті. Домбыраны қолыма алдым, еш жері сынбаған! Байқағаным қоқыста жатқан қазақтың асыл затын көріп, өтіп жатқан адам қаншама, бірақ оған біреуі де мән берер емес. Құдай-ау, бұл таяқ емес, темір емес, домбыра ғой! Сынып,

жарамсыз болып қалғанның өзінде де көзің қылп, киесінен қорықлай, күл-қоқысқа қалай тастайсың, айтшы! Міне, біздің жетістігіміз, жеткен жеріміз! Домбыра ұлттың ар-ожданы емес пе, қазағым!

«Бүгінгі қазақ – бұрынғы қазақ емес, мұлдем өзгерген қазақ» (Г.Бельгер), болмаса бұл дегенің өзінді-өзің қадірлемеу, өзінді-өзің көкірекінен итеру той. Түсінгенге, білгенге домбыра – қазақтың бағына біткен асыл қазынасы. Ол – ұлттың бекзат болмысы, өткен тарихы, жүрек сыздатар сағынышы, көңілдің нәзік қылын шертер сезімі, мұң мен шері, қайғысы мен қасіреті, той-думаны мен қуанышы. Ғасырлар қойнауынан тамыр үзілмей жалғасып келе жатқан оның үнінде халқымыздың басынан кешкен сан қылы нәубет кезеңдердің айқын да анық таңба-белгісі жаңғырған.

Қазақ қаншама зұлматты басынан көширді. Жаугершілік заман. "Елім-айлаған" қыын-қыстау кезеңдерде қашанда қасынан табылып, батырлық пен ерлікке үндеген домбырасын қару-жарагымен бірге алып жүрген. Тастанаған. Ең асыл мұкамалындар, қасиетті бойтұмарындар аялап сақтаған батыр бабаларымыз. Ақынның мына тамаша өлеңі соның белгісіндей.

Бұл қазақ мұң басса да қас-қабақты,
Қастерлемей ән-күйден басқа бақты.
Тұтқылдан жау тиген кездерде де,
Домбырасын жұртына тастамаған.
Бала кезде әжем айтқан ескі аңыз әлі есімде.

Сайын даланың сәні болған құралайын көзге атып, қан жоса еткен Жошы ханның өр көкірек те ерке баласы аңынын киелісіне кезігіп, мерт болады. Сүйегі құла дүздө қалады.

Ұзақ уақыт ерке баладан хабар болмаған Жошы жүргегі бір жамандықты сезіп, іздеу салыпты. Хан сапарға шыққалы тұрғандарға қаһарлана:

— Кім де кім қаралы хабар жеткізетін болса, басы дар жібіне ілінеді, — дейді.

Із кезушілер дамыл қөрмей күндіз-туні шарқ үрады. Олардың жаратқаннан бар тілегі – өркөкірек те ерке ұлдың амандығы. Өкінішке орай үшінші күн дегенде олар хан баласының мәйітінің үстінен шығады. Мына сұмдықты хабардар етсе, ханның қаһарына ұшырап, бәрінің де дар ағашының жібіне ілінері қақ. Аман қалудың амалын таппай қатты сасады, қиналады. Шыбын жанды сақтап қалудың қандай амалы бар? Қандай? Не істей керек?

Дағдарып, салы суға кетіп тұрған сарбаздарына топ басшысы:

— Жарандар, Тамшыбұлақтағы Күдері ақыннан ақыл-кеңес сұрайық, бір амалын тапса, сол табар. Ат басын Тамшыбұлаққа бұрыңдар, — дейді сабырлылық танытып.

Қаралы топ Күдері ақынға бастарынан кешкен қаралы оқиғаны баяндай келіп, бір амал тауып, хан қаһарынан құтқаруын жалбарына өтініштерін жеткізеді. Бар баянды мұқияттыңдаған абыз ақын сүт пісірімдөй уақыт

оіланып барып:

— Жарайды, алтын тақ алдындағы қиямет қайымға мен-ақ басымды тігейін, жаратқан ием жар болсын, тәуекел, — дейді алдында отырған жаутаң көз пенделерді қуантып.

Хан сарайы. Алтын тақта қаһарлы Жошы. Құдері ақын әмірші алдында төсөлген кілемге үнтүнсіз жайғасып алтып, домбыраны сарната жөнеледі. Хан қос ішектен төгілген азалы үннен жер танағын қыырған тұлпар тұяғының дубірін, шыбын жандары шырылдай жөнкіген аң легінің дубірін, құла дүзге өлім сепкен садақ жебесінің зуылын, омақаса құлаған құралайдың жан шығардағы аянышты қырылын естігендей болады.

Домбыраның қоңыр үні біртө-біртө күшейе түсті. Тасқа тиіп от шашқан тұлпар тұяғының дүрсілін, дүркірек жосып бара жатқан киіктөр сарынын, атылған жебенің зуылын, ақсаңдай басқан киіктің жан қинаалысын көз алдына елестеткендей болады.

Кенет наизағай жарқылдап, аспан күркіреп, жер-жаһанды жаңғырта жай түскөндегі болады. Домбыраның бір ішегі «дың» етіп үзіліп кетеді. Бір сәтке хан сарайы құлаққа үрган танағай тына қалады.

Қос ішектен ағылған қасіретті күйді жаны күйзеле тыңдаған хан:

— Қайран балам, мені тастап, ұлы атаңа аттанған екенсің гой, қайтейін, — дейді аң ұрып. Сәл үнсіздіктен кейін:

– Күзетшілер! Мына қайғылы хабар жеткізуши пендени алып кетіңдер де, дарға асыңдар, –дейді. Тамшыбұлақтан келген ақынға зәрлене қарап.

– Дат тақсыр! – дейді Құдері асып- саспай.

– Датың болса айт, тезірек! – дейді хан өңменнен өткізе төсіле қарап.

– Сіз қаралы хабар жеткізген адамды жазаламақ болғансыз. Мен сізге ханзада жайлыш бір ауыз сөз айттым ба? Айтқаным жоқ. Сонда мені қалайша жазаламақшысыз? Балаңыз жайлышыз хабарды жеткізген мына домбыра емес пе? Хан әділетті болса, жазықтыны жазалауы туіс, жазықсызды емес, – деді абыз ақын ізетпен сөл басын иіп.

«Ханда қырық кісінің ақылы бар», – дейді дана халық. Ақын айтқан жөн сөзге тоқтап, хан домбыра шанағына балқып тұрған қорғасын құйдырыпты. Қос ішекті киелі аспаптың шанағындағы қара дақ сол Жошы ханның жазасының ізі екен, – дейді әжем.

Міне, осылайша, қасиетінен айналайын қоңыр үнді, қоңыр домбыра қазақтың біртуар ақылман ақынын ауыр жазадан құтқарып қалған екен.

Қазақтың қуанышы мен қайғысына ортақ болған, қайранғана менің қос ішекті домбырамай. Бір ішегіңде халқынның мұны мен зары, қайғысы мен қасіреті, екінші ішегінде риясыз құлкісі мен қуанышы қоса өрілген қазақ жырының басы, қайнар бастауы. Тұңғыш құлкісі мен

алғашқы көз жасы. Домбыра, міне, осы! Оның құлақ қүйін келтіре алмаған, төрінен қастерлеп орын бермеген қазақ әуелі ол қазақ па? Шынында да ол қазақ па өзі? Қайдам? Кім екенін өзі де білмес, өзі де білмейді...

Қазақтың қос шекті домбырасы, халқынды дүниеге танытумен келесің, біз сені таныта алмай келеміз...

Қайран менің Мәжен көкем. Бүгіндө балалық шақты балдәурен деп жатады. Балдәурен десе, бәлкім балдәурен дө шығар, кім біліпті?

Қанды балақ соғыстың кесірінен ел басына түскен қабағат қасірет пен ауыр тауқымет қабырғасы әлі қата қоймаған, ойын баласы бізді ерте есейтті. Иә, өтте ерте...

Кетпен шауып, шалғы тарта алмасақ та, ересектер жағы біздерге тоқылдақ айдатып, қырман бастыратын. Таңың атысынан күннің батысына дейін бір айналымда үзіліссіз айнала бергендіктен көз қарауытып, бас айналып, жүрек көтеріліп өгіздің үстінен құлап та кеткен кездеріміз көп болатын. Ондайда үлкендер бетімізге су бүркіп, есмізді жиғызып, көлікке қайта мінгізетін. Еркелеп, мінез көрсөтер кез емес еді ол уақыт. Ертеден кешке дейін ауылдың еңсе езер, қабырға қайыстырар зіл батпан ауыр жұмыстары кілең шал-шауқан мен қатын-қалаштың мойнындарын. Кімге еркелеп, кімге мінез көрсөтерсің? Кімге?...

Ауыр тұрмыс тауқыметі ештеме емес екен. Жұз үйлі ауылға кейде отқа оранған, қан қасап майданнан қаралы қағаз келіп, бір отбасының шаңырағын ортасына түсіріп кетеді. Күллі ауылдың сондағы қасіретін сезбен айтып жеткізу киынның қыны. Арқа сүйер азаматынан айрылған бейшаралар шаштарын жұлып, беттерін осып шиедей етіп, сай сүйегінді сырқыратта жоқтау айтатын.

Бозым боздағынан айрылған аналар мен әлі де ыстық-сұғы басылмаған жастығы майданда жерленген жап-жас жеңгелеріміздің зар еңірекен жоқтауы өзегінді өртеп, жүргегімізді қанды шенгелмен осқылайтын келіп. Болат тырнағымен аямай паршалайтын.

Қанды балақ соғыстың аз-ақ алдында дүниеге келген, бұғанасы әлі қатпаған біздер балалық шақтың бал дәурен екенін, уайымсыз-қайғысыз жұмақ шақ екенін байқамай өткізіп алдық. Өкінішті-ақ. Өтті де кетті, қайрылмасстан. Дәмін де татқызыбай. Келмеске кетті. Қайран ғана бір-ақ рет бүйіраратын балалық шақ қайрылмасстан. Асық ойнатпай, доп қуалатпай. Еркелетпей.

Өткен ғасырдың қырық үшінші жылдың сәүірі ме, жоқ, әлде мамыры ма есімдө жоқ. Әйтеуір күн шуақты, тамылжыған нұрлы кез болатын. Құрдасым Есмаханның әкесі майданнан оралды. Оны бүкіл ауыл алдынан

шығып, қарсы алды. Бүкіл ауыл болып қарсы алмай ше, қан қасап майданнан аман-есен оралған тұңғыш жауынгөр осы Мәжен көке болатын. Омырауы самсаған орден. Мен мұндалап анадайдан жарқырайды. Орденді жауынгердің еңсесі биік. Мұқалмаған. Айбынды. Алдынан шыққан жұртқа мейірлене қарайды. Қарттармен төс тиістірсе, ақ жаулықты аналарды мол кеудесіне қыса құшақтап, сәлдесінен құшырлана іскелейді.

Қараймын Есмахан құрдасымның орденді әкесінің сол қол жеңі қайыс белдігіне қыстырулы. Қолы байқалмайды. Кейіннен білдік қой Мәжен көке сол қолын шынтақтан төрт елі жоғары көстіріп, онысын батыс Украина жеріне жерлеп келген екен.

Қаумалаған қуанышты жұрт бірінен соң бірі:

— Мәжен балам, «Қырық жыл қырғын болса да, ажалды өледі» деген бар, Алла Тағаланың мұнысына шүкір, туган топырағыңа аман-есен оралдың. Көрген қияметің әлі-ақ естен шығар. Бір күндей де болдмас. Ұмытылар. Ендігі жерде мына қожырап кеткен шаруашылыққа иелік өтіп, елдің еңсесін көтеруге көмектес, — десе қарттар жағы.

— Қарағым Мәжен қайнам, «Кебін киген өледі, кебенек киген келеді» деген осы, аман-есен елмен қауышып, қамкөңіл көңілімізді қуантып отырсың. Құдай алдыннан

жарылқасын. Айтқандай, қайным-ау, өзінмен бірге аттанған Жаппардан не хабар білесің, хабар-ошар болмай, қан жұтып отырмыз. Күніміз түнге, түніміз тозаққа айналған бүгінде. Ол жақта құрдасың көзіңе түспеді ме? – десе, келесі бірі:

- Жолай құрбыңды кездестірмөдің бе?
- Саттар ініңді ше?

Қойши әйтөүір, сұрақ көп те, жауап жоқтың қасы.

Кешке бүкіл ауыл Мәжен көкемнің үйіне жиналды. Әңгіме-дүкен көлкө созылды. Көбінесе сөз ауаны майдан жайлы, зұлмат соғыстың қасіреті жайлы, қыршынынан қыылышп жатқан өмір, өзен болып ағып жатқан қан. Отқа оранған дала, өртенген қала.

– Мәжен қарағым жасыған көңілді одан әрі жасыста бермей, одан да өуелетіп ән салышы бір. Қарғыс атқыр соғысқа дейін өлөң жазып, ән салушы едің той, –деді Дәуірбай ақсақал. Былайғы жұрт та қарттың бұл сөзін құптай дуылдасып кетті.

- Сөйтші, қарағым.
- Е, бәсе, қашаңғы жабыға бермекшіміз.
- Баяғыдай бір шырқашы, қайным.
- Өтінеміз. Ән салыңыздар той.

Қанды балақ соғысқа дейінгі серік болған сырнайын алдырып Мәжен көкө:

– Өтініп қоймадыңыздар той. Қалай болар екен? Тәуекел. Бұрындары қос қолға бағынып,

алдыма түсіп жорғалай жөнелетін «серігім»
сыңар қолға бағынар ма екен. Қерейік, – деді
де, сырнайдың бір жағын шолақ қолының
қолтығына қыстырыды да, оң қолымен музыка
аспабының тілдерін бір сыйдыртып басып өтті
де:

– Екі жылдай сұық қару ұстаган
саусақтарым жатырқап қалған ба, қалай?
Қимылы шау тартып қалыпты гой
шіркіндердің, – дөп, саусақтарын бір түйіп, бір
жазып тұрды да, терең тыныстап алып,
сырнайын сзылта шырқай жөнелді. Осынау
қара дүрсін өмірімізге, мимырт тіршілікке
сыңсыған сырнай үні сән бергелі құйқылжыды-ай
келіп, құйқылжысын келіп.

Жаспыз гой көң қеудесі тола орденді
жауынгердің қандай өн салғаны есімде жоқ.
Әйттеуір мұңлы да шерлі болса керек,
бөріктілер жағы ауыр курсінүмен, ақ
жаулықтылар жағы үнсіз егіліп, көз жастарын
былайғы жұртқа байқатпай жаулықтарының
ұшымен сүртүмен болды. Өмір өткелдерінде
көрген қуаныш пен қайғы, шаттану мен
мұңдау, кездесу мен хоштасу, қойши әйттеуір,
қимастық сезім де, кіршіксіз ниәт те осынау
мұңлы да шерлі әуөзден шүпілдей асып,
төгіліп тұрғандай.

Сол күннөн бастап Есмахан құрдасымның
орденді, майдангер-әнші әкесі қанды балақ
соғыстың аз-ақ алдында дүниеге келген асық
ойнамай, доп қуаламай, балалықты еркелемей

өткізген біздердің үлгі алар тұлғамызға айналған еді.

Мәжен көкем аз күннің ішінде колхоздың бүкіл тізгінің қолына алып, қожыраған шаруашылықты оңдауға белсene кірісп кетті. Көп ұзамай-ақ іскерлігі мен ұйымдастыруышылық қабілеттіңің арқасында ауданымыздың беделді де білгір басшыларының біріне айналды.

Қан құлы соғыстың жаназасы шығарылды. Женіс. Бірақ женіс оңайлықпен келген жоқ. Көп ананы бозым боздағынан айырды, он гүлінен бір гүлі ашылмаган мәлдіреген келіншектің жап-жас махаббаты майдан даласында жерленді. Балалар жетім, женгелеріміз жесір қалды. Көптеген атпал азаматтар мүгедек болып оралды. Иә, женіс оңайлықпен келген жоқ.

Шабындыққа шалғы түскен кез. Ауыл адамдары малға қысқа азық өзірлеу үстінде. Үлкендер жағы шалғы тартады, қарғыс атқан соғыстың аз-ақ алдында өмірге келген, асық ойнамай, доп қуаламай, еркелеудің не екенін білмей өскен біз сияқтылар шөп тырмалап, шомалай саламыз. Бәрінің басы қасында орденді жауынгер Мәжен көке. Оның ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс. Сол кездे бүгінгідей емес, бүкіл ауыл бір отбасында ынтымақшыл еді-ау. Қуанышта да, қайғыда да бір жағадан бас, бір женінен қол шығарысатын. **Бауырмал-тын.** Сөзге

тұратын. Берген уәдесін орындаитын. Иә, сізге өтірік, маган шын, ол кезде ауыл бүгінгідей емес, мұлдем бәлек еді. Қоспасызы, шыны сол.

Сіңбіруге уақыт таппай жүрген қарбалас шақта ел еңсесін бір серпілтуге облыс орталығынан ауылға әртістер келді. Шетінен үлде мен бұлдеге оранғандар. Жүк машинаға артып алған күйсандағы бар. Оның зілдей бәле білем бес-алты адам жабылысып жүріп жерге әрең түсірісті.

Тұс өлемтінде қолхозшылар тайлы-түяғымен қосқа жиналысты. Концерттің басталуын әсіресе қасрғыс атқан соғыстың аз-ақ алдында өміргө келген біздер тағатсыздана күтудеміз. Бізге бәрі таңсық.

Мәжен көке келе бастай беріңдер дегендей, сыңар қолын көкке көтеріп белгі берді де, алдыңғы қатардан келіп орын алды. Көңілді. Орденді жауынгердің көңілді жүретін кезін өтө сирек көретінбіз.

Тағатсыздана күткен концертіміз басталды. Үлде мен бұлдеге оранған әртістер бірінен соң бірі күйсандақтың сүйемелдөуімен ән шырқап жатты. Келесі кезектегісін жариялай берген жігітке тоқта дегендей сыңар қолын көтеріп, Мәжен көке қатқылдау үнмен:

– Эй, қарақ, сөзінді бөлгеніме кешіргейсің, – ол жақтырмаған адамын осылайша «қарақ» деп атайдын өдемі, – Мына құлақты кесіп,

жаныңды тесетін, біз өмірі тыңдал жаттықпаған ария-марияларыңың таусыл-майтын түрі бар ғой. Мына жұрт мақпалдай жұмсақ, таң шығындаи мәлдір қазақтың өзінің әндерін тыңдауға келіп отыр. Оларың қайда, батырлар-ау. Жөні түзу әндерің бар ма осы? Домбырамен...

Мұндайды тұнғыш рет кездестірген концерт алып баруши жігіт көкенің сөзін бөліп, ренжи:

— Аға, бұлар — опера әртістері. Эркім өз кәсібіне сай қызмет көрсетеді ғой жұртқа, — деді

— Сонда бүгін сіздер қазақтың қоңыр домбырасымен өнер көрсетпейсіздер ме? — деді жігіттің сөзіне көңілі толмай.

— Біздің арамызда домбырамен ән айтатын әнші жоқ, аға, концертті ары қарай жалғастыра беруге рұқсат етіңіз.

— Сіздордің араларыңызда қазақтың киелі домбырасымен ән салатын әртістеріңіз жоқ болса, онда мына отырғандардың арасында ария-марияларыңды таңсық көретін көрermen де жоқ, қарақ. Ол колхозшыларға бұрылып:

— Өз қағынан жерігендерде қандай ұлттық қасиет болушы еді? Ұлттық қасиет жоқ жерден — ұлттық қасірет басталады. Құлан қағынан жерігенде баар өріс, шығар биік қайсы? Айтыңдаршы? — деді сұраулы үнмен.

Ол мына келеңсіз жағдайдан шығар жолды таппай түрған жігітке бұрылып:

– Жалпы мен операларыңызға қарсы емеспін. Мына колхоз бастық бекзат өнерге қарсы артта қалған біреу екен деп ойлап қалмаңыздар. Бірақ осы концертті үйымдастыруышылар қандай көрермендерге бара жатқандарын ой елегінен өткізуі тиіс еді. Мына халық, – деді Мәжен көке отырған шөпшілерді сыңар қолымен көрсетіп, – Сіздердің операларыңызды тыңдауға дайын емес. Еңбекші халықтың көңілін көтереміз деген ниеттеріңізге үлкен раҳмет. Ұжым атынан үлкен алғысымды білдіремін. Сіздер де жолдарыңыздан қалмаңыздар, мына халық та жұмыстарына кіріссін. Онсыз да концерттыңдаймыз деп талай тірліктерінен қалды, – деді Мәжен көкем. Омырауы тола орденді жауынгер, сыңарлы қолды шаруашылық басшы, айтты бітті. Оған ауылда басқан ізің қисық деп уәж айтатын пендे жоқ. Ол айтқан тапсырма мүлтіксіз орындалады. Шөпшілер жинала бастады.

Әртістер арасында абыржу байқалды. Өзара күбір-сыбыр басталды. Сәлден соң:

– Аға, – деді концертті алып барушы жігіт жалынышты үнмен, – сәл сабыр сақтаңыздаршы, көрермендеріміздің өрекшелігін есепке алмағанымз үшін кешірім өтінеміз. Домбыра тауып берсеніздер оған қосылышп ән салатын әншіміз бар. Мүмкін болса ...

– Есмахан, анау мәнің атыма мін де,

үйдегі домбыраны алып кел, бол тез, – деді Мәжен көкө менің қасымда отырған баласын жұмсал.

Әл-сәтте домбыра да өкелінді. «Сахнаға» жұпның аудио киінген жігіт шықты. Домбыраның құлағын көлтіріп алды, жай желдіріп ала жөнелді. Едәуір екпінмен желлініп ала жөнелген әуен бірте-бірте биікке иіріле көтеріліп барып, қайта құлдилаған сәтте өзінді бозторғай құстың қанатына ілесіп самғап жүргендей боласың. Қиялыңа қанат бітіріп, жаныңды шаттандыратын шуақты ырғақ көрермендерін өсем әлемге, шуақты өлкеге жетелей берді.

Көрермен алдына шықкан әнші жігіт әннің қайырмасына келгенде ажары нұрланып, жанары шоқтай жанып, еңсесі жазылып, өзінен-өзі арқаланып, базары өнді ғана басталғандай, ұшатын құсқа ұқсан, сұлулықтың жұмақ сарайына кіргендей түрленіп салды. Осылайша бірде шалқып, бірде толқып шырқалған әуез әріберіден соң шуақты құннің құшағын қақ жарып барып, айнала самсал өскен биік бәйтеректердің ұшар басына қонақтап тұрып қалғандай әсер етеді.

«Сахнадағы» домбыралы әнші қазақтың кербез жазирасын, занғар да биік тәкәпpler да менмен тауларын, хош иісті қызылды-жасылды дала гүлдерін елестете, жан дүниенде тербетіп, тыңдаған сайын

таңдандырып, жүрөк қылын шөртіп, алтыбақанда тербелгендей сырлы сазға сіңіріп бара жатты бізді. Шамасы, нағыз «құлақтан кіріп, бойды алатын» өуен осындай-ақ болар.

О, құданың құп құдіреті дейміз гой! Әрі асай, әрі шексіз, кеңдік пен биіктікті паш еткендей, үлбіреген гүлдей, таң шапағында, таудан құлаган сендей, қойшы әйттеуір, көз алдыңа көркем көрініс, келісті сурет елестеткендей. Осынау тәтті сазды ыргаққа, әсерлі ұнасымға еліткенің сонша, дөңгеленген дүн-дүниенің бар бейнетін ұмытқандайсың. Со-оно-оу қыран құс самғаған занғар биіктө қалықтағандайсың. Шіркін, қазақтың сұлу әндері-ай!

Сұлу саз, өсем өуен, құдіретті ырғақ – табиғаттың төл туындысы екенін бала кезде қайдан тәннишкі, ақша бүлтттан жарқ етіп шыққан күндей шуақ шашып, күллі өлемге кербез де сырлы сазын сыйлайтынын біз он-солымызды бағдарлағанда барып танығандаймыз-ау. Күні бүгінге дейін оның нәзік те сыйқырлы табиғаттың бағаламайтындар қаншама! Көр соқырлар өкінішке орай барышылық! Ол қалтқысыз шындық.

Шөпшілер қосы нағыз сахнаға айналып, өсем саз бірте-бірте шарықтай түсті. Тынық ауада әуелеген ән жастарды қиялдатып, қарттарды армандастып бірінен соң бірі со-о-

но-оу алысқа, занғар биікке шарықтап жатты. «Сахнадағы» әнші халқымыздың «құлдақтан кіріп, бойды елітер» әндерін әуелеткен сайын Мәжен көкем оқта-текте қыран бүркіттей қомданып қойып:

– Эп, бәрекелде, жарайсың жігітім! Жігіт болсаң осындай бол! Ой, дәт, деген! Әй, жарайсың! – деп ерекше разы болып, құлшына түседі.

Ұзақты құні шөп шабықта шаршап-шалдығып жүрген колхозшыларды риза етіп концерт те аяқталды.

Көшегі елдің шетінде, жаудың өтінде жүрген жауынгөр, бүгінгі ауданға бөлгілі шаруашылық басшысы, қан-қасап соғыстың сәл-ақ алдында өмірге келген, асық ойнауды, доп қуалауды, еркелеуді білмей өткен біз сияқты шикі өкпелердің үлгі алар тұлғасы болған Мәжен көкө әлгі әнші жігіттің арқасын қағып тұрып:

– Рахмет, қарағым, мына жүрттың өзілген өңсесін көтеріп, бір сөрпілтіп тастадың, өнерінә тәнті еттің. Еңбекші халық бір сәтке құбақан тірліктен арылып, бір жасап қалды. Өнерің өрлей берсін, жігітім! – деді разы үнмен, – Ал, мына қолыңдағы домбыра менің жастық шағымның өрі сырласы, әрі мұндасты еді. Көріп отырсың, ендігі жерде мұнымен сырласар менде мүмкіндіктің жоқ екенін. Майданнан келгөлі киелі бүл аспап жетімсіреп тұрганы жаныма

батушы өді, ол бүгін өзінің шын өгесін тапты-ау деп тұрмын. Ендігі жерде сенің сенімді серігің болсын, жалғызырамасын, жетімсірепте, қарағым! Сен соған лайықтысың – деді Мәжен көке.

– Аға, – деді жігіт ынғайсызданып, – аға, мен сіз ойлағандай, әнші де, домбырашы да емеспін. Менің кәсібім... Мына әртістер кеукеулеп қоймаған соң.. Шыққаным ғой, – деді төменшіктеп.

Мәжен көке таңданысын жасыра алмай:

– Мынаған қараңдар, не дейді мынау? Әртіс емеспін дегенің не сенің? Жаңа гана құлақтың құрышын қандыра ән салған сен емей, мен ба сонда? Сен кімсің әнші болмағанда өзің?

– Мен, аға, жүргізушиңін, – деді жігіт қолындағы домбыраны иөсіне қайтарып бермек болып, ұсына берді.

Мәжен көке таңданысын жасыра алмай, үркердей болып үйіріліп тұрған әртістерге мынау шынын айтып тұр ма дегендей сұраулы жүзбен көз тастап:

– Мына жігіт қалжыңдал тұрғаннан сау ма өзі? – деді сыңар қолын жайып.

Бұларға қартыңдау жирен мұрттың кісі жақындал көліп:

– Сізге Серік інім істің ақиқатын айттып тұр. Бұл біздің қажетті заттарымыз бер күйсандығымызды алышп жүретін мына жук машинаның шопыры, – деді.

– Эттеген-ай, қас тұлпарын танымаган, қыран құсын баптай алмаган қайран қазағым-ай. Қайтейін-ау, қайтейін? – деді өкіне басын шайқап.

Жас жігітке мейірлене, жанарының оты жанып, жүзіне лапылдап қызыл курен алау жүгіріп Мәжен көке:

– Серік інім, өз соқлағыңды таптай жүрген жан екенсің. Біле білсең өнер – адам бойындағы Алла бұйыртқан асыл қазына. Алтын көмбені, бойындағы асылын, көзге түсер көріктісін жауып-жасырғаннан гөрі жамағаттың көзіне жарқыратып көрсеткен лазым. Көкірегінде күмбірлеген таланттыңың қадіріне жетпей жүргенің не қылғаның, қарағым-ау?! Еңсенді тіктеп, өзіңді-өзің танып, қамшылсан непті! Құдай берген өнерді қадірлекейсің, қарағым, ұқтың ба? – деді де, сәл үнсіздіктөн соң:

– Әртіс болмасаң да қазақтың төл өнерін: домбырасы мен дәстүрлі өнін қастерлейтін сендей азаматтың төрінде менің, мына қазекемнің киелі домбырасы ілупі тұрса, оның шанағынан сорғалаған әсем өн мен тәтті күй мәңгі жалғаса беретініне мен сенімдімін. Мұны сенімді қолға тапсырдым дөп ойлаймын. Қолымды қайтарма, қарағым, ала кет. Шуақты қундердө демеушің, бұлтты қундерінде сүйенішиң болсын, бұл домбыра, – деп Мәжен көкем жүргізуши жігітке батасын берді. Күллі жамағат кешегі орденді

жауынгерінің, бүгінгі киелі домбыра қамқоршысының бұл ниетіне разы болысты.

Қайран ғана Мәжен көкем-ай, қазекемнің бәрі сіздей өзінің төл өнеріне жанашыр болса гой... Көк байрагымыз тәмендемей, биіктей берер еді-ау!

Соно-о-у өткен ғасырдың 1979 жылы. Вальс королі аттанған – Иоганн Штраустың отаны Австрия астанасы Венада дүниө жүзінің ең үздік орындаушыларының музыка фестивалі өттіп жатты.

Фестиваль концерті Венаның алпыс мың адам сиятын ратушасы – ашық алаңында өттегін өнер сайысының даңқы, оның сұсы, Венаның талғамы құшті, тәкәббар халқының сұсты анау-мынау өмес, өмірі сахнада өткен, тісі сарғайған өнер иесінің өзінің зәре-құтын алатын.

Талап қатал. Өнердің жілігін шағып майын ішкен, музыканың занғар биігіне ұя салған мемлекеттердің өзіне де не бары жеті, сегіз минут, тіпті одан да аз уақыт бөріледі. Талантты болсаң осы аз уақыт ішінде өнерінді көрсет. Жүргтты тәннің өт. Әйтпесе...

Жаратқанның құдіреті ме, жоқ әлде, басқаға кіріптар, жаутаң көз, саны аз қазақ сияқты халыққа аяушылық жасады ма, әйтөуір, фестивальды ұйымдастырушылар Қазақстанның өнер иөлерінен он бес минут уақыт бөлді. Керемет қой, бұл! Мұндаидай

қамқорлыққа аузы алты қарыс алпауыт мемлекеттерінің қолы жете бермейтін уақыт. Құдайдың иғені деген осы.

Әуелі қазақтың ару қызы Бибігүл Төлегенова, одан кейін бишілер тобы... Одан кейін қазақтың қоңыр үнді қоңыр домбырасын жүргегіне босып, Қайрат Байбосынов шықты сахнаға. Ол микрофонға жете бергенде, бірінші қатарда іін тіресе тік тұрған жүрттың екі қапталынан: «Иә, әруақ!» деген сөз санқ етеп қалды. Бұл жас әншіге тілеулес, қазақтың қасіретіне қайғырып, қуанышына шаттанатын шет елдерде жүрген қандастарымыз болса крек. Қайрат та іштей: «Иә, әруақ!» деп домбырасын бебеулетіп барып «тылсым тыныштықта үйіған даланың, балбыраған ай нұрының, арман толы жазғы түннің поэзиясы» болған Жарылқапбердінің «Ардағын» бастап жіберді. Махаббаттың бұл бір асқақ жыры бірден әуелеп, қалықтай бергенде кенет микрофон істемей қалды. Дайын тұрған инженер-техниктер сахнаға жүгіріп шығып, микрофонның сымдарын көріп, әрі-бері тартып қозғап, ақыры электр қуатының сөніп қалғаны белгілі болды. Алайда, қоңыр домбыраның мақпал үніне сүйене шырқалған ән тоқтамады. Жалғаса берді. Қайраттың аса биік, кең зор үні «Ардақты» Вена аспанында қалқытып тұрып алды. Ән айттылып біткенде, ратушадағы алпыс

мындаған қалың нөпір қолдарын көкке созып шапалақтағанда күн күркіреп, жай түскөндей болды. Заманында Иоганн Штраустың өзіне де халық мұндаған қошемет көрсетпеген шығар-ау, әсте... Көрмөгөн. Қайдан көрсін?

Сол жылы қазақтың қос шекті домбырасы мен Жарылқапбердінің «Ардағы» «бүкіл даласы ән салып тұрған» біздің халықтың айдай әлемге танытып, әншілік келбетін көрсеткен еді.

Күнделік дәптерден. Бірде түркиялық дос Кенан Koch өкеуміз Құрманғазы оркестрінің концертін тамашалауға бардық. Сансыз қос ішектен ағылған жанға жайлы қоңыр әуен бірде баяу мұнға батырып, көзіңе жас алғызыса, бірде жігерінді жанып, қиялтыңа қанат бітіреді. Бойынды алапат сезімге бөлеп, жан әлемінді баурап барады. Айрық ақ сақалды Алатаудай биік, ұшы-қиырсыз Сарыарқадай жазық, жср жанаты Жетісудай әсем, шагалалы Каспидің толқынындағы асау, арынды Есілдің сылдырындағы сұлу саз бөтен, тіпті бөгде таңғажайып бір әлемге, қайғы-мұнцы жоқ жұмбақ әлемге жетелей жөнеледі. Қара шанақтан саулаған әсем үн жұлдызды көктің шетсіз-шексіз кеңістігін кернеп қызылды-жасылды сан бояумен құбылады. Көктемгі жауыннан кейінгі түзілген түрлі түсті кемпірқосақтай жұмбақ әлем. Керме иық даланың жусан исі аңқыған күйлері шартарапқа шарлап, дүниенің төрт бұрышын кернеп барады. Сиқырлы саз. Тәнір тілімен үн қатқандай

тамылжиды. Бір кезде әуен әуелеп, күй күмбірлеп, көктө қанатын қақпай тұрып алды да кенет кілт үзілгендей еді, қайта шырқау биікке самғап, тұла бойды шымырлата балқытып, алпыс екі тамырды қуалай ләззаттың тал бесігіне бөлегендей құбылды.

Сайын дала тесінде мың сан тұллар тұяғының дүбірі ме-ау, шарқ ұрып ботасын іздөген аруананың боздап, жасыл желеғін жайған ару аршаның бұтағына қонып алып, сандуғаш сайрады ма-ау, әйттеуір дүн-дүниені тәтті күмбір баурап алды.

Киянға қанат бітіріп, жер-көкке сыйғызбай, дамылтаптырмайды. Кеңістікті нұрға бөлеген домбырадан төгілгөн іңкәр саз пендені мың сан күйге жетелейді. Тебірентеді. Сүйсіндіреді. Сағындырады. Аңсатады. Өкіндіреді. Жылатады. Қөзіңнен сораңды ағызады. Көкірегінде нұр құйып қуантады. Өмірдің қысқа да өткінші екенін, өнердің мәңгі де құдіретті екенін ұқтырғандай болады.

Домбыраның сағағынан күмбірлеп сорғалаған қоңыр күй қаншама тыңдасаң да жалықтырмайтын өміршең ырғақ бұл! Сезіміңді тереңдетіп, мейіріміңді масайтып, қиялыша қанат қақтыратын, жаңыңды шабыттандыратын күй бұл. Бұл балдай тәтті әсем үндө өмірге деген құштарлық бар, күйректік жоқ; қайрат бар, торығу жоқ; үміт бар, өнжарлық жоқ; жақсылыққа деген іңкәрлік бар. Жалқыдан жалпыға айналған шындық жанды

шежірө бол төгіледі. Ет жүректі елжіретер әсөл әуез асып-төгіліп жатады.

Мамыр айының балындаған тәтті концерті аяқталды. Туркиялық досқа көз салсам, ол ағылтөгіл.

— Ой, Кенан, мұның қалай? Көз жасыңды көлдепткениң қалай сенің? Мұны білгенімде... Концерті бар болсын... Оқа емес көптен бері жуылмаған қап-қара тостағандарыңды шайып алдың. Бұл да бір есіңде жүрген ісің болса керек, — дедім әзілдеп.

— Неткен ғажап, ғажап қой бұл, Бегман аға! Мың сан тұллар тұяғының дүбірін, жағалауын ұрғылап, астан-кестеңі шыққан долы төңіз толқынының гүрілін, кейде жайма-шуақ мамыражай күнді, кейде жөңкіле көшкен қаз бауыр бұлтты, найзагайдың жарқылын, тау қыранының шаңқылын көз алдына слесстесттіндсі құдірсті музыка аспабын, домбыраны, ойлап тапқан ата-бабамыздың тапқырлығы мен даналығына бас имеске шамам жоқ. Ат төбеліндей аз қазақтың ұшы-қыры жоқ осыншама жерді қалайша иелік еткен деп ойлаушы едім. Сол сауалға бүгін жауап алғандай болым. Аттан деп жорыққа шақырып тұратын, намысты жанып, рухты занғар биіккө көтеретін, ерлік пен батырлықты паш өтөтін мынандай музыка аспабы тұрғанда, қос ішектің домбыра тұрғанда алаш азаматы, түркі жүртү көк бөрілі байрагын төмендетуі мүмкін бе? Мүмкін емес қой, Бегман аға!

Мына қос шектен ағылған лағыл лөбіз күллі жан дүниемді астан-кестен етіп, мендегі бар қасиетті сұзгіден өткізіп тазасын қалдырып, қоқыс қажетсізін лақтырып тастағандай әсер етті. Бойым женілдеп, ойым жаңарғандай болды. Ғажап дүние... ғажап! – деді түркиялыш Кенан дос қоңыр домбыраның ғажап үніне таңданысын жасыра алмай.

Домбыра шанағынан төгілгөн буырқанған күйлөрден түркиялыш Кенан Коч сонау ықылым заманғы бүрк-сарқ қайнап жатқан түріктік рухты жан жүргесімен сезінсе керек. Қан тартады деген осы да! Болмаса ағылшынның не немістің домбыраның қоңыр үніне сүйсінуі мүмкін, алайда Кенандай ағыл-тегіл болуы екі талай.

Қос ішектің тербелісіндө ұлттық, түріктік рух аңқып түр ғой, аңқып түр!

Шіркін, домбыра, сен толғанған кезде, тамыр-тамырды қуалай аққан қаннның тасып, тұла бойынды ерен қуат пен қайрат кернеп, аруақтанып, арқаланып шыға келетінім бар. Рухты күй шалқынған кезде тегеурінге тегеурін, жігерге жігер қосылып бара жатады. Ол – намыстың, рухтың төлкүжаты, жемісті ойдың, тындырымды істің бастауы. Жастарды ақылды, жау жүрек етіп, қарттарды жайрандаған жастығын сағындырады.

Бұл күмбірлеғен күйлерді кім сыйлаған қазаққа? Осыншама ғажайып сезімге үйреткөн кім? Күндіз күні, түнде айы қалықтаған көк аспан, шетсіз де шексіз сайын дала,

қырандардың сүйлөгөн қанаты мен тұлпарлардың дүрсілдепткен тұяғы, сүйем жерін қорғап жан беріп, жан алысқан жас қазақ сарбазының атойы, Қазақ Елінің бүкіл тарихы үйреткен оларды, құйқылжыған күйлерді.

Немерем Ердияр кешкісін сабактан келе әкесіне:

– Эке, мен мектепте үйымдастырылған домбыра үйірмесіне қатысқым келеді. Соган маған домбыра сатып алып беріңіз, – деді.

Әкесі:

– Балам-ау, одан да басқа өнімді іспен айналыссаң етті. Мәселең, футбол, шахмат дегендей. Егер нәтиже көрсетер болсаң, еліңді дүниө жүзіне танытатын боласың, әрі табысты да. Ал Қаршыға болдың дейік, сені қазақтан басқа кім таниды? Ешкім де, – дегені. Міне, бүгінгі түсінік! «Бүгінгі қазақ бұрынғы қазақ емес, мұлдем өзгерген қазақ» (Г.Бағыт). Ал мениң әжем маған:

– Балам-ау, домбыраның әсем сазына жетер бұл жалғанда әуен жоқ. Оны тыңдалап үйрен. Ол көпті көрген, көп білеттін көсем той, – деген еді-ау со-о-нау баяғыда, мениң жас кезімде. Әліпті таяқ деп білмейтін «сауатсыз» әжем қазақтың жүрегіндегі халқына, жері мен отанына деген отын, тіліне, діні мен діліне деген жалынын, өткен мен бүгінгісіне деген сүйіспеншілік жылуын мәңгі сөндірмей сақтап, ұрпақтан ұрпаққа жеткізуши алтын көпір осы қоңыр домбыра екендігін білгендейгінен ескерткен әкен-ау.

Үзілген жіп түйінделіп барып жалғанатында, үзілген салт-дәстүрдің де қайта жалғасуы екіталаі екенін сезгендігінен айтқан екен-ау әз әжем. Осынау қарапайым түсініктің екі институт бітірсек те парқына жетпейміз-ау, жетпейміз. Қайд-а-ан!

Бұгінде домбыра үйірмесіне қатысамын деген немерем сабагынан басқа екі өнердің шылбырын ұстауда. Біріншісі – домбыра да, екіншісі – шахмат.

Немерем тартқан күйлерді тыңдалп отырып, жаратқанға мың мәрте шүкіршілігімді білдіремін. Дәстүрдің жалғасқанына. Қоңыр үннің, менің ата-бабам дүниеге әкелген жанға жайлы қоңыр күйінің әлем «коркестріне» қосылып үндерекеніне.

Домбыраны төрдегі кілемге іліп қою жеткіліксіз, оны ойнай да білу керек, қазағым!

Домбыра – қазақ халқының мінез-құлқын, арманы мен мұддесін көрсететін киелі аспап.

Кейбір отбасының табалдырығын аттасаң көз жауын алар шетелдік қымбат жиһаздардан, төсеген қалың кілемдерден көз сүрінеді. Сынғырлап тұр. Мін таппайсын. Еуропа. Сүйсінерлік. Байлық пен мансалтың көрсеткішіндегі. Шаңырақ иелері осы тұрмысына мәз. Төрт құбыласы түгел. Алайда мұнда қазақтықтың иісінің бірі де жоқ. Ұмытып барады екем. Қазақылық бар. Ол төрдө ілініп тұрган жалпақ бет үй иелерінің суреттері.

Ал егер төрде қоңыр домбыра іпулі үйге бас сұқсаң болғаны: көпкен қазы мен қартаның иісі,

киікоты аңқыған қымыздың іісі. Ашытқан көжениң қышқылтым іісі, куырылған құйрықтың іісі мұрныңды жарып тұрады. Иә, мұнда қазақтар тұратыны белп-белгілі.

Қайран домбыра! Қазақтың қуллі қасиетінің қазынасы, сақтаушы киесі. Бізді ұлы көшпендейлердің үрлағы екенімізді, қазақ екенімізді, қазақылықтан көз жазып қалмауымызды, өзімізге тән, ешкімге үқсамайтын ғасырлар бойы қалыптасқан салт-дәстүріміз берілген болмысымыздан айырылып қалмауымызды үнемі ескертіп келе жатқан жоқ па?! Қайраң менің "нағыз қазағым", мына қыын қыстау заманда, жаһандану заманында қазағыңды адастырмай өз отбасына, өзінің қасиетті шаңырағына, ұлттық келбетіне қайта келтіргейсің! Сөнен өтініш!

Афинадағы домбыра. Мұзарт шыңдардан да биік көз ұшында бүркіт қалқиды. Тылсым жіппен іліп қойғандай, қанат қақтай кок күмбезін баяу сыйады. Құс атаулының бекзаты қыран той бүл. Қазақ ақындарының жырларында осынау сұңқар жайында жырланатыны да сондықтан. Өзге қанаттылар күйбендең деп шыр-шыр етіп бүтадан-бүтага қонып, күл қоқыстың айналасынан айналышықтап шықласа, бүркіттер көктің көбесін сөгіп, алыс қияда самғайды. Басқалардай құйқылжыта сайрамайды, шаңқылдаған даусы айбынды, бұла күшке толы, рухты. Өзге қанаттылар күн ызғары сәл білінді-ақ туып-өскен өлкесін тастап, жылы да жайлы мекенге кетіп отырады. Ал қырандар қанша

боран бораса да, қанша қиянат көрсө дө тұған шынын еш жұмаққа айырбастамайды. Оққа байланса да сол биігінде қалады.

Қазақ елінің аспанында қырандар қалықтаған, қалықтап жүр. Оның әр шаңқылында ерлік пен қаһармандықтың лебі еседі.

Ежелгі Эллада Грек мифологиясы әдебиетінің негізгі арқауының ұлы ескерткіштері – «Илиада» мен «Одиссеяның» отаны, Платон мен Аристотель сынды данышпандар өлі, ежелгі грек әдебиетінің көрнекі өкілдері Эзоп, Эсхил, Софокл, Евклид, Аристофанды дүниеге келтірген құнарлы топырақ, «Құдайлардың көңілінен шығатындағы ойын ұйымдастырып», «қасиетті тыныштық» орнату мақсатында Зевс құдайының құрметтіне тұнғыш рет олимпиадалық жарыстар өткізген тарихи мекен. Өркениет көшбасшы елдерінің бірі – Греция.

Адамзат небір таңғажайып құндылықтарды дүниеге келтіргені белгілі. Соның бірі дө бірегейі кібісі жылдары өткізіліп тұратын олимпиада ойындары. Төрткүл дүниеден жиналған «сен тұр мен атайын» дейтін сайыпқырандар күш сынасып, бақ таластырар сайыс алаңы. Кім күштірек, жылдамырақ, шыдамдырақ, ептірек екенін анықтайтын бәсеке мекені. Қай өл қыранының қуатты, рухы биік екенін айқындаитын сынақ мекені.

2004 жыл Олимпиада ойындарының отанына шартаралтан жүректі дө шойын білекті қыз-

жігіттер бас қосты. Енді ғана еркін тыныс алған көшпенді ел де жау жүрек перзенттерің ақ батасын беріп, ақ жол тілеп, ұлы дүбірге аттандырып салды.

Алтын кірпікті күн аясында қыран құсы қалықтаған көк байрақты қолға алып, аламан бәйгеге түскен «Құлагерлерімізге» дем бермек оймен біз дө аттандық Афинаға. Афина – таңғажайып тарихи оқиғалар тоғысқан әлемге әйгілі Афина. Сұлулық пен сымбаттың үкісіндей, үйлесім мен үндестіктің үлгісіндей Акрополь мен Агора алаңында әлемге әйгілі сәулетші Фидийдің қол таңбасы қалған Афина. Әсемдік пен әдеміліктің әуезіндей, талғам мен таланттың дәл өзіндей Эрехтейондар храмы, олимпиалық Зевс құдайының көздің жауын алған гибадатханасы бар Афина. Он бесстегі қаса сүлудай сылан қаққан Афина.

– Осы Афина сөзінің түпкі мағынасы нені меңзейді, – деп сұрадым *Mysir* досымнан, Эрехтейон храмының қалдықтарын тамашалай жүріп. Өйткені ол Берлиндеңі Гумвольдт атындағы университетінің магистратурасын тамамдалап, әлем тарихы бойынша ғылыми еңбек қорғаған болатын.

– Қала Зевс құдайының қызы Афина Палладаның есімімен аталған. Ал Зевс деген – грек мифологиясы бойынша «адам атаулының және құдай біткеннің әкесі». Ежелгі Элладаның бас құдайы Зевс Олимп тауын мекен еткен. Миф бойынша бұл тауды мекендеген құдайлардың

әрқайсысында белгілі бір қызмет берілген. Афина болса – соғыс, өнер, қалалар мен елдерді қорғау құдайы, Гермес – сауда құдайы, Афродита – ғашықтық пен сұлулық құдайы, сонымен бірге ақылдық пен тапқырлықтың иесі. Бұл қалада Афинаның құрметтіне бүкіл халықтық мерекелер өткізіліп тұрады.

– Мұсеке, олимпиада ойындары басталғанша қаланың көрнекті орындарын тамашалап алсақ оңды болар еди.

– Ол не дегенің, Беке, Афинаның кез көлген бұрышы, алаңы, гибадатханасы, қала берді қақласы мен кірпішине дейін өткен тарихының ескерткіші. Бүкіл қала дана грек халқының өткені мен бүгінгісін көрсететін ашық, аспан астындағы мұражайы десе де болады.

– Десе де қаланың ең негізгі тарихи іргөтасы, өзегі бар шыгар, Мұсеке, – деді Лес.

– Иә, әрине, бүгінгі Афинаның көркі дүние жүзі архитектурасы інжу-маржанның бірі әрі бірегейі Акрополь ансамблі.

– Ансамбль қай жылдары салынған, – дедім мен.

– Акропольдің архитектура мұралары біздің заманымызға дейінгі 444-429 жылдары «Периклдің алтын заманы» деп аталатын кезеңде аса талантты сәулетші Фидийдің басшылығымен салынған.

– Мәссаған, біздің әрамызға дейінгі сәулет өнері, – таңдайын тақылдата бас шайқап, – ал біз болмақ..., – деп Лес сөзін ары қарай

жалғастырмай тілін тістей қалды.

– Жігіттер, мына ғажапқа назар аударындар,
– деп жалғастырды *Müsir*, – бұл Акрополь
ансамблін құрайтын классикалық периптер –
Парфенон және Эрехтейон гибадатханалары
мына өздерің көріп тұрған Нике Аптерос
гибадатханасы – ежелгі грек архитектурасының
шыңы. Ал мына Афина Палладаның қола мүсінін
ұлы Фидий сомдаған.

– Жігіттер, – деді *Müsir* біз үшін маңызды
ақпарат айтқалы тұрғанын анғартып өдейі
«жігіттер» сөзіне екпін түсіре, – жігіттер, ең
басты біздің заманымызға дейінгі VII-VI ғасырда
өмір сурғен Эллада (Грекия) өмір сүріп, жеті
данышпанның бірі атанған Анахарсис жайында
айтпаппын ғой сендергө.

Біз елең етістік. Шынында да Анахарсис
баба жөнінде хабардар емес едік.

– Анахарсис бабамыз... жеті данышпанның
бірі... Эллада елінде? – дестік екеуміз жарыса.

Иә, ол абыз бабамыз жайында «тарих
атасы» деп әлем таныған Геродоттың
сонымен бірге аты аңызға айналған ежелгі
оishылдар Платонның, Лукианның еңбектерінде
анық мәліметтер берілген.

– *Mүсеке*, жаңылысып тұрған жоқсыз ба?
Геродот, Платон сияқты ұлы данышпандардың
еңбектеріндө?... – деді Лес таңданысын жасыра
алмай.

– Иә, Леке, Геродот біздің бабамыз жөнінде:
«Анахарсис көп елде болып, онда өзінің ұлы

даналық сөздерін айтқан...» десе Диоген Лаэтский «Атақты философтардың өмірі, ілімдері мен нақыл сөздері» деген кітабындағы «Анахарсис» деген тарауында оның кеме якорын ойлап тапқандығы, гончар дөңгелегі мен кеме желкенін жетілдіргені жайында сөз етеді.

Сонымен бірге ұлы бабаның: «Басқа бәле тілден», «Бір адап дос мың сенімсіз достан артық», «Базар-адамдар бірін-бірі алдап, тонау мақсатында өдейі ойлап табылған орын», «Элладада ақылды адамдар сөз сөйлейді, мәселені ақымақтар шешеді» деген күні бүгінге дейін халық аузынан түспейтін қанатты сөздерін келтіреді. Анахарсистың шешендік өнерін Афина ақсүйектерінің мойындау белгісі ретінде «Сақ осылай деген» қанатты сөз тараған.

– Мұсеке-ая, Анахарсис бабаның даналық сөздерінің болмыс-бітімі қазақтың белгілі шешен-білерінің сөзімен қабаттасып жатыр той, – дедім мен таңданысымды жасыра алмай.

– Міне, Беке, дұрыс пайымдадыңыз. Осы сабактастықтың өзі Анахарсистің біздің бабамыз екенін дәлелдеп тұрган жоқ па?

– Мұсеке, – деді Лес, – гректер өткен тарихын аса құрметтейтін ұқыпты халық қой. Біздің бабамызға да арнап бір белгі қойған болар. Сол жөнінде не білесіз?

– Ақылман бабамыздың жат жерде, бөтен елде өзінің ақылдылығымен, аса білімділігімен, дүниетанымының кеңділігімен үлкен құрметке ие

болғандығын Афина билеушісі, атақты реформатор Солонның мына сөзінен-ақ байқауға болады: «Афиналықтар, мен сендер үшін әділетті заң жасадым, оны өздерің үшін де, мемлекет үшін де пайдалы деп есептеймін. Ал мына жат елдік азамат... скиф бола тұрып ақылға бай, дана. Ол менің көзімді ашты, ойымды байытты, көптеген пікірлөрімді басқаша байыптауга көмектесті, толып жатқан кеңес беріп, білім мен пайдалы іске үйретті. Сондықтан да бұл азаматты ел үшін де, мемлекет үшін де құтты деп санап, оның мұсінің мыстан құйып, ең бір құрметті жерге қалаулыларының мұсіндерімен қатар қойындар деп өтініш еткен, – деді Мусекең

– Тілі де, ділі де бөлек, мәдениеті мен өнері дамыған Эллада елі даналығын мойындаған, төрінен орын берген дегдар бабамыз Анахарсисті оның үрпақтары, біздер, күні бүгінге дейін неге білмей келгенбіз, – дедім мен қүйініп.

– Бодандықтың қыл бұрауы оған мұрша берді ме, Беке, «ұлы» халық бұратана елдің өткөнін, тілін, дінін, салт-дәстүрін жоюға бар күш-жігерін жұмсайтыны белгілі гой.

Әсіресе ұлт мақтаныш ететін Анахарсис секілді түркі ұлыларының өлемдік өркениетке қосқан жетістіктері мен ұлттық құндылықтарын үрпақ санасынан сыйып тастауга тырысады. Көшпендейлерден шыққан даналарды танымауымыздың басты себебі осы.

– Тәуелсіздіктің аясында қол-аяғымыздың темір құрсаудан босаған шақта ең әуөлі, дала өркениетін, көне түркі мәдениетін жасаған бабаларымызды танып, олар қалыптастырыған түркілік рух, ұлттық нағызының қастерлеу – біздің ұлы мұраттымыз, – деді Мүсекең студенттердің алдында лекция оқып тұрғандай шабыттана.

– Олай болса, – деді Лес, – ұлы бабаның жәдігеріне барып, аруағына құран бағыштайық, ғүл шоқтарын қоялық, – деген ұсыныс жасады. Бәріміз оның ғүл ұсынысын қош көрдік.

– Аңызға айналған спорт мерекесін ұйымдастыру идеясы қалай туындаған. Алғашқы ғұлақ көзін ашқан кім, Мүсеке, соны айттыңызши, – деді Лес Анахарсис жәдігерін іздеп шыққан жолда.

– Ежелгі Эллада елінің мемлекеттерін бітпейтін де таусылмайтын қанқасап соғыстар әбден титықтатып тұрған. Эллин патшасы Ифрит өз елін қан жоса қырғыннан сақтап қалудың жолын іздеп, Дельфидегі дана қарттан ақыл сұрай барады. «Құдайлардың көңілінен шығатын ойын ұйымдастыр», – дейді ақылман қарт. Олимпиада ойындарын ұйымдастыру идеясы, міне, осыдан туындаиды. Ежелгі гректердің даналығы адамдар мен мемлекеттер арасындағы бәсекөлестікті шешуді соғыспен емес, бейбіт жарыстар, күш сыннасулар арқылы шешуді жүйелеп бергендігінен танылады. Шынтуайтқа келгенде, бүгінде спорттық

жарыстар ұлтты үйітатын, ұлттың рухын көтеретін тегеурінді күшіне айналды, – деді Мусір олимпиада тарихынан хабардар етіп.

Алмас. Қазақтың аспанында қырандар қалқиды. Қанат қақпай ақ басты шыңдардың ұшар басынан тәкаппар да маңғаз жер ана тесіне өткір көз қызығын сала көк күмбездің көбесін сөгө баяу сыйады. Өзге қанаттылар нәпақа іздел күл-қоқыс пен шөп-шаламның біріншісінен екіншісіне шыр-шыр етіп тыным таппаса, ал бүркіттер сонау заңғар биқтөн көз ілеспес жылдамдықпен жасындаі жарқылдал жемтігіне сорғалайды. Аспан астының тегеурінді қанатты кожасы сандуғаштай ет жүрекінді елжіретер көмейінен күй төкпейді, алайда олардың кеңістікті кесіп өтетін шаңқылы да зор, айбынды. Ерлік пен батырлықтың ұранындаі. Қиянат көрсө де, оққа байланса да өз туған шынын тастамайды. Мертіксө де өз жартасына соғылып жан тәсілім етеді. Өйткені қырандар өзгеше өмір сүре алмайды. Иә, басқаша өмір сүруі мүмкін емес.

Алмастың екінші қарсыласы түркменнің ақалтеке тұлпарындаі шиыршық атқан сайын қыран жігіті Бәшір шарши алаңға шықты. Қимылы алапат. Қарсыласын жүндей түтіп жіберердей жер тарпиды. Оның алғашқы жекпе-жегінде латыштық былғары қолғап шеберін үшінші раунтта қалпақтай ұшырып түсіргенін көз көрген. Оң қолының соққысы өтө ауыр «Алмасымыз қалай қайрат қылар екен?» деген

күпті ой жүрегімді шайлықтырады.

— Леке, — дедім мен «төбелеске» өзім шығатында қобалжып, — сен қаршадайынчан бокстың жілігін шағып, майын ішкен «тентектің» бірісің ғой, мына түркменнің бәйгеге үкілеп қосқан «ақылтексінің» жұдырығы қаншалықты тегеурінді, шаршы алаңда шырышық атуы сойқан ғой, құдай сақтасын.

— Түркменнің Бәшірі — соңғы үш-төрт жылдың беделінде шаршы алаңда қарсыласын бет қаратпай жапырып жүрген «бұзықтың» өзі. Қытайда өткен осы олимпиадаға лицензия алу турнирінде бүкіл қарсыласын қыран жапқандай еткен бұл. Бүкіл түркімен халқының «медаль алса осы алады-ау» деп үкілі үмітпен қосып отырған оғланы — осы Бәшір. Алмас аса сақтықпен қорғана ойнамаса, оның оң қолының соққысына бір іліксе, ес жиуы қыынға түсетіні анық, — деді Лес жекпе-жектің ауыр болатынын мензеп. Мұны естіген менің көңілім білтесін басқан шырагдандаі пәсексіп қалды.

— Шаршы алаңында жұдырықтасуда, менімше, күш, жүрек және ақыл шешуші роль атқаратыны сияқты, — деді Мұсір сөзін Леске бағыштап.

— Дұрыс, сонымен бірге, сіз айтқандарға жылдамдық пен «төбелесу» техникасын қосыңыз. Осы қасиеттерді бойына сінірген боксшы ғана мынадай аламан бәйгеде жақсы нәтижеге қол соза алады, — деді заманында шаршы алаңда атой салып, сансыз қарсыласын

сансыратап, мойнына «алқа» ілген Лес.

Жекпе-жек басталды. Шаршы алаңға өзім шыққандаймын. Әлдеқандай заман болады дег жүрек дірдек қағады. Түрікменнің гүрзі жұдырығы Алмасқа емес, маған сілтенип жатқандай. Іштей аруақтарға сыйынып, Алладан медет тілеймін. Әткір ұстараның жүзіндө жүргендеймін. Алма-кезек жұдырық сілтесіп бірінші раунд аяқталады. Менімше, төбелес итжығыспен тәмамдалған сияқты. Анау айтқан ешқайсысының басымдығы байқалмады.

– Түрікменнің «ақылтекесін» «сындырды» Алмас, – деді Лес, – тұлпардың тұлғасына қарап танитын атбейгідей бізге алма кезек масаттана көз тастап.

– Қалай?

– Қалайша? – дедік Мұсір екеуміз бірдей таңданысымыз берің мен қуанышымызды жасыра алмай.

– Біздің Алмас қарсыласының алғашқы шабуылын қып тастап, ол он қол сілтегенше, екі мәрте жойқын соққы беріп, шегініп үлгереді. Қазақтың мұзбалагы дұрыс тактика таңдай білген. Аяқ алысы мен қол сілтесі үйлесім тапқан. Қарсыласына қарағанда, біздің бала тың Соққылары жігерлі.

Лекен қаншалықты тігісін жатқызып Алмастың артықшылығын айтқанымен, олимпиададай аламан бәйгеге осалдар көлмесі анық. Кім біледі? Жазатайым түрікменнің ауыр он қолының ынғайына келіп, қапыда көтуі мүмкін

той деген күдік те үрэй ұшырады.

Бәшір де сен тұр мен атайын деген бір елдің үміт артар атап жілікті, сом білекті, атпап азаматы той. Алмасты бірнеше рет тығырыққа тіреп, шыбын жанымызды шырқыратқан кездері де болды. Алайда төртінші раундта түркімен «ақылтекесінің» қарқыны бәсекесіп, қанаты қайырылған қораздай ұнжырғасы түсті. Біздің қыран айызымызды қандыра оңдырмай қуып жүріп сабады. Шаршы алаңдағы жекпе-жекте өзіміз үстем болғандай «Алмас, Алмас» – деп, тақиямызды аспанға аттық. Бізге «Бала болып кеттіңдер ме?» деген ешкім жоқ. Кенірдегіміз жыртылғанша айқайға бастық. Женіс шіркіннің дәмінің тәттісі-ай!

Ширек финал. Алмастың келесі қарсыласы – украиндық Поляков.

– Леке, мына қарсыласымыз жайында не білесіз? – деді Мұсір шаршы алаң төбелесінің білгіріне.

– Қазақта мынандай қанатты сөз бар: «Борсықты ұрған сайын семіреді» деген, бұл жанкешті таяқ жеген сайын ширыға түсетін «тентек». Қытайдың ұлы қорғанындағы мықты қорғанысы бар. Өткенде Алмас Бәшірмен жұдырықтасқанда, бұл француздың ұзын бойлы айлалы да маневрлі боксшысын шаршы алаңда қуып жүріп, қан жоса еткенін көргенсіздер. Дүлей күш иесі. Бейне танк дерсің, жолындағы кедергісін тапап, жаншып жүре береді.

– Леке, бізді жекпе-жек басталмай жатып

жүргегімізді ұшырып жібердіңіз той, сонда біздің шансымыз жоқ па? Соны айтыңызы, – деді Мұсір үні тарғылданып.

– Сіздер сурадыңыздар, мен Поляковтың кім екенін, қандай атлет екенін айттым. Жұдырықтасу нәтижесі біздің жігіттің қандай тактиканы таңдайтынына байланысты. Айтты дерсіңдер де қоярсыңдар, украиндық жігіт оңай шағылатын жаңғақ емес.

Лестің мына сөзі көңілімді жүдеміп, қамықтырып, қапырықты ойға қалдырыды.

Ширек финал басталды. Алғашқы минутта ақ украиндық «танк» арма да жоқ, бар бол да жоқ, бас-көзге қарамай оқ боратып, есепті алтыда бірге жеткізді. «Өлген жеріміз осы шығар» деп жігеріміз құм болып, өзөгіміз өртеніп, еңсөміз өзіліп біз отырмыз кірерге тесік таппай. Ел намысы мен жер намысын арқалаған арысыңды, ерім деп бәйгеге үкілел қосқан «Құлагерді» украиндық Батыраш сойыл сілтеп, көз аштырмай жатса, жер болмай көр, қазақтың намысы сынға түсіп, көк байрагымыз кекке көтеріліп, әнұранымыз шалқыр деген үмітіміз үзілгелі тұрғанда, өртенбей көр, еңсөң өзілмей көр.

– Алмас, сені анаң туғанда ұл тудым деп қалжа жеген шығар. Сен батыр бабаларының сарқытысың, намысыңды жібермө! – деп айқайды салды Мұсір іштегі алай-дүлей сезімнен даусы тарғылдана шығып, түсі өрт шалған ағаштың қабығындаи түтігіп.

Алмас қайдан ести қойсын оны. Қайдан? Мына сырнайлатқан, кернейлеткен, барабандатқан айқай-шудан құлақ тұнған спорт сарайында. Онікі құр далбаса ғой, далбаса. Бауыздалған қойдың соңы түяқ серпері секілді.

Күнделік дәптерден. Батыр балаларыңың үрпағысың демекші. XIX ғасырдың соңы, Хорбин қаласы. Французша күрестен жолы болмай: «Тәйірі бұл да күрес болып па, еріккеннің ермегі гана. Ал шын мықты болсаңдар, ережесіз айқасқа қайсың шығасын!» деп джиу-джитсудың дүлейі Саракики қос қолын көкке білеп ортаға шықты. Атағы шартарапқа тараған талай білекті палуандардың жүректері дауалмай төменшіктең қалған. Есімін өстігендеге көмейінен от шашқан жеті басты айдаһардың да жүргегі шайлышқан Иван Поддубный, Иван Щемякин, Алекс Аберг, Збычкац Цыканеевич сынды төрткүл дүниенің тектілерінің ешқайсысының Саракикиге қарсы шығуга жүректері батпады. Тек қазақтың жүректі де білекті қайсар перзенті: «Қоянды қамыс, ерді намыс өлтіреді!» деді де тәуекелге бел байлап ортаға шықты. Бұл Қажымұқан өді.

Жан беріп, жан алысқан алапат айқас басталды. Ережесіз күрестің сырына қанықлаған Қажекең алғашында жоса-жоса қанға бекті. Ақырында мейманасы тасыған жапон жігітін кілемге атып ұрып, бас терісін сыптырып қолына

берді. Осылайша Саракиқидің жаны мәңгілікке жай тапты.

Айқастың екінші раундтында қазақтың қара домалағы Арыстанды-Қарабастының желіндегі дүлейленіп кетті. Соққыны қарша боратып «танкінің» адымын аштырмады. Шаршы алаңының о бұрышынан, бұз бұрышына қуып тоқлақтатсын келіп. Жаңа ғана көңілімізді албастыдай басқан қап-қара түнек серпіліп, жан жадыраттар бір жылы ағыс, нұрлы қуаныш жан дүниемізді баурап алды.

Мігірсіз кеңістіктің бітім-болмысын жанына, одан асса жүргегіне сіңіріп өскен, сайын даланың жомарт мінезі қанында бар Алмас тегеурінін үдөтіп, үшінші раундта-ақ айқын басымдықпен, Лес айтпақшы, кез келген кедергіні таптап кететін «танкіні» тізе бүктірді. Біз танауымыз делдиіп, желлініп қалдық. Желлінбей ше мынадай төрткүл дүние күш сынасатын аламан бәйгеде қарсыласын ширек финалда төртінші раундқа жеткізбей сағын сындыру көрінген пөнденің қолынан келе бермесі хақ.

Жартылай финал. Алмастың кезекті бәсекелесі – ресейлік Олег Саитов.

– Леке, Олег жөнінде не білесіз? – деді Мұсір кезінде «тәбелес» десе ішкен асын ысырып қоятын досынан сыр тартып.

– Бокс мектебі қарыштап дамыған екі-уш мемлекет бар. Солардың біріншісі бостандық аралы атанған Куба болса, екіншісі солтүстіктегі көршіміз.

Ресейдің АИБА-ның әлемдік рейтингісінде атағы шыққан боксшылары көп. Сол жарық жүлдышдарының бірі де бірегейі – Олег. Olsen, басқасын айтпағанда, бұған дейін екі дүркін олимпиада алтынын иелөнген саңлақ. Мұндай аты шулы аламан бәйгеде ең жоғарғы пробалы медальдарды бостан-босқа үлестіре бермейтіні белгілі. Мұның өзі оның қандай боксши екенін көрсетіп тұрған жоқ па? Өте тәжірибелі де маневрлі, тәбелестің қырсырын жетік менгерген сұнғыла спортшы. Ал орыстар Ресейдің мәртебесін арттыру мақсатында оны үшінші рет чемпион етеміз деп келіп отырғаны даусыз.

– Ойда-қырда бізге шанс жоқ десеңші, Леке, – деді Mysir қамығып.

– Неге болмасын? Менімшө, жылдамдық пен қара күш жағынан ол біздің оғланнан кемшін түсептің сияқты. Алмаста жастық жалын бар, жігер бар.

– Жақсы сөз жарым ырыс деген, жекпө-жек басталмай жатып үмітімізді үзбей, бәсө, солай десенізші, – деді Mysir даусы жылып.

– Мені бір жәдігей ой мазалап тұрғаны, – деді оның әрбір пікіріне құранның аятындаі сеніп алған Mysir.

– Аузын айға біләген Ресейдің құрметтіне төрешілер пенделік жасап Саидовты «сүйреп» шыға ма деген әзәзіл ой. Алмастың шығар биігі қола медаль-ау деген дүмбілездеу көңіл-күй қанша жасқасам да кетер емес, – деді Лекен

кудігін жайып салып. Лестің мына тосын ойы біздің көңілімізді көбенсітіп тастанады.

Жартылай финалға шыққан қос жігіт былғары қолғаптарын түйістірді. Қазақтың жас түлегі әдемтегідей барлау жасамай-ақ Арыстанды-Қарабастың желіндегі құйындастты дейсің. Олеғтің атақ-данқынан сескену жоқ. Шаршы алаңның марқасқасына айналған Саитов қорғанысты шебер қолдана білгенімен, бірінші раундта бес ұпайға есе жіберіп алды. Шаршы алаң жекпе-жегі көюжиегінде әлі жарқырап көрінбеген, былғары қолғап шеберлері әлемінде танылмаган қазақ көюжендетінің мына дүр-дүр сілкінісінде зор қайрат лебі барын орыстың аманатын арқалаған аса тәжірибелі, алдына жан салмас сұнғыла өккі атлеті аса сақтықлен жұдырықтаспаса, мерт ететінін көңіліне түйді-ау деймін. Шабуылға шабуылмен жауап беріп, екінші раундта үш ұпай кем түссе, үшіншіде ұпай сандары теңесті. Лестің «төрешілер Ресейдің мәртебесі үшін Олеғті сүйреп шығады» деген «жәдігөй ойы» шындыққа айналды-ау деген жорамал ұнжыргамызды түсіріп, көңілімізді құлазытып сала берді.

Финалға, ақтық айқасқа жолдама «төбелестің» төртінші кезеңінде шешілөтін болды.

Жанды шубірекке түйіп, Алладан мәдем тілеп біз отырымыз.

Шешуші кезең. Айқын басымдық танытпаса, жөністің көгілдір құсын қолдан ұшырып

алатынын сезсе керек Алмастың қарқыны алапат. Екпіндепе жұдырық сілтеп жүр. Тас қорғаннан саңлау тапса, жасындай қадалатын оң қолын қадай ұрып ресейліктің шаңырағын шайқалтып, табанына таяныш тапқызбай барады. Тәжірибелі аты тәжірибе той. Олег қанжардай қадалған соққыдан талай рет нурег жасап, әрең құтылып кетіп отырды. Көрер көзге қазақ оғланының дөп тигізген соққысын есепке алмай төрешілер біздің жүйкемізді жүқартумен болды. Қан қысымым көтеріліп, зығырданым қайнады. Қос қолды көкке білеп:

— Алмас, Ал-мас, Ал-мас, — дед айқайды салып, жер тарпыдым. Жер-жерден қазақтың көк байрағын желпи түсіп, мені қоштап «Алмастаған» қаһарлы ұран спорт сарайын басқа көтереді. Аламан бәйгеге түскен қай тұлпар демеген қиқу естігенде аянып қалсын, Алмас та ширіга түсіп, қарсыласын соққының астына алды. Екі сағатқа созылғандай жекпек-жектің соңғы екі минуты да аяқталды-ау, әйттеуір. Үш ұпай артықшылығымен біздің сайып-қыранның пайдасына шешілді.

Тәңір тілеуімізді беріп, пора-пора болған маңдай терімізді сүрттік-ау.

— Ал, жігіттер, — деді Лес, — екі қолын ысқылап, құттықтаймын, кем дегенде олимпиаданың күміс медалі қалтада, үмітсіз шайтан деген.

— Бүгін қарқынына қарағанда Алмас алтынан алқа тағуы туіс. Қазақтың үкілеп бәйгеге салған

ұл-қызы үміттің ақтамаса, өл беттіне қалай қарамақ? «Бірде бірің женіс тұғырына көтеріле алмай не беттеріңмен келдіңдер, алтын алғандардың сендерден несі артық демей ме жүрт» – дедім мен Лестің сөзін бөліп.

– Олимпиадағы Алмас қазақтың ең соңғы жалғыз үміті ғой. Бүгінгі тегеуінді де сауатты бокстасуына қарағанда ел намысын биіктен көрсетер, – деді Мұсір.

– Алмастың ендігі қарсыласы шаршы алаңда шалт әрекетіне екінің бірі шыдас бере бермейтін бостандық аралының азұлы арыстаны Арагонес екенін ұмытпаңдар, жігіттер, – деді Лес.

– Ал азұлы арыстанның құдіреті нөде сонда? – дедім мен.

– Біріншіден, төрт бірдей кубалық олимпиаданың алтын алқасын тағып үлгерді. Арагонес те сол салтанатты женіс шеруінен көрінуге бар күшін салары хақ. Екіншіден, өте төзімді шоқпарман ұрып құлатпасаң, жай жұдырығыңды шыбын құрлы көрмейді. Үшіншіден, өте тәжірибелі. Сол қолы аса қауіпті. Алдыңғы төрт қарсыласын да техникалық накдаунмен женғенін өз көздеріңмен көргенсіздер. Әсіресе сол қолымен бүйректен апперкот, жақтан хук соқыларын қапысыз жұмсауға аса шебер.

– Ой, Леке-ай, кубалық дүлейдің қасиеттерін төндіріп, адамның кәпелегін ұшырып жібердіңіз-ау. Ал біздің жігіттің оған қарсы қояр қандай қайраты бар?

— Ол өтө сезімтал, дөлө дауылдың қай түстен соғатынын алдын ала біледі. Жойқын күшке сай сауатты қорғаныс ұйымдастыруға шебер. Кубалыққа қарағанда Алмас жылдам. Оған жастық жалынын қосыныз. Оның ауыр соққысы оң қолында. Иектің астынан найзадай қадап ұрған соққысына екінің бірі шыдас берө бермейді. Ең төуір жері қандай қыын қыспаққа түспесін асып-сасуды, қызбалыққа салынуды білмейді. Оны алтын медальға алып баратын бірден-бір қасиеті осы.

Айтпақшы, ұмытып барады екенмін, Алмастың осы олимпиадаға төрт бірдей жекпегегінен байқағаным, ол үш қашықта да бірдей төбелесе алады. Алыстан шабуылдан, жақын қашықтықта оң қолмен жақтан хук соққысын беруге әбден машықтанған. Ал орташа қашықтықта әрі шабуылдан, әрі қорғанысты сауатты пайдаланады.

Финал. Арагонес екі иығын жұлып жеп шаршы алаңға сыймай шиширшық атады. Құрзідей қолдарын бір-біріне сарт-сүрт соққылап, қарсыласына қолданатын тактикалық әдіс-тәсілдерін қайта-қайта қайталап ет қыздыруда. Қол сілтөген сайын өріктің шайырындай бұж-бұж бұлшық еттері одан бетер білеулене түседі.

«Ойпырмай мына зәңгінің түрі жаман ғой, жасаған қазақтың «жалғызына» жар бола гөр» дедім іштей. Гректің ежелгі мифтеріндегі Крит бұқасындай аласұрған шаршы алаңдағы періні

көріп. Спорт сарайы азан-қазан. Сырнайлатқан, кернейлеткен, барабандатқан әлем-жәлем тобыр. Арагонестің өр қымылына айыздары қанып, қазандағы быламықтай бұрқылдайды.

Міне, қазақтың үміт еткен «жалғызы» да шаршы алаңға шықты. «Крит бұқасына» қарағанда қораштау көріне мө қалай? Әйттеуір солай көрінді көзге. «Иә, жасаған жар бола гәр, батыр бабаларға берген құшті бере гәр» деп іштей сан мәрте қайталаймын, – жанды шубірекке түйіп. Біздің қолдан келер қайран тек сырттай тілектес болуғана.

Құдайлардың құдайы Зевс мекендеғен Олимп тауының алтын шынына шығу үшін жан беріп, жан алысатын айқас басталды. Бұл – өз салмақтарында мына дөңгеленген дүниөде жұдырықтасу өнерінде теңдессіз тұлға екенін дәлелдейтін ақтық айқас. Анау-мынау айқас емес, жүректі дө текті ұлым деп бәйгеге қосқан елінің намысын биіктен көрсететін, рухын көтеретін құдіретті айқас. Қазақтың көк байрағын көкке көтеріп, қаһарлы әнұраның шырқататын айқас бұл. Қазақ деген батыр халықтың, Қазақстан атты жас та ерікті елдің бар әлемге әйгілі ететін жекпе-жек бұл.

Екі раунд бойы шаршы алаңда аспан күркіреп, наизагай жарқылдады, қой тастарды домалата сел жүріп, орман-тогай отқа оранды. Дауыл тұрып, боран борады. Қиямет- қайым дерсің! Құдай сақтасын, құдды қиямет- қайым...

Біз пақырды үміттің жазиралы жасыл

желегінө жетектей, күдіктің сахара шөліне сүйрелей, екінші раунд та аяқталды-ау.

– Жігіттер, сүйінші алтын біздің қоржында, – деді Лес даусы жарқындана көрнеген қуанышын жасыра алмай танауы делдиіп.

– Аузыңа май, Леке, сүйіншіңе қалағаныңды ал, қуанышыңың себебін түсіндірші бізге, – деді Мұсір көзінен үміт оты ұшқындалап.

– Біріншіден, – деді Лес сұқ саусағын көкке білеп, – кубалық финалға дейінгі аламан жарыста күш-қуатын сарқып алған. Қымыл-қозғалысы да, қол сілтесі де бірінші раундтағыдаи емес, сылбыр, екіншіден, жығылған үстінен жұдырық дегендөй екінші раундтың орта шенінде иектен берілген Алмастың жасындаи соққысы жүрегін шайлықтырып тастады. Жекпе-жектің соңында иектен ойсырата тиген апперкот Арагонесті шаршы алаңың керме арқаны сүйеп қалмаганда, аяғы көктен келер еді. Байқадыңдар ме, үзіліске қанаты сынған қораздай қалжырап шыққанын. Ал мынаң алапат айқаста жүрегі шайлығып, жүні жығылған боксшының қайрат көрсетуі екіталаі. Мұнан шығатын қорытынды, біздің көк байрағымыз көкте жөлбірейді деген сез.

– Арагонестікі солай-ақ болсын.

– Ал біздің батырдың қазіргі бабы қалай? – дедім мен Лестің жекпе-жектің нәтижесін алдын-ала кесіп-пішип қойғанына дудамалдана.

– Иә, Леке, соны айтыңызшы бізге, – деді Лестің пікірін Ата Заңдай қабылдайтын Мұсір.

– Жаңа кубалық шаршы алаңға екі ىығын жұлдып-жеп шыққанын көрдіңіздер. Сонда мына итің өлі тың екен ғой деп ойлаған едім. Сөйтсем «бәрі арығын білдірмес, итке сыртын қампайтардың» кері екен. Ал Алмас рингке шыққанда, нені байқадыңдар? Нені? – деп бізге алма-кезек қарап. Біз жауап орнына ىығымызды қипаңдаттық та қойдық. Айтарға уәжіміз жоқ болған соң не істейміз?

– Жанарынан үшқын атып түрмады ма? Қазақта батыр да батыл жігіттерді «жүрөгінің оты бар» демеуші ма еді. Дәл қазір ол жанартаудай жалын атып тұр. Спортта «атлеттің екінші тынысы ашылды» деген термин бар. Бұл – жарыс барысында спортшының қуатына қуат, машығына-машық қосылған кездे қолданатын термин. Алмастың қыранша сілкінуін қараши, байқайсыңдар ма, бойынан зор жігер лебі есіп тұрған жоқ па? Менің ойымша, жекпе-жектің ендігі жартысында біздің бала грек мифтеріндө суреттелген, Крит бұқасын не құлатады, не сілікпесін шығарып бұрыштан бұрышқа қуып жүріп сабайды, көріңдер де тұрыңдар, – деді.

Жілік майы толық кезінде шаршы алаңда «жекпе-жек, жекпе-жек» деп атой салған Лекенің мына сөзі бізді жөлпінтіп тастады.

Шаршы алаңда алтын алқа үшін жан берісіп, жан алысқан ұлы шайқас басталды. Жекпе-жектің жілігін шағып, майын ішкен Лекен айтқандай, Арагонестің «жұні жығылды»,

«жүрөгі шайлықты», «күш-куаты сарқылды» дегенімен, қай-да-а! Ол грек мифтеріндегі Зевс құдайының баласы Геркулеспен арпалысқан табаны жер-анаға тисе, әл-куаты қайта толысатын Антейдегі шыбын жаны шырқырай шайқасты. Жан беру оңай ма..?! Оңай емес...

Қазақтың баптап ұшырган қыраны заңғар биқтөн жасындағы жарқылдан жемтігіне сорғалады келіп, айызымызды қандыра. Алмастың ауыр соққылары ойсырай тигенімен «таяққа әбден піскен» кубалық жігіт теңсөліп барып өрең дегендө бой түзейді. «Төбелеспен» көзін ашқан кубалық жекпө-жекті құламай абыраймен аяқтады.

Женіс. Қазақтың сом білекті, арыстан жүректі оғланы алтын кірпікті күн астында қыраны қалықтаған аспан түстес көк байрағын көтеріп, көк түріктің қазақ деген батыр ұрлағы барын Қазақ Елі деген жас егеменді ел барын төрткүл дүниеге паш етті.

Көш-керуен орта жолға келген шағына қарамастан Алмастың мына женісіне жүрегіміз жарыла, балаша қуандық. Қолымыздың туымызда көкке желліп, даусымыз қарлықканша «Алмас, Қазақстан, Алмас, Қазақстан» деп аласұрдық. Ел намысын биқтөн көрсетудің құдіреті дегенниң не екенін осындаі кездө көз жеткізеді екенсің. Жалымыз құдірейіп, айбарлана «біз осындаі халықпаз» деген ой бойымызды кернеп, мақтаныш сезімге бөледі. Көзімізге жас үйірілді. Қуаныш жасы.

Есіміздөн танып, төбеміз көкке екі-ақ елі жетпей шамырқанып тұрганда, сұлу келіншек шығыс өйелдеріне тән ибалықпен бізге жақындал:

– Жеңістеріңіз құтты болсын, ағалар, – деді сынық қана езу тартып. Құлімсірегенінің өзі көркемдіктің бір кемел нұсқасында. Ұылжыған көркем келіншекке таңдана қарастық. Бізді таңдандырыған оның келісті сымбаты емес, біздің ана тілімізді тау бұлагындаи тап-таза мөлдіретіп түрғандығы.

– Сіздерді олимпиада басталғалы сарсыла ізде, әрөң таптым-ау ақыры, – деді қазақи жылы жымиып. Мұнысы Еуропаның асыл затын қазақтың әсем ою-өрнегімен безендіргендей әсерлі де жүреккө жылы тиді.

– Қарағым-ау, сіз сарсылып іздеу салатын біз кім едік сонша? Жаңылысып түрган жоқсыз ба осы? – деді Мұсір таңданысын жасыра алмай.

– Жоқ, ағалар, қателесіп түрғаным жоқ.. «Олимпиадаға қазақ бауырларымның бірі болмаса бірі сөз жоқ келуі керек. Соларды тауып әкеліңдер» деп жарғақ құлағы жастыққа тимей іздеу салдырып жатқан қарт әке-шөшем. Сол кіслердің тапсырмасымен көліп түрмын, – деді келіншек.

Осы кезде әшейінде қыздай сыйылған, ұян жігіт шарши алаңда білекті де жүректі, батыр бабаларының сарқытындаи болған Алмастың құрметіне алтын кірпікті күн астында қыраны қалықтаған көк байрағымыз баяу көтеріліп, тұла

денені шымырлата еліміздің әнұраны орындалды. Тамыр-тамырды қуалай жан дүниені табіренткен саздың құдіретті қүшінен сілтідең тынып, тікесінен тік тұрган бүкіл спорт сарайына масаттана жан-жагыма көз салсам, құдайым-ау, бізді олимпиада басталғалы кәрі өке-шешесінің тапсыруымен қазақтарды сарсыла іздеғен әсем келіншек те «Мениң елім, мениң елім, Гүлің болып егілемін...» деп таңғы шықтай мөлдіреп тұр. Оның қазаққа, Қазақстанға деген шынайы сезімін байқаған мениң жүрекім елжіреп:

— Шырағым-ау, жаратқан жібергөн бізге тілектес періштемісің, жоқ әлде пөйіштен келгөн үр қызымысың, кімсің өзің? Айтшы? Біздің тіліміз түгілі әнұранымызға дейін тамылжыта шырқайтын кімсің өзің? Айтшы? — дедім мен.

— Аға, — деді жәудірекен көзінің қарашибілінде нұр ойнап, — мен періште де емеспін, жаратқан жібергөн үр қызы да емеспін, бар болғаны Мэри деген қарындасының боламын, — деді өлгі жүрекке жылы қазақы жымыыспен. Құдайым-ау, жымысы қандай сүйкімді еди.

— Сіздерді іздеғендегі мақсат: қазақта қоңсы қонған көшке ерулік беретін дәстүр бар емес пе? Әке-шешем сол салт-дәстүр бойынша сіздерді ертең дәм-тұз татып кетсін деп үйге шақырып отыр. Соған біреуіңіз де қалмай сағат онда келіп, қарттарымызды қуантып кетулеріңізді өтінемін, — деді де, мекенжайлары жазылған тілдей қағазды маған ұстаптты.

Мәри бізбен жылды қоштасып, ығы-жығы көп халықтың ішіне араласып көрінбей кетті.

Біз қос қуанышымызды бойымызға сіңіре алмай күпті болып, мейманамыз толып, ақаршақар күйде жер-кекке сыймай қонақ үйге келдік.

Олимпиада отанында қазақтың қайсар ұлы айды аспанға шығарып, ұлт рухын биікке көтергенде, мына кемпірқосақтай түрленген дүние баз біреулерге өгей де жат көрінсе, бізге сырлы да нұрлы жағынан танылды. Қазақтың бақытты құндерінің бірі еді.

Ертесіне уәде бойынша олимпиада басталғалы бері қазақтарды іздеу салдырыған қарттардың есігін қақтық. Есікті жетпістің о жақ, бұжырақтың оң жағына келген қария ашты. Бізді көре сұысты реңі бірден жылдып:

– Ой, айналайындар-ай, сендерді де көретін күн бар екен-ау – деп шетіміздөн кең құшағына алды.

– Әй, бәйбіше, кел бері төркіндерің келді, қазақтар.., – деді ақсақал жадырай.

– Құдай-ау, бұл күнге де жеттік-ау әйттеуір – деп ас үйден ұн ұлласы жүккән қолын алжапқышына сүрте аналық мейірімі төгіле шетімізден жарқылдай амандасты.

Бұрын көріп білмеген бейтаныс қарттардың мейірім-қайырымдары асып төгіле қарсы алуы бізді тебірентіп жіберді. Нагашымыздың елжұртына келгендей елжіреңкі күй көштік. Қарттар асты-устімізге түсіп, бізді отырғызып жер таппай құрақ ұшып жүр. Үлкен залға бас

сүктық. Жүрегім тулап ала жөнелді. Қақ төрде қазақтың қоңыр домбырасы ілулі тұр. Көзіме оттай басылды. Бәрін күтсем де, мына Гомер елінде мұны күтпеген едім. Тоғыз жерден топырағы қосылмайтын, тілі де, діні де, ділі де бөлек жүртта домбыраның осыншалықты қадірленуі қалай? Төрден орын алуы неліктен? Жұмбақ..? Қазақтың төл саз аспабын көргеннен, «келгенше қонақ ұялады» көңіл-күйінен арылып өз өтеніме келгендей тынысым кеңейіп, темір тордан құтылған еркін құстай сезіндім.

«Қазақты төрге оздырып, қазақтың өзіне қадірсіздеу тілі мен домбырасын пір тұтқан бұл қандай жұмбақ жандар?» деген ойладым.

Алғашқы абыр-сабыр басылған соң Лес:

— Көке, — деді асты-ұстімізге түскен отағасына, қазақта «мыңның түсін түстегенше, бірдің атын біл» деген бар. Сол айтпақшы, мен өзімізді таныстырайын, — деген төртеуіміздің аты жөнімізді атап-атап шықты. Төртіншіміз таңдал киіп, шайқап ішіп жүргеніне қарағанда жоғары аттақырдан жем жеп жүрген күйлі отбасынан шыққан Жора есімді жас жігіт болатын. Ол бізге қонаққа барамыз дегенге қызығып қонақ үйден ілескен-ди. Орысша, ағылшынша ағып тұрғанымен, ана тіліне келгенде мақұрым.

Қария өз отбасымен таныстырып өтті. Кешегі Мэри қарындастымыз үйлі-баранды болған қыздары екен де, ұлы Николас өз алдына шаңырақ көтеріп көткен көрінеді.

Таныс-білістен соң Симон аға:

– Ал, жігіттер, есімдерінізді біліп алдық. Қазақстан ұлан-ғайыр құтты мекен ғой. Соны қай жерінен сіңдөр? – деді, Мұсір бәріміздің атымыздан:

– Біз үшеуіміз Шымкенттенбіз, ал мына балаңыз алматылық, – деді Жораны жанырымен нұсқап.

– Әй, шал-ау, «төркіндерің келді» – деп дұрыс айтқан екенсің дә, – деді жүзі жадырап, – мына ағаларың мөні қазақшалап Қентауға алып қашқанға дейін Шымкентте өсіп ержеттім. Айналайындар, шынында, төркінім болып шықтыңдар. Мұнан шықты Симон сендердің жезделерің. Қазақтың салт-дәстүрі бойынша оның құлағын бұрап көтіңдерші, – деп жарқылдай күлді отанасы.

– Құлақ бұрау ма, құлақ бұрауды мына Лес ініңіз қатырады. Бүгінше осыған сенеейік, – деді Мұсір қалжынға қалжыңдай жауап қатып. Бәріміз күліп жатырмыз дирижер таяқшасына ілесе алмай жаңылысқан музыка аспабындай біздің неге күлгөнімізді білгісі келіп Жора:

– Почему вы смеетесь? – деп менен жайлап сұрады. Мән-жайды түсіндірдім. Мұны байқаған отанасы:

– Немене ол бала қазақ емес пе?

– Қазақ қой, – деді Лес.

– Да, я казах, апа, – деді әңгіменің сырт нобайын түсінген жігіт.

– Қазақ болсаң, неге қазақша сөйлемейсің,

қалқам-ау. Кімді пір тұтып жургеніңді білемісің өзің, байқұс бала. Өз халқының қадірін білмейді екенсің ғой. Оны біз білеміз. Сол жақтан көшіп келген қуллі грек отбасылары біледі, қазақтың қадірін. Қазақтай дархан да бауырмал халық жоқ бүл жаһанда, біліп қой. Сол ғазиз жұртты сағынғандықтан, олимпиада басталғалы, әйтеуір біреуімен жүздесіп қалу үшін іздеу салдырыбық. Соның бүгін сәті түсіп қуанып отырғанымызда сенің мына қылышың...

— Бәйбіше, — деді Симон аға, оң қолын көтеріп, «қой, үйге келгенде үйдең дауынды айтпа» дегендеги ишара білдіріп, — одан да інілеріңе дастарқан жайып, шайынды әкелсеңші, ақ түйенің қарны жарылатын күн туды ғой, бүгін інілерің келіп, — деді әпкеміздің сезін бөліп.

— Әпкеміздің ескертпесі орынды ғой. Бұлбұлдың сауысқанша шықылықтап тұрғаны бүл кісіге ерсі көрінген дә. Ал біздің бұған етіміз үйренген. Ерсі де көрмейміз, — деді Мұсір ренжи сөйлеп.

Даяна әпке дастарқан басына шақырды. Үстел үстін қайыстырып тастаған. Олардың арасынан зәйтүн майына жүздіріп пісірілген бауырсақ кең қаттама нанын көргенде, бүл шаңырақтың қазақ халқына деген іңкәрлі сезімі ерекшө екенін таныдым.

— Даяна әпке, мен Афина дастарқанынан қазақтың бауырсағы мен қаттамасын жеймін-ау деген ой үш ұйықтасам түсіме дө кірген емес. Мына құдіретті қара, — деп мен сап-сары бүйірі

тоқ бір бауырсақты алып дәмін таттым.

– Тамаша, дәмі тіл үйіріледі. Құдды анам жарықтық сүткө ашытып пісірген тоқаштан айнысайшы, – деп бас бармағымды шошайттым.

– Элкең бұл тағамды пісірудің технологиясын бізбен қатысадының күллі грек әйелдеріне үйретіп шықты, – деді Симон аға дауысын ширада шығарып.

– Айтыңызышы, оларға да ұнады ма, – деді Мүсір сұрағын кейуанаға бағыштап.

– Ұнағанда қандай, бауырсақтың дәмділігімен қоса, қанша уақыт тұрса да көгермейтін қасиеттің айтсайшы, – деді Даюна әкпе.

– Мәссаған. Мұны мен білмеуші өдім. Бауырсақ көгермейді деңіз. Оның бұл қасиеттің үйдегі келіндеріңізге айтып барайыншы, – деді Лес, бауырсақты тұнғыш рет көріп тұрғандай бірін алақанына салып.

– Кеменгер ата-бабаларың көшпөнді тұрмыс-тіршілікке лайықты тағамдарды таңдаған гой, қарақтарым, – деді өлкеміз.

– Қазақтардың қазысы мен қартасын айтсақшы ауызға салсаң сап-сары майы еріп жүре беретін. Тіл үйірер дәмін айтсаңшы, дәмін шіркіннің! Қазы-қартаны тіске баспағалы қай заман? Кемпіріне қарап:

– Эй, бәйбіше, Қазақстаннан келгелі қанша жыл болды осы? – деді.

– Менде қай өс қалды дөйсің, шамамда

жыырма жылға жақындаپ қалды-ау деймің. Біз көшкен жылы Мэри бесінші класты бітірген еді. Онда жасы он екіде болса, қазір отыз бірде, яғни біз қоныс аударғалы он тоғыз жыл болып қалыпты ғой.

– Зымырап өшіп бара жатқан уақыт-ай. Қазақтармен қоян-қолтық араласқан қызықты құндер кешегідей-ақ көрінеді, – деді Симон аға басын шайқап арманды да мұнды үнмен.

– Айтпақшы, Мэри қарындастымыз қайда, көрінбейді ғой, – деді Лес сәл үнсіздікті пайдаланып.

– Қарындастарыныз бір фирмада аудармашы қызметінде. Үзілісте кіріп шығамын деген, келіп қалар, – деді отағасы.

– Қазақстан жайында айтыңыздаршы, қарақтарым? Егеменді ел болып, жеке шаңырақ көтеріп жатыр деп естідік. Қазақтардың жеке мемлекет болып, тұтінінің тұзу шығуына тілекtes болып отырамыз бүл жақта? – деді Даяна әпке.

– Не жайында білгілерің келді, әпке, – дедім мен.

– Бәрін, түгел білгіміз келеді, – деді ол.

Біз тоқсан бірінші жылы егемендікке қол жеткізгенімізді, әрбір тәуелсіз мемлекетке тән өз өнүранымыздың, көк байрагымыздың және кекке ұмсынған қанатты қос пырақты өлтәнбамыздың барын, астанамыз Алматыдан ел төріндегі Ақмолаға көшірілгені жайында бірімізден соң біріміз кезектесіп ағытып

жатырмыз. Бір сайдан бір сай шығар желкесінен болып жатыр. Сөзден сөз, әңгімeden әңгіме әрбүде.

Қос қарияның Қазақ елінің қол жеткен әрбір табысына ет жүректері елжірей өрекше ынта-ықылас танытуы бізді қанаттандыра туследі. Олардың пейіліне жанымыз шуақтанып, жұмсақ орындыққа бос тастаған денеміз жайылып өріп барады. Тек дастарқан басындағы ағыл-төгіл әңгімеге араласа алмай соқырдың ақшел басқан көзіндегі бедірейіп Жора ғана отыр. Мына таза ықыласты, шын пейілді жандармен қауымдаса алмағанына, өзінің ұры тістей бұл жерде артық екенін сезініп, бізге іле斯基ніне өкінген сыйналы.

Қарттардың сұрақтары таусылар емес. Біз жауап беруден жалығар емеспіз.

Қызу әңгімені телефон қоңырауы үзіп жіберді. Тілдесіп келген Даяна әпке:

– Элгі ку қыз кешігінкіреп келемін дөйді. Талдырып қойған зуаламды сол жайып бере мемелеп едім. Амал жоқ өнді өзім кіріспесөм болмас. Жезделеріңмен әңгімелеріңді жалғастыра беріңдер, – деді.

– Әпке, өуре болмай-ақ қойсанызышы, дүниенің тамағын іштік қой, – деді Мұсір разы көнілмен.

– Қарағым-ау, шақырылған қонағын құры шаймөн қайтарған қай қазақты көрдіңдер? Сөндерге қой соыйып, бас көрсетуіміз керек өді. Бұл жерде ондай мүмкіншілік жоқ. Дегендө ет асып, алдарыңа құлшөттай қоюға міндеттіміз.

Әуре болмаңыз дегенің не дегенің? Осы өүрешілікті өзіміз сұранып алмадық па, – деді дөкемпір ас үйге беттеді.

Мұсір Симон ағаға қарап:

– Симон аға, сіздер атам заманнан, біздің әрамызыға дейін-ақ мәдениеті мен әдебиеті қарыштап дамыған, әр кірпіші тарих шежірелі көне де әсем Афинада тұрасыздар. Бұл сіздерге бұйыртқан тағдырың ұлы сыйы ғой, – деді.

– Оның рас, Мұсеке, қатесі жоқ мәдениеті де, әдебиеті де дамыған ел. Конституциясы мен заңы үстемдік құрған зайырлы мемлекет. Таласым жоқ.

Орнынан тұрып терезеге жақындал *Мұсірді шақырды*.

– Қане, сыртқа көз салши, не көріп тұрсың? – деді *Мұсекең* терезеден сыртқа көз тастады.

– Аспан кеудесінсңай задай шанышла сұғынған ғаламат биік ғимараттар. Көз жауын алатын керемет сарайлар, көк тесіне шапшаған субұрқақтар, – деді *Мұсір*.

– Дұрыс. Ғажайып көрініс. Дауым жоқ. Бұл ғажайып дүниелер адамның қолымен жасалынған дүниелер. Келісесің ғой? Ал менің жаныма жаратқанның құдіретімен жаратылған кереметтер таңсық. Бұл жерден арайлап атқан алтын кірпікті қунді, шағырмақ қуннің көкжиекті алқызыл нұрга бөлеп батқаның көре алмайсың. Бұл жерден сылдырап ақжан бұлақты, самал желге женіл тербелген құрақты кездестіре алмайсың. Ең ақыры, жан дүниенде сергітер

мақпал түнде құрбақаның құрылын, шегірткенің шырылын есте алмайсың. Мен Қазақ Еліндө қаршадайымнан соларды көзіммен көріп, құлағыммен естіл өстім. Иә, сендерге өтірік, маған шын сендер үшін еш құндылығы жоқ, құрбақаның құрылын, шегірткенің шырылын, қарлығаштың құйқылжыта сайрағаның тыңдағым келеді менің. Қазақтың исі аңқыған жусаның иіскегім келеді. Мен адамзаттың емес, жаратқанның құдіретімен жаратылған табиғатты аңсаймын. Ұлғайған шағымызда табиғат анамның аялы алақанынан қапылышта айырылып қалып, жетімдік күй кешудеміз, қарақтарым, – деді.

Симон ағаның даусы жарықшақтанып барып сөзін аяқтады да үнсіз түнеріп ләм-мимсіз тұрып қалды. Иегі діріл қағып, ақ көйлегінің ашиқ жағасынан алқымы бүлк еткені білінді. Елімізде біз аса да мән бере бермейтін дүниелерді аңсаған ақсақалдың сағыныш сезімін селдей ағызған сәтін бұзуға өшкімнің дәті бармады.

– Кемпір екеуіміз, – деді Симон аға сәл үнсіздіктен соң сөзін әрі қарай сабақтап, – күні бүгінге дейін баланың тіліне еріп көтеріле қалғанымызға өкінеміз. Не түлен түртті екен бізді жылды орнымызды сұбытып.

– Басында көші-қон идеясы кімдікі өді, ақсақал, – деді Мұсір жанарында өкініш мұны мұнартқан отағасына.

– Со жылдары, неге екенін қайдам, Қазақстандағы майда ұлттар тарихи

отандарына ағыла бастады. Қазіргі жастар ата-ана тілін тыңдауши ма еді. Біздің Николас та алтып-ұшып елге кетуге құжат жинады. Ақыры біз қалдық, ол кетіп тынды. Ұзын сөздің қысқасы, екі жылдан соң бізді де қояр да қоймай көширіп алды. Содан мына тас қапишаққа қамалдық та қалдық. Алғашқы күндері Николастан:

— Мына көршілер бізді неге ерулікке шақырмайды, — деп сұрасам, ол қарқылдан күлді.

— Әке-ау, дәметпей-ақ қойыңыз. Тамағының ісіп қалар. Қазақтың салт-дәстүрі бұл жерде жүрмейді. Ұмыттыңыз, — деді.

Адамдар арасындағы қарым-қатынаста мейірімділік пен бауырмалдылыққа баулитын салт-дәстүрді қалай ұмытпақты? Қалай? Бұл жердегі мейір-шапагаттың көткені дә, көршінің бірі қаза болғанын да білмей қапасың. Ыңшыңсыз, жоқтаусыз бес-алты туысқаны мәйітті арнаулы жерге апартып өртететін көрінеді. Мұндай сүмбықты естімеген алғашқыда біздің жанымыз түршікті.

— Бақылық болған марқұмды неге өртейді? — деп сұрасам, балам:

— Әке-ау, ұшан-төңіз жері бар бұл Қазақстан емес қой. Грекияда мәйітті жерлеуге жер жетпейді, деп қарап түр.

— Сонда жер жетпейді деп шешен екеуімізді о дүниелік бола кетсек күл-қоқысқа айналдырмак түрің бар ғой сениң, — десем.

— Жоқ, әке, сіздерді Қазақстанға апарып

жерлеп қайтамын, – деп қалжыңға айналдырыды.

– Ойбай, жүгермек, туған жерімізге тіршілігімізге жеткіз. Өлгенде қалай апарарсың ит арқасы қиянға. Тірімізде жеткізіп сал, – деп шешесі байбалам салады.

– Әлі есімде, – деп сөзін сабактады Симон аға, – Кентауда біз туған көшеде Аманжол деген жетім шал болды. Бір үйде бір өзі. Балашаға, туған-туыстан жүрдай. Сол кісі күні жетіп қаза болды. Салт-дәстүріңен айналайын қазақтар сонарадайdan «бауырымдап» дауыс салып, қабырғалары қайыса жоқтау айтты. Қара құрым ел жиналып жаназасын шығарды. Жыртысын берді. Ақ жуып, арулап жамбасын жерге тигізді. Ел болып жетісін, қырқын, жылын өткізді. Соңдайды көріп өскен жанбыз ғой. Мыналадың тіршілігіне қалайша қарның ашласын. Шалының соңғы сөзін естіген күлшетай үстіне үймө ет басылған легенді көтере кірген Даяна әпке:

– Шал-ау, маған ұрсып жатырсың ба? Міне, қарның ашыса, ас дайын. Ал, інілерім, бұл үйде қолға су құяттын, бата алатын жортпас бала болмағандықтан, қолдарыңды өздерің жуып келуге тұра келеді, – деді.

Біз жуынатын бөлмеге сап түзедік.

Дастарқан басында асқа қол сала алмай іркіліп отырып қалды.

– Олимпиадаға келгелі ұлттың тағамдарын сағынған шығар деп әдейі қамыр жайып, ет астын. Алыңдар, ұялмаңдар. Неменеге күйөу

баладай сыйылып отырсыңдар, алсаңдаршы астан, – деді шетімізден шолып.

– Қасық, шанышқы болса, – деді Лес.

– Ойбай-ау, қай қазақ етті қасық шаңышқымен жеген. Ыстық астың дәмін тіл, асқазан ғана таттай, қол саусақтары да ләззаттанған кезде ғана ас сіңімді болмай ма? – деді Даяна ана.

Амалсыздан лөгөнге қол салдық. Күні кешеге дейін етті қолмен жеген бізді қойши, мұндайға әдемтенбөгөн Жора әбден терлеп-тепшиді. Қамырды оң қолымен шөкімдеп, сол алақанына салып, содан кейін ауызға апарады. Оның мына әрекетіне күліп жіберуге шақ қалдық. Отанасты Жораның мүшкіл қалін аяды ма, оған қасық әкеліп берді.

– Ой, әпке, бізді ханзададай күттіңіз ғой.., – деген Мұсірдің сөзін бөліп:

– Мүсеке, біздікі қазақтардың дастарқанына қайдан жетсін! Білеміз ғой. Қазақ әйелдерінің үйытқан қасықты қойғанда қалпын жоймайтын қою айраны, аса жұғымды майтарысы, сап-сары уыз майы жалтыраған тіл үйірген қазысы мен қартасы, бәрінен де бойға қуат, дертке шипа қымызын айтсаңшы! Бір кесесін демалмай сіміріп алсаң пәрің ашылып, жан сарайың кеңіп сала берер еді-ау, шіркін! Оған тең келетін сусын жоқ қой өмірдө. Қеңіл аулайын деп айтып отырғаным жоқ, жігіттер, ақиқаты сол, қазақ дастарқанының молдығы мен құнарлығына ешбір үлттың ішіп-жемі теңесе алмайды, – деді Даяна

ана.

– Қазақтар қонағын өз отбасында, дастарқанды жайнатып жайып тастап ағылтегіл әңгіме-дүкен құра отырып күтеді. Қонағына ұл-қызын таныстырады. Бала-шаға қонақтың кім екенін біледі. Міне, үрпақтар сабақтастығы деген – осы. Мейір-шапағат тәрбиесі деген – осы. Ал мұнда қонақты ресторан-кафелерге шақырады. Оnda опыртопыр бірі кіріп, бірі шығып жатқан жұрт әңгімелесіп те, ішіп-жеп те жарымайсың. Әйттеуір қонақ күтті деген аты. Өздері соған мәз. От басы, ошақ қасында сұхбаттаса отырып, мауықты баспаған соң адамның көңілі көнши мө? Екі баладан қос құдамыз бар. Күні бүгінге дейін біз олардың шақырғанында, олар біздің өтенімізде болған емес. Құдаларын құдайдай күтетін қазақтарға қайранмын. Әлі есімде, Амангелді досымның Майрасының барған жері құдалыққа шақырғанда мені де ерте барды. Құдай салмасын, не деген сыйлау, тоғыз үйден тоғыз қойдың басын жеп, күпті бол қайтқанымыз бар. Несін айтасың? Несін? Сондағы еңбектеген баладан, тоқсандағы шалға дейін тәбесінен жай беріп қызмет еткенине қайыл болғаным бар. Сондағы сөндерге айтайын дегенім не? Сол ынтымақ-бірліктің бәрі- қазақ дастарқанының құдіреті, – деді Симон аға.

Жүргегім шым етө қалды. Әйткені қазақ бүгінде жиын-тойды, қонақты, Симон аға мақтап отырған құдалықты да мейрамхана-

кафелерде күтүді әдетке айналдыра бастаған. Бұл үрдісті дәріптеушілердің бірі өзім тұғын. Алайда Афинадағы қазақтың бүгінгі өзгерісінен бейхабар қарттардың отбасындағы әңгіме көзқарасымды мұлде өзгертіп жіберді.

Сейтсек, қазақ дастарқанының қасиетін қадірлеу салт-дәстүрлік мәні бар, ғасырлар қойнауынан екшеліп шыққан үлттыхы болмысын көрсететін, халқымыздың басын қосатын, біріктіретін халық мұрасы екенін түсіндім. Осы басқаның қаңсығы бізге тақсық болатыны несі? Түсінсем бұйырмасын...

Баяғы өздері көргөн қазақы көңіл, қазақы дарқаншылық орай-борай дауыл соғып, астан-кестең тасқын сел журсе де, сөлт етпеген жартастай қаз қалпында, мұрты бұзылмай қасқайып тұрған шығар деп ойлайтын шығар қос мұнұлық. Со баяқы қазақы қалып-қасиеттің иран бағының ірге тасына жаһандану деген жөгі қара бас құрт түскенін қайдан білсін? Қайдан?

– Шежіре шешендігі мен ақла ақындығын, кең пейіл дархандығын бойына дарытқан текті көк бөрі үрпақтарының ежелден қалыптасқан салт-дәстүрі мен тұрмыс тіршілігі бүгінгі нарықтық заманда жүрісінен жаңыла.., – деп сөзің сабактап келе жатыр еді, мен оның не айтпағын сезіп, Мұсірге қарттарға білдірмей бас шайқап ары қарай жалғастырмай-ақ қой дегенді аңғарттым. Сезімтал дос менің ойымды төз түсіне қойды да:

– Біздің өлгө де жаңа қоғам, жаң қарым-

қатынас өз өзгерістерін ұсынуда, – деп сөз ауаның өзгерте қойды. Ондағы ойым астында тағы, басында бағы болмаса да намысын таптатпай, рухын жоғалтпаган, қаймағы бұзылмай, айраны ірімей үйіған со кездегі қазақтар жайындағы қалыптасқан пейіл-көңіліне кірбің түсірмеу болатын. Мұным дұрыс па, бұрыс па таразылаған жоқтын. Әйттеуір неге екенін белгісіз ойда жоқта пайдада болған сөзім алқымыма кептеліп, жүргегімді майда мұн шарбылады.

– Бізді Қап тауынан қанды қол өз жендеттеріміз жер аударып Қазақ еліне әкелгенде, қақаған соғыс жүріп жатқан. Менің еміс-еміс есімде, жергілікті халық, қазақтардың да, тұрмысы жетісіп тұрғаны шамалы тұғын. Жоқшылық жасытса да, біздің құшақ жая қарсы алып, бір үзім нанын бөліскен жомарттығын қалаї ұмытарсың о халықтың! Сен айтқан деп, – Мүсірге бағыштап, – жаңа қогамың қан қасап алапат соғыстан ауыр өмес шығар. Сол қыргынның өзі қазақтың жомарт жүргегін өзгерте алмаған. Сонау ата-бабадан бастау алған, ханмен бөрілген асыл қасиет қырық жыл қыргын болса да, үзілмек емес, – деді Симон аға бүкпесіз шын көңілден туған сөз ауанын танытып.

– Менің бір байқағаным, – деп шалынның сөзін әрі қарай жалғастырып, – қазақтар жомарттығымен қоса сауықшыл да ғой. Қунде десем өтірік болар, аптасына той-домалақсыз

күніміз өтпейтін. Несін жасырамын, кейде асылық өтіп: «Осы қазақтың-ақ тойы таусылмайды екен» деген кезіміз де болған. Өйткені сөндердің кәде, ырымға толы дәстүрлерің мол: көлін тұсіру, қыз ұзату, шілдехана, бесік той, тұсау кесер, күміс-алтын тойлар. Боса болмасын туған күндерді атап өту, әйткең толып жатқан қуаныш, ұлан асыр жындар. Сөйтсек, қазақтар бұз фәниді жалған дүние деп атап, қамшының сабындай ғана шопшолақ сүреңсіз өмірді той мерекемен, ән-жырмен әрлеп өткізуге талпынған «жиған-тергенім тойға бұйырсын» деген бірден-бір сауықшыл жамағат екен-ау деп ойлаймын бүгінде. «Шақырганға бармаған, шақырганға зар болар» дегендегі бүгінде сол тойлар, сол жындар көзден бұл-бұл ұшты өмес пе! – деді Даяна әпке төрең күрсініп.

– Шіркін, сол тойларда асып төгілетін күмбірлеген күйлері мен әсем әндерді айтсаңшы олардың! Сезімнің шыңыраулы теренінен шымырлай шығатын шырайлы өуен алпыс алты тамырыңды қуалай келіп, бой балқытар қалпымен әлділей беретін, тербей беретін. Құлақ кесер ащылықтан ада қоңыр домбыраның қоңыр күмбіріне үйренгендіктен бе, бұл жердің қанғыр-құнғыры жаныңды жадыратпайды да, тәтті мұнға да бөлемейді, – деді отағасы.

– Симон аға, домбыра демекші, мына қазақтың қоңыр домбырасы қайдан жүр бұл жерде адасып, – деді Лес даусынан таңданыс

лебі есіп.

– Иә, ақын Қадыр Мырза Әлі: «Нағыз қазақ қазақ емес, нағыз қазақ – домбыра» дегені бар емес пе? Сол айтпақшы, тарихи отанымызға бет бұрып үзенгіге аяқ артқанымыздың, қазақтың бәрін әкету мүмкін еместігін біліп, «нағыз қазақты» ғана еншілеген едік. Түшінген елді сағынғанда, домбыраны қолға алғып, аздал перде басар әдетім бар. Осылайша «Нағыз қазақпен» сырласқанда әжептеуір мауқым басылып, зілтемірдей зілмауыр ойлар сергіп, әжептөуір женілейіп қаламын, – деді Симон аға әжім торлаған көзінен білінер-білінбес от үшқындалап. Төрде ітулі тұрган домбыраны қасиетті мүкіммалдай аялай қолына алғып:

– Бұл, – деді отағасы, – шығарда жаны бөлек, айнымас дос Амангелдінің көзі. Шіркін, Әбекен қолы-қолына жүқпай қос ішекті төрбеткенде қазақтың сайын даласында мың сан тұлпар тұяғы дүбірлеткендей әсер қалдыруышы еді. Жолындағының бәрін жайлап өтер құдіретті күш дерсің. Жаныңды бір ысытып, бір мұздатар тажап күй кернейтін кеңістікті.

Сол «тентек» біз көшер күні осы домбыраны қолына ұстай келіп, небір мұңлы да, зарлы әуенді аңыратсын-ай. Ол кемпіріне қарап:

– Әй, Даюна, біздің сай сүйегімізді сырқыратқан қандай ән еді? Есіңде мө?

– «Бекзатым» ғой. Қайдан естен шыға қойсын!

– Есіңде екен ғой. Иә, «Бекзатым» болатын.

Қара нар жүк көтермес бел кеткен соң,
Ен жайлау құлазиды ел кеткен соң.
Жолыққанша аман бол,
Амал қанша!?

Бірге өскен кішкентайдан құрбым едің,
Ойнаймын енді кіммен, сен кеткен соң.
Жолыққанша аман бол,
Амал қанша!? –

деп Әбекен келіншегі Түймекүлмен қосыла аңыратқанда, көшетін біз де, шығарып салушы дос-жарандар да көз жастарына тұншыға бұлыққан еді-ау. Ән аяқталысымен бордай езілген бізге Амангелді:

– Әй, «жарыместер» күн талтустен ауган шағында жер ауыстырамыз дегендерің не қылғандарың? Сендерді жылы орындарыңнан қуған кім? Айтыңдаршы кім бар? Қай шайтан азғырды сендерді. Адам жаңылысқанымен табиғат жаңылыспайды. «Әлі-ақ өзегіңді өртеп сағындыртады», – деп еді қимас дос. Айтқаны айнымай келді де тұрды.

Сонда менің кемпірім көз жасын тия алмай: «Ана жүгермек бала ғой. Ол жақта нағашысы күтіп отырғандай «көшеміз де, кетеміз» деп жарғақ құлагы жастыққа тимей», – деді. Шындығында Николас болмаса кетеміз-ау, көшеміз-ау деген ой еш үйқтасақ түсімізге кірмеген. Қойши әйттеуір бәрін айт та, бірін айт, Амангелді мына домбыраны жас сәбидең аялай үстап:

– Симон бауырым, қазақтың үш бірдей алтын тұғыры бар: олар ұлан-ғайыр жері, бай да шешен тілі, қайғы-қасиеттө де, қуанышшаттықта да бірге жасасып келе жатқан мына қоңыр домбырасы. Соның екі діңгөгін өзінмен бірге алтып кетіп барасың, олар: қазақтың тілі мен домбырасы. Мына қасиетті саз аспабын біздің көзіміздөй көріп жүрерсің. Қазақ еліндегі тай-құлындағы тебісіп өскен достарыңды еске аларсың мұны қолға алған сайын, – деп ішек-бауырымды елжірете ұсынған еді Амангелді дос мұны, – деді Симон аға көңіл көзінен жас ағыза.

– Шал-ау, домбыраны өзінің егелеріне берсеңші, қазақтың күмбірлеген күйлерін тартып құлағымыздың құрышын қандырсын. Сағындық қой.

– Рас-ау. Кәне, жігіттер, қайсыңың өнерің бар? – деді отағасы шөтіміздөн алма-кезек көз тастап.

Қарттардың өкінішіне қарай, бұл өнердөн төртеуіміз де мақрұм еkenімізді мойындастық.

– Бұл қалай болды сонда төртеуің де тарта алмайсыңдар ма? – деді Даяна әпке таңданысын жасыра алмай.

«Амангелді дос айтпақшы, қазақтың алтын тұғырынан жөри бастаған мыналар қандай қазақтар, әуелі бұлар қазақтар ма?» деген көңіл түпкіріндегі реніштерін байқатпағанымен, менің байқауымша, Жорадан басқамыз рухани пұшаймандығымызды іштөй мойындалап, ұялғаннан кірерге тесік таппай, жер шұқыдық.

Бұлттан шыққан күндей жайнап, маржандай тістерін жарқыратта күлім қағып Мэри кіріп келгенде, жаңа ғана ұнжырғамызды түсірген бейсауат сәтті өткір күн сәулесі буға айналдырған таңғы шықтай ізім-гайым ғайыптанды да, ортамыз гүлзардай жайнап сала берді. Бұрыннан таныс-біліс жандардай ақаршақар болдық та қалдық. Кеше Алмастың жеңісіне масаңдау күй кешкен біз Мэри қызға аса көңіл бере қоймаған екенбіз. Оған жаратқан сұлулықтың төрт құбыласын түгел қиған екен. Қөш керуен орта жолға келгеншө таңдай қақтырған талай сұлуларды кездестіргенбіз. Алайда Мэридің бойында өшкімге ұқсамайтын өзіне баурап алар ерекшелік барын байқадым. Он сегіз мың ғаламды жаратушы Мэри қыздың еуропалық талышыбықтай мінсіз мусінін шығыстық қазақ аруына тән ұяң да биязы, инабатты да ибалы қасиеттерімен әрлеген екен. Қазақы жылы жымысы құдайым-ау жымысы қандай сүйкімді. Қандай жарасымды? Бір арудың бойында қос құрлықтың әсем кескін-келбеті әдемі үйлесім тапқан. Мына төрт құбыласы түгел ғажайыпқа Лес дос сұқтана қарап, ес жия алмай тұр. «Көңіл жүйрік пе, көк дөнен жүйрік пе» деген осы. Оқа өмес, әсемдіктен ләzzат алу жұмыр басты пендеге берген жаратқанның тендерессіз сыйы дә.

— Қарағым-ау, ағаларыңды қонаққа шақырып алып, өзің басы-қасында болмағаның қалай? — деді Даяна әпке қызына мейір шапагатын төгө.

– Сіңбіруге уақыт жоқ, мама. Той соңындағы қарбалас. Мыңдаған туристерді, спортшыларды шығарып салу, қызмет көрсету... Әрең сұранып келдім онда да жарты сағатқа ғана. Ағалар кешірер. Басқалар білмесе де, тойдан соңғы қарбаласты қазақ бауырларым біледі ғой, – деді жылы жымып.

– Сіздердің мына сөз саптауларыңызды сырттан бір қазақ естіп тұрса, Афинада да қазақ отбасы бар екен-ау деп таңғаларына күмәнім жоқ. Құдды қазақтардың диалогі ғой мынау – дедім таңданысымды жасыра алмай.

– Інім-ау, біздің бүкіл саналы өміріміз қазақ атты перизат халықлен қоян-қолтық араласып өтті емес пе? Оның тілі, ділі, мәдениеті мен салт-дәстүрі біз үшін қадірлі де қастерлі. Шал екеуіміздің қазақылық өтімізден өтіп, сүйегімізге жеткен. Мына қос шырағым болмаса сендерден қалмай туған елге еш нәрсеге алаңдамай кетер едік, – деді Даяна әлкө жүзі дауылды күнгі теніздей толқып.

– Міне, ағалар, кемпір-шалдың көшіп келгелі көрген күні осы. Мұндағы өмірге көндіге алар емес. Есіл-дерпттері қазақ елі, құлыш-тайдай тебісіп өскен құрбы-құрдастары. Бұлар тек өткен өмірлерін еске түсірумен өмір кешуде. Кейде жылы орындарынан қозғап, қарттарға қиянат жасадық-ау дөп те ойлаймыз.

– Осыншама зарымызды айттық. Көнді мә ағаң «көшеміз де, көшеміз» деп, – деді Симон аға ренжи сөйлеп, – Құдайға шүкір, ішім-жемге зәру

емеспіз, басымызда баспанамыз бар, бір сөзбен айтқанда, керегінің бәрі бар. Бірақ біз бұл жерде өшкімге керек өмеспіз. Сөйлесіп шер шығаратын, сырласатын пендे жоқ. Миллиондаған қалада жалғызырылсың, жетімсірейсің.

Ал Кентауда мүлдем басқаша. Көшеге шықсан, бірі: О-о, Симон інім, аман-есенсіңдер ме, жаман немелерің мен келіннің жағдайы жақсы ма? – деп жағдайымды сұрап, арқамнан қағып кетеді. Екінші біреуі: «Ей, Симон, Амангелдінің Тұймекулі алты қыздан кейін ұл тапты. Досыңың жүрөгі жарылып жүрген шығар. Жүр жудырамыз... Э-әй, сен қатыныңған қорқасын ғой. Қойши сені» деп қағытып кетсе, үшіншісі: «Симон көке, Өміртай көкемнің Галымжаны келіншекті әкелді. Соған ертең сағат бірде беташар тойға сіздерді шақырып жатыр. Қалмай келіңіздер» деп куантып кетеді.

Сен өтіп кеткенше, алдыңды кеспей жанарын төмен салып кідіріп тұрган қыз-келіншектерді көрғеніңде ер-азаматты пірім деп таныған ұлттың салт-дәстүріне тәтті болмай көр. Сүйсінесің. Кейде кемпірім екеуімізді құдай да ұмытып кетті ме деген ойға келеміз.

– Папа, олай деменізші. Сіздер бізге керексіздер, о не дегенініз? – деді Мэри шошына сөйлеп.

– Аузымызбен тістегендей ғып жеткізген енді сен екеуіңе керек болмасақ, онда жетіскең еkenбіз. Әңгіме сөндер жайында болып тұрган

жоқ, мына керең де соқыр орта жайында болып түр гой.

Әкесінің нала көңілін алдандырмақ ниетпен маржандай тістерін жарқыратат тәтті жымып Мэри:

— Папа, ағаларыма қуанышты хабар ала келдім. Соны айтуға мұрша беріңізші маған, — деді.

Біз елең етө қалдық. Симон аға да жаймашуақтанып:

— Қызыым, қазақтар қуанышты хабар жеткізөр алдында сүйінші сұрайды. Ағаларыңан сүйіншісін алып барып айт қуанышты хабарыңды, — деді қалжыңдай сөйлеп.

Сұлу келіншектің әр қимыл-қозғалысынан жанарын жазбай отырған Лес:

— Қарындасымыз сүйінші сұраса, аянарымыз жоқ, — деп жан қалтасын қарманды. Тілі мен салт-дәстүрден тамыр үзгөн Жорадан басқамыз қуанышты хабар жоралғысыз қалмайтынын байқаттық.

— Ой, папа, қай-қайдагыны қайдан шығардыңыз? Ағалар шынымен көріп қалды гой, — деді Мэри ренжи сөйлеп.

— Қызыым-ау, жиырма жылда бір рет қазақ болайық та. Нең кетті сенің? Кәне, қуанышты хабарыңды айтып, ағаларыңды қуантшы, — деді отағасы жайдары үнмен.

— Сіздердің Алмастарыңыз ауыспалы Баркер кубогының иегері аталды.

Бұған біз мәре-сәре болып төбеміз кекке

жеткендей қуандық.

— Баркер дегөн кім өзі? Оның атындағы кубок нениң белгісі? — деді Даяна әпке.

— Вэл Баркер ауыспалы кубогі олимпиадада ең шебер боксшыға берілеттін кубок, әпке, — деді Лес.

— Онда жарады. Алмастарың батыр бабаларыңың нагыз ұрпағы екенін төрткүл дүниеге танытты. Қазақтың қыран жігіттерінің биқтен көріне беруіне біз шын жүректен тілектеспіз, — деді Симон аға ағынан жарылыш.

Біз Мэриге сүйіншімізді бермек бол әмианымызға қол салдық, байқаймын, Жора да көк қағаздың бірін суырып өзірлеп жатыр.

— За что хочешь дать, — дедім өзіне жайғана біздің әрекетіміздің мәнін түсінген-түсінбекенін білгім келіп.

— Наверное за обед, — дегені.

— Ойбай, бұларың не? Қай қазақ жайған дастарқанына ақы дәмететін, — деп шыр-пыры шығып. Бәлөнің бәрін сен шығарып отырсың ғой, — деп шалына алара қарап. «Мэри қарындасымыздың сүйіншісінө» дегенімізге көнбей жөн-жоралығыны аяқтаппай тастады.

— Папа, — деді Мэри әкесінә көз тастап, — домбыраны солай үстап тұра бересіз ба? Онан да ағаларға беріп, Баркердің қуанышына не бір ән, не бір күй тартып беруді өтінбейміз бе? Сүйіншінің өттеуі сол болсын, — деді.

— Қызыым-аяу, сөн келмей тұрып ағаларыңың

неге қабілетті екенін білгендіз? Әуелі ауылдың алты ауызын айтқызып барып, содан соң барып қонақта көзек беретін қазақта кәде бар емес пе? Сондықтан Афинаның алты ауызын өзің баста, кәне, – деп домбыраны қызына ұсынды. Мэри қоңыр домбыраның құлағын келтіріп алып Дәулеткерейдің «Қосалқасын» төгілте жөнелді. Домбыраның қос ішегінен төгілген құдіретті қүй алпыс алты тамырыңды қуалай келіп бой балқытар қалпымен тербетіп барады. Айнала төңіректі нұрга бөлеп, жүргінді елжіреткен пәрменді әсер әлде қайда бұз пәни дүниөнің әуресарсанынан, күйбен-күйкі тіршілігінен алыстатып, жұмаққа жетелегендей.

Жібектей жұмсақ саз табиғаты мәлдір-сезіммен тербетіп бөлгісіз нұрлы әлемді елестеткендей.

Қос алқасы ырғак-ырғак тербеліп, қолаң шашы тірсегіне түсе, қос шелекпен бұлакқа бара жатқан жас арудың періштедей кейпі сылаң қағады. Тұлпарын суаруға көлгөн боп жолдан бұрылған батыр жігіт те бұлақ басына келген қос алқалы бойжеткенге ынтызарлық көңілін білдіруі жүрек толқытқан нәзік сезімге толы өсем де келісті көрініс жаныңды жадыратады. Домбыра шанағынан осыншама қуатты, осыншама тегеурінді, осыншама сазды, осыншама нәзік үндер иіріміне қалай құйылып-төгіліп жатқанын білмейсің!

Маналы бері сиқырлы қүйдің ырғағынан шыға алмай, еріксіз соның тұтқыны болып

отырған сыңайлымыз.

Мына құдіретті күйді елжірей тыңдаған қосқария іздеген асылдарын жаңа тапқандай ерекше күйде.

Домбыра шанағынан шашыраған асыл нұрды тек Жораның жаттанған жаң дүниесіғана қабылдай алмай отырғанын байқадым. Өйткені одан елжіренкі кейіп, елткен рең, жадыраған жанар байқалмайды. Соқырдың шел қаптаған көзіндегі бедірейген де қалған. Өні сұрланып, көңілі құлазып отыр. «Төлқұжатында үлтты қазақ деп жазылғанымен, тілінің ақауы бар қазақ қазақ болып жарыттайтының екен-ау» дедім іштей күйініп. Тілі де, діні де бөлек елде, бөлек отбасында қазақтың бай да құдіретті тілі мен қоңыр домбырасы салтанат құрып, төрден орын алып, құрметтеліп отырғанда бұның қара бүлттайды түнеруі қалай?! Дәулеткерейдің «Қосалқасы» мұзарт шының мұзынын ертіп, ағылтегіл сезім селін селдепткенде, Жораның селт етпеуі қалай!? Бұл ненің белгісі? Қазақтың өзегіне түскен жегі құрттың әуже алғанының белгісі мә екен, әлде..!

Терен сирлы, қоңыр мақпал өуенде мөлдір сезіммен тербеттер күй жаң дүниемізді нұрландырып барып тәмамдалды. Баршамыз орнымыздан тұрып шапалақты қарша жаудырдық.

– Қарындасым-ау, домбыраның құлағында ойнауды қайдан игеріп жүрсің, – деді Мұсір таңданысын жасыра алмай.

— Мектепте домбыра үйірмесінө
қатысқанмын, аға, — деді Мэри көзінің
қарашығында от ойнап.

— Ой, айналайын бармағынан бал тамған
қарындасынан. Елге барып европалық қыз
қазақтың қоныр домбырасымен қазақтың қоныр
күйін төгілтіп, құлақ құрышын қандырды десем
сенбейді-ау, сенбейді. Тағы да қандай қыз
десеңші періштедей ару ғой, — деп қыздың
сүйріктей саусақтарына ерін тигізді.

Қазақтың қарапайым саз аспабымен
қазақтың өзін тәтті еткен қызына екі қарт
мақтана-масаттана, ет жүрөгі елжірөй,
мейірлерін төге қарады.

— Әй, жігіттер, шыли жер-көкке тигізбей
мақтай бермендерші қызымызды. Көздерің тиіп
кетер. Әсіресе мына Лестің көзі жаман.
Кетеріңде қарындасыңа түкіріп кетпесең
ауырып қалар, — деді Даюна әлкө жөніл құліп,
қазақы ырымнан да хабардар екенін танытып.

— Ойбай, әлкө, бір ауыз сөзіңіз, түкір десеніз
түкіріп кетейін. Мэри сынды қарындасымыз
бейтаптанбасын біздің кесірімізден, — деді Лес
қуақылана. Түкке түсінбеген Жорадан басқамыз
жарасымды қалжынға құлісіп жатырмыз. Ол
болса күн сәулесі түсетін саңлауы жоқ ұрадай
меніреу, сазарыңқы. Бөлек тіл мұлдем бөлек
дүние екен-ау.

— Қызым, жарты сағатқа әзер сұранып
келдім деп едің. Сенің қонақтармен қоштасатын
уақытың да таяп қалған шығар. Амангелді ағаң

үйрөткен әндеріңің бірін айтып берші ағаларыңа, – деді анасы.

Мэри пәлсініп тұрмады көздерінде ерке назбен қуаныштың оты жанып, тістерін ақ маржандай жарқ-жарқ еткізе тәтті жымып алды да домбыраның құлақ күйін келтіріп шырқата жөнелді. Әуелі баяу басталып, бірте-бірте кеңістікті көрней мұнды әуен қалықтай жөнелді. Жан дүниемізді елжіреттер бір жылы ағыс, нұрлы дауыс бәрімізді баурап алды. Тамылжыған саздың құдіреттілігі соншалық жан дүниенде жабырқатып, көзіңе жас үйреді. Көк аспанның төрінде үшкілденіп үшып бара жатқан тырналар тізбегі көңілге қай-қайдагы мұн үялатады, жабырқатады.

Соңғы шумаққа Жорадан басқамыз қосыла әндептік.

Біздің жаққа бауыр басып кеткен бе,
Тамаша әнмен келіп еді көктемде.
Өскен жерге сыймай кетіп барады,
Өскен жерін қимай кетіп,
Қимай кетіп барады.

Қос қарияның жанарлары жасқа шыланып, туып-өскен елге деген сағыныш өзекті өртейтіндей күйзелісте тұрганың байқау қыын емес еді.

Ата-анасының әлгінде ғана көктем селіндей тасыған шат көңілдері сахара шөліндей құлазып, орнын сағыныш мұннының тұнжыр тұманы

торлағанын перзенттік сөзімталдықпен түйсінген Мэри домбыраны төрдегі орнына іле салып:

– Осы әнді орындаған сайын ата-анасын сағынған жетім баладай көздөрі мөлтілдейді де қалады. Үлғи осы. Өздері қоярда қоймай айтқызып алады да соңынан көз жастарын көлдептіл отырғаны. Пап, мам, – деп қатар отырған қарттарды құшагына алып, – өндігәрі мұнаюларыңызды қоймасаңдар, қазақтың күйін дө, әнін де айтпаймын, – деді.

– Ағаң туылп-өскен елден айырып еді, сен енді ең соңғы алданышымыз сүйіп-сүйсініп тыңдайтын өн-жырымыздан айырмақшымысың? Әдіра қалғыр, аузымызбен тістегендегі ғып жеткізгендегі сөндерден көрген мархадамымыз осы ма? – деді Даяна ана қызына өкпелі үнмен.

– Мама, көшірініз сізді ренжітсійін дегенім жоқ еді. Қазақстаннан кеткелі жиырма жылға жақындал қалды ғой. Уақыт бәрін жазады дегені қайда? Бұлардың сағыныштары жыл өткен сайын қайта...

– Мэри қарындастым, – деді Mүсір қыздың сөзін бөліп, – уақыттың да пәрмені келмейтін нәрселер баршылық бұл өмірде. Ол физиологиялық әсер қайта уақыт озған сайын шыңдала, қуаттана түседі. Соның бірі – сағыныш. Әсіресе өскен елге деген адамның сағынуы бірте-бірте жазылмайтын дерптек айналады. Оны ғылыми тілдө ностальгия дейді. Сағыныш дертінің бірден-бір емі – ол аңсаған

елінө бару, көкорай шалғынына аунау, ауасымен тыныстау, сүйін ұрттау, сүйген асының дәмін тату, асыр-салып ойнаған орман-тогайын армансыз аралау, ең бастысы құлдын-тайдай тебісіп бірге ескен құрбыларымен сырласып шер тарқату. Сонда ғана жандары жай табады. Басқа ем жоқ, – деді.

Мұсірдің айтқан уәлі уәжінө қос қария аса ризалық танытып.

– Эп, бәрекелде Мұсеке, біздің көкейімізді жастар қайдан түсінсін? Мына тас қапаста өткен өмір өмір мө тәйірі? Таңдан тұрып арайлап атқан алтын күннің шұғыласына көз тігіп ұзақ қарамаған соң, қысқа күннің батар шағында қызығылтым сәулеге шымқалған ұлла бүлттардың мұнарына қарап өмір жайында ой толғамаған соң, шетсіз де, шексіз көк аспанның жымыңдаған жұлдыз-моншақтарының әсемдігінен ләззат алмаған соң, ең ақыры құрбақаның құрылышын, шегірткенің шырылын естімеген соң өмірді өмір деп атаяға бола ма? – деді Симон аға.

Шының айтсам, қос қарияның айтқандарының астарына тереңірек ой көзін салмағанымыз анық. Байсал шаққа жеткенге дейін елде жүргендеге елей бермейтін, елей бермейтін не оған мән де бермейтін дүниелер жайында отағасының ой толғанысы мені таңдандырыды. Иә, әншешіндеге жіті көңіл бөліп, ерекше зер сала бермейді еkenбіз той. Япыр-ау, біз осы өз асылдарымызға осынша неге салқын да самарқау қараймыз? Неге? «Қолда барда

алтынның қадірі жоқ» деген осы ма? Ойымызды мизам таразысына тартар болсақ, қос қарияның айтып отырғанының бәрі баға жетпес құндылықтар екені ақиқат. Түсінігі бар адамға шындық қой.

– Папа, – деді Мэри, *Mysir aғa* өкеуініздің мына сөздеріңізден кейін өмірдің біз парқына бара бермейтін қалтарыстары да бар екенін үққандай болдым. Қазақтар айтпақшы, құдай қаласа, келесі жылы жазда құрбақасы құрылдайтын, шегірткесі шырылдайтын Қазақстанға не қонақ болып барып қайтасыңдар, не түпкілікті көшіріп апарамыз. Осыған Николасты қөндіру мениң мойнымда, – деді.

Бұған бәріміз де мәз-мейрам болып, қауқылдасып қалдық. Қос қарияның мұнды жүздері жадырап шыға келді.

– Олай болса, – деді Лес сөзін Мэриге бағыштап, – ата-анаңызды елге шығарып саларда маған жедел хат жолдайсыз. Бұл кіслерді әуежайдан өзім күтіп аламын, – деді қызбаланып.

– Симон аға мен әпкемді жоражолдастарымен кездестіру, жалаң аяқ, жалаң бас кездерінде асыр салып ойнаған жерлерін аралатып, қыдырту мениң мойнымда, – деді *Mysir*.

– Елдегі құрбақаның құрылын, шегірткенің шырылын қос қарияға естірту мениң үлесімде, – дедім мен де.

Лес Мэридің назарын маған аударып:

— Қарындастым, мына ағаң бар той. Үнемі осы, «ауырдың үсті, жеңілді астын» іздөйді де журеді. Қаттылықтың шынына шыққан бұл. Құрыл мен шырылды тыңдатамын дегені не сасқаны. Өйткені олар төгін той. Одан күрделірек нәрсөні таппағаны дә, — деп құрдастық қыжыртпа сөзбен түйреп.

— Леке, — дедім мөн, — Мүсекең де, сен дө шаһарда тұрасыңдар. Мөн болсам Шымкенттен елу шақырым жөрдегі Аққұм елді мөкенінде тіршілік етемін. Біздің ауылға талай рет барғансың. Оның табиғатын Алла тағала жаратқан қаз қалпында екенін өзің білесін. Қарттарымыздың аңсары ауған күллі сәулелі шақ, тылсымды дүниесі сол жерден табылатыны даусыз. Бұл, сениңшө, қонақты әуежайдан қарсы алғанға қарағанда ауырдың үсті ме, жоқ әлде асты ма, айтши, — дедім Ләстің қалжынына қалжынмен жауап беріп.

— Өмірі біреуге бір мысал ақынды жіберме сен, — дөді Лес болар-болмас басын шайқап, сұқ саусағын кезеп «қап сені ме!» дегендөй сес көрсетіп.

Еш нәрседен бейхабар, бізбен бірге келгеніне өкініп отырған Жорадан басқамыз мәзмәйрамбыз.

— Айналайындар, ықыластарыңа, риясыз көңілдеріңе раҳмет. Қазақы көңіл, қазақы дарқандықты аңсап жүрген шагымызды сөндерді көріп, арқа-жарқа тілдесіп, қазақтай бекзат халыққа сағынышымызды ақтарып, сәл де болса

мауқымымызды басқандай болдық. Қазақтың кең пейілділігі, достық мақамынан айнымайтын кіршіксіз көңілі, тағдыр тәлкеғіне ұшыраған мұсәпірлерді жерінө де, жүргегіне де сыйдыра білген жомарттығы үшін құрметтейміз, сағынамыз, қаншама уақыт өтсе де, ұмыта алмаймыз, – деді Даяна әпке тебірене отырып.

Қадым заманнан мәдениеті мен әдебиеті дамыған, әр ғимараты мен кірпішінің өз тарихы бар, олимпиада отанында отырып өз халқымыздың деген осыншама ықыласты өстү қуаныш толқынын тудырып, жан дүниемізді тәтті күйге бөледі. Таза ықыластың шын пейілдің өзіне ішпей-жемей мас бола береді екен-ау адам деген. Көңілі көктемдей шуақ, іші таза, тұла бойы тұнған текті халықтың ұрпағы екеніңді сезіну ой-сананы алтын-кірпікті құннің жып-жылы, мап-майды, жанға жайлы сәулесімен нұрландыра тұскендей.

Тілі мен діні бөлек, алайда Қазақ Елі, қазақша деген ерекше ынта-ықыласының, сүйінішінің жөні бөлек отбасында отырып аузын ашса, көмекейі көрінетін, бөтеннің ала жібін аттамайтын, кең етек, жуас халықтың қадір-қасиетін бөгде жұттың көзімен жаңа таразылығындаи болдым. «Қолда барда алтынның қадірі жоқ» дегендей, сайын дала көшпендейлерінің сан ғасырлар желісінде қалыптасқан салт-дәстүр, болмыс-тіршілігі, жақсылықта деген ұлы сенімінің, пәктік пен әсемдікке деген айрықша іңқарліктің, имандылық жолында жанын пида етуге бас

тіккен ерекше мәрттіктің іргетасы еkenін бүгінге дейін неге түсінбекенбіз? Мына асыл қарттар көзімізді ашпағанда, «дәстүрдің озығы бар, тозығы бар» деп ата-баба салып кеткен сара жолын өзімізше түзетпек болдық-ау, ергежейлі санамыздың дімкестігіне қарамай. Ұят-ай! Құл-қоқыс пен шөп-шаламның айналасынан шыр-шыр етіп үзай алмай жүріп, қыраннның қанат жайған заңғар биігін алласартпақ болғанымыз немді алғанымыз?! Құдайым-ау, өзгені зор, өзімізді қор санауымыз неліктен? Өзгелер бізден несімен артық? Біз зор санаған жүрттар ата-бабамыздың айбыннын сескеніп биік-биік қорғандар соқпады ма?! Сол сұс пен айбынның іргетасы бүгінгі біз «тозығы жеткен» деп жүрген салт-дәстүріміз, діліміз бен дініміз еkenін неге ұмыттық? Апрай десөңші, неге гана ұмыттық еken..?

Осынау ойлар жан дүниөмді құлазытып, жүргімді паршалаумен болды.

Афинадағы домбыралы отбасымен қоштасатын сәт де келіп жетті.

– Симон аға, Даяна әпке, Мэри қарындасым, қазақты қазаққа жақсылап танытқандарының үшін шексіз алғысымызды білдіреміз. Қазақ халқын қадірлекендіктен, сол ұлттың ұрлагы болғандықтан бізге жүректеріңізден төрінен жай беріп, ізет көрсеткендеріңізге пейілдеріңізге аса ризашылығымызды білдіреміз. Келесі жылы жазда туып-өскен, аңсан сағынған Қазақ Елінде сіздерді асыға күтеміз, – дедім үй иелерінің

қолын алып.

– Түшіл-өскен киелі жерге, сол құнарлы топырақты мекен еткен қасиетті елге дұғай сәлем айта барыңыздар бізден, – болды қос қарияның соңғы сөзі. Жанарлары жасқа шыланып, жүздері мұнға малынып, қазақты қазақтан бетер құрметтеген шуақты жандар ата жүректен мейірленіп шығарып салды. Бала пейілмен қоштасып біз кете бардық.

Біз болсақ көк жүзінде Грекиядан шығып, туған елге қараї ұшып бара жатырмыз. Афина көгінен, сон-о-о-у алыстан қоңыр домбыраның шанағынан төгілген жан тербер жұмсақ та жылы әуені естіледі. Сұлу да құлаққа жағымды, жүрекке жылы көңіл қылыш шертіп, бірде шаттыққа бөлесе, бірде мұн болып төрбейді. Сырлы күй бойыма ерекше күш-куат құйып, кеудемді әлдебір мақтанды кернейді. Жән дүниені елжіретіп, сезімді баурап барады.

Қазақ өзгерер, бірақ домбыра шанағынан төгілген ән-күй өзгермейді, қуаныш-қайғыда қазақтың жанына жалау болған «нағыз қазақ» өзгермейді. Оның мақлап үні күллі түрік баласын бір шаңырақтың астына шақырады, ынтымакқа үндейді.

ДОМБЫРА – қазақ үшін киелі ұғым. Оның екі ішегі сан ғасырлар бойы қазақтың жоғын жоқтап, мұнын мұндаумен келеді.

Қазақ аспанында қырандар қалықтап жур. Басқа құстар сәл сүйік түсті дөгениш-ақ туған жерін тастап жылы жаққа кетіп отырады. Ал

сұңқарлар қанша қыспақ көрсө де, қиянат тапса да, шынынан безбейді.

Қыран қүйқылжыта сайрамайды, қаһарлана саңқылдайды. Оның әр саңқылынан ерлік пен батырлықтың лебі еседі.

ТІЛ

«Дауға салса, алмастай
қиған, ойға салса, қорғасындаі
балқыған, өмірдің кез келген
орайында әрі қару, әрі қалқан
болған, әрі байырғы, әрі жас,
отты да ойнақы Ана тілінен
артық қазақ үшін бұл дүниеде
еشتене жоқ»

Н.Ә. Назарбаев

Шіркін, менің қасиетті, жаныңды
нұрландыраң анық та айқын, шешен де көркем
ана тілім, қазақ тілі! Сен менің таусылмайтын,
көл-көсір қазынамсың, барлық қайғы-қасіреттен,
кесапаттан құтқарар ақ періштемесің. Сен менің
шөліркеп сусағанда сусынымды қандыраң
мөлдіреген бұлағымсың! Сен менің...

Менің көкейімде талай-талай айттылмаған ой
жатыр, мұлтіксіз сөйлейтін дауыс та бар. Ол
дауыс сенсің, менің ана тілім, қазақ тілі. Сенің
арқаңдағанда мен туған өлім жайында, үсті
пейіш, асты қеніш қазыналы жерім жайында,
туған халқымның тамаша қасиеттөрі хақында
сыр шертемін. Сенің арқаңда елімнің өткенін

танимын, келешөгін болжаймын. Сен мені қолымнан жетектеп, үлкен өміргө шыгардың, әлемді таныттың.

Тұған анам көктегі тәнімді жерге түсірсе, сен рух отын жандырып, жанымды кеккө көтердің. Кейбір қаракөз бауырларым бөгде тілде сөйлеп, оны өзінің жетістігі санап, мәдениеттілікке балап жүргендеріне қынжыламын. Мейлі гой, қай тілде сөйлеймін десе де өз еркі! Ана сүтімен келетін, бесік жырымен берілетін тұған тілін білмеу өз үлттының ұя көшінен көз жазып қалған мұсәлірге, жарымжанға ұқсатамын оларды. Бөгде ел, жат жұрт шын көңілінен арқаңнан қақса құба-құп, сырты жылтырақ, іштей кемсіте отырып маңдайынан сыйлағанына мәз болғаныңа күйінемін. Мен оларға ақыл айтқым көліп отырған жоқ! Алайда сен, қайталап айтамын, сен, онсыз да саны аз біздей үлт үшін, адасқан жансың, адасқан адамсың. Иә, жоғалған жұрағатсың..

Әжем жарықтық қағынан жеріген осындағы жанды көргенде: «Жаратқан ерден ез тудыра көрмесін» дейтін. Тағы бірде: «Жаратқан пендесін адастыра көрмесін» дейтуғын.

Мына аласапыран алмагайып заманда «тілден айрылу – бәрінен айрылу» (М.Шаханов). Қасиетсіз тобырға айналу. Ал тобыр деген рухсыз, ынтымақсыз, пәтуасыз адамдар тобы. Тобырдың биік мақсаты болмайды. Бар арманы: қарнының тоқтығы,

өзінің амандығы. Басқасы пұл болмаса, күл болсын, оған бәрі бір.

Тобырды ұлт етіп ұйыстырыар – құдіретті тіл. Иә, тіл – құдірет! Жанды да сыйқырлы құдірет!

Бауыржан інім айтады: Жайма базарда келімсек бір қытай саудагері ескі-құсқы киімдерін сатып тұр. Соларды менсініңкіремей, танауын көкке көтеріп, өрі қарай өтө бөргөн қазақ көліншегіне әлгі қытай таза қазақ тіліндө: «Китке жарайды», – дөп қалды. Әлгі көліншек саудагердің мына әрекетіне ішек-сілесі қата күліп, әлгі өзі менсінбей көткен тауарларды қайта қарап жатыр. Тіл құдіреті түкке жарамсыз киімдерді алғызып тынды ақыры.

Ел арасында мынадай аңыз-әңгіме естігенім бар. Бір қазақтың ер көңілді жігіті қалмақтың қара көз қызының ғашық болыпты. Қыз мынандай шарт қояды: «Мен саған тұрмысқа шығайын, бірақ он шартымды орында», – дейді.

Жігіт оның шарттарын бірінен соң бірін орындаі бастайды. Алғаш жал құйрығы төгілген, ноқта-жүген киілмеген асау атты жуасытады. Аузынан көбік атқан буранны шөктіреді. Алқызыл түлкінің терісін бүлдірмес үшін көзінөн атып түсіреді. Не көрек, толып жатқан бірінен бірі қыын шарттарды орындаіды. «Киіміңді суламай асау вәөннен жүзіп өт», «Көк бөріні қарусыз ұстап әкел» деген сияқты. Жігіт қыз шарттарының тоғызын мұлтіксіз орындаіды. Ең соңғы шартын қояды.

«Енді сен, – дейді қыз, – өз ана тілінді ұмытта, біздің тілде сөйле», – дейді. Сонда жігіт сүйгеніне ләм-мим деместен бұрылыпты да, атына қарғып мініп, құйғыта шаба жөнеліпті. Қазақтың ер көңілді жігіті ана тілі үшін махаббатын талақ етіп, кете беріпті.

Қолымда менің өміріме әр беретін, нәр беретін, сырлы да нұрлы шам-шырағым бар. Ол менің адаспас үшін анамның жақсан шырағы – ана тілім. Егер ол абайсызда сөнер болса, өмірімнің қараңғы түнекке айналғаны. Дамылсыз соққан жүректің мертіккені.

Ата-ана үрпағына мұра етіп тілін қалдырады. Ал ана тілін мұра етіп алған үрпақ халқының салт-дәстүрлерін, діні мен ділін көздің қарашығындаи сақтар, өзіне үй-жай, дүниө-мұлік жинар. Домбыраның құлағын келтіріп, бабадан қалған құйін ойнар болар.

Қайран әсем де көркем ана тілім менің! Қазағыңа ризамысың? Әй, қайдам! Қадір-қасиетіңді бағалай алмай журміз-ау сенің? Басқаны қайдам, менің тірегім сенсің! Мен сенің көл-кесір байлығыңды мақтан етемін. Со-о-ноу тұңғызың терең шыныраудан жарыққа, жасыл желекке асыққан бұлақтың мөлдір тамшысындаи ана тілімнің інжу-маржандары тірлігімнің сән-салтанатын келтіріп, жүрегімді қуанышқа бөлейді.

Ана тілім, жанға жайлы ыргағына құлақ тұрсем, сонда маған жер ананың төсін жарып шыққан бал бұлақтың сылдырын естігендей

болармын. Мен таудан құлап аққан өзен күркірін ұнатамын, мен қыранның қаһарлы шаңқылын, бәйгеге түскен қазанаттың дүбірін сүйемін, бұлбұлдың үнін, домбыраның күмбірін ұнатамын. Осынау сүйкімді дыбыстар, құлақтың құрышын қандыратын дыбыстардың бәрі мениң тілімнен табылады. Табиғатта қаншама үн болса, мениң тілімде де соншама дыбыс бар, сопшама саз, сонша ырғақ бар, сонша саз, сонша ырғақ бар.

Уа, мениң құдіретті ұлы тілім, алуан түрлі ырғағың непкөн өсем еді! Қазақ болып тумаған пендеге тау тағысындаі асай тілімді жуасыту да қыын-ау саған.

Үсті пейіш, асты кеніш сайын далам бар деп жар салу жеткіліксіз, оны сұқ көзден сақтау керек.

«Қазақ қазақпен қазақша сөйлессін» деп ұран тастау жеткіліксіз, оны құллі қазақстандықтардың қажеттілігіне айналдыру лазым.

Махамбет маған айтқан еді (М.Жүсіпұлы. Ташкент қаласындағы Өзбек мемлекеттік әлем тілдері университетінің кафедра менгерушісі, ф.ғ. докторы)

2001 жылы Адам Маскевич атындағы Позин университетінің Шығыстану институтының түркология бөлімінің менгерушісі, профессоры Кенрик Инковскиймен Варшава қаласында кездестік. Сонда ол кісі бір сөзінде:

— Мен Позин университетінде түркі бөлімін аштым, енді өзбек бөлімін ашпақшымын, — деді.

Мен:

— Негыласыз өзбек тілін ашып? — дедім ренішімді жасыра алмай. Ол аз үнсіздіктен соң:

— Жырма миллион өзбек бар, халық саны бойынша түркі халықтарының ішінде түріктерден кейінгі екінші орында тұр, — деді.

— Сіз егер өзбек тілін ашсаңыз оны тәк өзбек қана түсінеді. Ал егер қазақ тілін ашсаңыз сізді қарақалпақ, қыргыз, ногай, татар, башқұрт сияқты түркі халықтарының 50% түсінетін болады. Сондықтан сізге өзбек тілінен гөрі қазақ тілі тиімдірек, — деп сол жолы дегеніме жетіп, қазақ бөлімін ашуға себепші болдым.

Үш жылдан соң қыркүйек айында ол кісімен тағы жүздестік. Сонда:

— Біз қазақ бөлімін жапқалы жатырмыз, — деді ренжи сөйлеп, — неге десеңіз, біздің балалар істәжірибесін өткізуға Қазақстанға жібергенбіз. Поляк балалары (қазақ бөлімінде оқитын) түрікше де, қазақша да өте жақсы сөйлейді. Олармен Қазақстанда бірде-бір қазақ қазақша сөйлеспепті, көрісінше орысша сөйлейді еken. Сөйтіп Қазақстанға барған біздің балалар:

— Ол жақта қазақтардың өздеріне қазақ тілі керек емес еken, ендеше неге үйренуіміз керек қазақ тілін?- деп рөнжіп қайтты. Сондықтан қазақ бөлімі қажетсіз еken деп таптық.

Мен не айтарымды білмей, қатты ұялдым.

Натали Васильенсканың күнделігінен.
(Н.Васильенска Адам Маскеевич атындағы университетінің түркология факультетінің 4-

курс студенті).

Қазақ жерінен алған әсерім керемет... Тек мені өкініште қалдырғаны, мұнда көшеде қазақтармен тілдесу барысында орыс тілі basым. Көптеген тұста:

— Мен орыс тілін түсінбеймін. Мүмкін болғанша қазақша тілдесіңіз, — деуге мәжбүр боламын.

Бірде дүкенге кіріп, қаймақ беруін сұрадым. Дүкенші қазақ қызы нө сұрап тұрганымды түсінбей дал болды. Ол:

— Орысшасы қалаі? — деді.

— Дүкенде зат бағасын сұрасаңыз немесе көшеде кездескен қазақтан әлде бір мекен жайды айтуын өтінсеңіз орысша жауап қайтарады. Тым болмаса қазақ тіліндегі қолданысқа қажетті бір-екі ауыз сөзben де түсіндіріп бере алмады. Бұл өте уят!

Лес досым айтады. Тілі үшін, жері үшін күреспеген халықтың өзі емес, оның қоқым, қиқымы.

Әр адамға өзінің ана тілі – негізгі тіл. Өзінің тілін сүймеген пенде, өзінің ұлтын сүйе алмайды. Өзінің тауын сүймеген адам, өзінің жазығын да сүйе алмайды. Өз отбасынан таппаған бақытты көшеден таптайды. Өз анасын қадірлемеген кісі өзге әйелдің бетіне түкірепі хақ.

Айжанның күнделегінен. (журналист Көшенова). Биыл (2008) Тбилисиде соңғы 2-3 жылда жұмыс істей бастаған қазақстандық

компанияларда қазақтар ойын-сауық отауында Наурыз мейрамын тойлады. Сонда менің қасымда отырған «Мир» телекомпаниясы грузин қызметінің журналисі қазақ әдеп-ғұрпын, көрсетілетінін, қазақ тілінде сөз сөйлеп, ән шырқалатын, балалардың қазақша тақлақ айтып, би билейтін сәтін сарыла күтті.

Мен де Грузиядағы қазақтардың Наурыз тойынан хабар жолдай алмадым. Өйткені жүз қазақтың арасынан қазақшаға жетік, ұлыстың ұлы күні жайлы айтып берे алатын бір қазақ таппадым. Өкінішке орай!

Анасының бесік жырын, тілін, әнін, күмбірлеген күйін естімей өскен бала әке-шөшесі болғанымен, рухани тамыры үзілгөн мүгедек жан. Ал әке-шөшесіз өскен сәби өгер бесігінің басында бесік жыры шырқалып, «айналайын қоңыр қозым» деген сөзді естіп өссе, ана тілінің уызымен нәрленсө жетім болмағаны. Өйткені қазақтың киелі даласы мен тауы, жазығы мен өзен-көлі, шөлі мен шөлейті – бәрі-бәрі қазақша сайрап тұр емес пе?

Адам деген түсінде не көрмейді? Туған жерді құмырсқадай қаптаған табғаштардан қорғап қанды шайқастың ішінде жүр екенмін-ау деймін. Бір қазақ сарбазына он жау сарбазы жан беріп, жан алысада. Алдыңнан да, артыңнан да, оныңнан да, солыңнан да, ораган дұшпан. «Арқа тірер жартас табылса, оңтайлы болар еді-ау» деген ойладым да жылыстай жүріп, жақын маңдағы жарқабаққа паналап тұра қалдым. Жау ту

сыртынан қару сілтей алмайтындықтан еркін қымылдап оңға келгенін оңға, солға келгенін солға сұлатта бердім, сұлатта бердім! Қылышым табғаштардың төбесінде жасындағы жарқылдады. «Алаштаған» үраннан оянып кеттім.

Қазақ елі мен үшін қыын-қыстау кездерде арқа сүйер, пана болар жартас болса, қылышым өткір де сұсты ана тілім!

Жазушының жаңа шығармасын, ақынның сиясы кеппеген жырын, оқыған сайын, Ана тілім, сені жаңа танығандай, жаңа ғана түсінгендей, жаңа ғана көргендей боламын. Көркемдігіңе таң қаламын. Әсемдігіңе сүйінемін. Мен үшін сен сарқылмайтын, ұшы-қыырсыз қазынасың, таусылмайтын байлығымсың.

Күнделік дәптерден. Ресейде Отан алдындағы борышын өтеп жүрген қазақстандық орыс жігіті Сергей Петровтың хатынан үзінді: «....Құрметті папа, мама, қарындастым Даша, аман-есен жүрген шығарсындар. Менің жағдайым жаман емес. Бірақ өте жалғызырап, зерігіп журмін. Біздіңше өшкім сөйлемейді. Шер тарқатып сөйлесетін бірде-бір қазақ жігіті жоқ. Рейске шыққанда, оңашада, өзіміздің әндерді айттып, туған елге деген сағынышымды басамын....»

Махамбет айтады. Мичиган мемлекеттік университетінің кафедра менгерушісі, ғылым докторы Дэвид Преста бірде маған мынандай әңгімө айтты: «Бізде (Мичиган мемлекеттік

университетінде) қазақстандық 120 магистрант, аспирант, докторант оқиды. Бәрінің де заты қазақ. Біздің университетте қазақ, өзбек, түрік, ұйғыр тілін оқитын әрқылы топтар бар. Соған бізге оқытушы керек болып әлгі қазақтармен сөйлесіп көрдік:

— Сендер әр жерде даяшы, күзетші болып жұмыс істегенше, осы жерде қазақ тілінен сабак беріп, ақша тапсаңдаршы, — дедік. 120-ның барлығымен сұхбаттастық, біреуі де қазақ тіліндегі сабак беремін деп айта алмады. Содан бәрінің құжаттың тексеріп көрсек, құжаттарында қазақ, есімдері де қазақша, бірақ қазақ тіліндегі сабак беруге келіспеді, я бермеймін дейді, я білмеймін дейді, үндемей шығып кетеді. Сөйтіп бұл күнде Мичиган университетінде қазақ тілінен Ташкент облысындағы бір қазақ аулынан шыққан, қазақ филологиясын бітірген өзбек қызы сабак беріп жүр, — дейді Дэвид Преста таңданысын жасыра алмай.

Сонда деймін-ау қазақтың мәңкүрттенген өгей жастары үшін (олай демеске амалым жоқ) шетелде білім алуға жұмсалған қаражаты адад да, оның тілі арам болғаны ма? Олар өлге оралғанда қазақты қай ұшпаққа шығарар дейсің?!

Қайраңғана сұрауы жоқ босқа шашылған Қазақ Елінің ен байлығы-ай десеңші. Босқа төгілгөн...

Қалима қарындасымыз докторлық диссертация қорғап келді дегенге құтты болсын айтуға тілектестер бас қостық: « ..Карағым,

мәдицинада қандай жаңалық аштың, соны айтып берші мына бізге» дегенімізде, 6-7 пункттен тұратын ғылыми қорытындысының соқырға таяқ ұстаптқандай етіп баяндап берді су жаңа доктор қарындастымыз. Біздің түсінгеніміз, адам деңсаулығын сақтаудың 50 пайызы ішетін тағамына, 10 пайызы дәрігерлік көмекке, ал қалған 40 пайызы қоршаған орта мен дene шынықтыруға байланысты екенін дәлелдеп шыққан. Қарындастымыздың мына ғылыми тұжырымына қол соғып, ғылымның жаңа белестеріне көтеріле беруіне тілектестігімізді білдірістік. Біздің сар жөлісімізге қосылмай отырған Mysir ақсақал: «Қарағым-ау, сенің мұныңды қазақ «Аурұ – астан, дау – қарындастан» деп баяғыдан-ақ айтып қойған ғой, несіне он жылдай осыған бола əуре-сарсанға түсіп жүрсің» демесі бар ма!

Мына ақсақалдың тың пікіріне бәріміз де үрпісіп қалдық. Ойландырып тастады. Шыныда да қазақтың әрбір мақалы бірнеше ғылыми тұжырымдардың жүгін көтеріп тұрғанын аңғару қыын емес.

Қазақ отбасындағы қыз бала тәрбиесі жайында жазылған диссертацияның он шақты ғылыми тұжырымы қазақтың бір ғана «Қызды қырық үйден тый, қала берсе күнен тый» деген мақалына жетпейді, ширегіне де. Қайран қазақтың қазыналы тілі! Сенің қадіріңе жетпей журміз-ау! Кадіріңе жетпей жүргендер көп қой біздің қазақта.

Келешекте ауыз әдебиетін зерттеушілердің бірі қазақтың мақал-мәтептің басқа тілге аударып, кітап етіп шығарса, сонда бар той бөгде жұрт қазақтың қынынан қызыстырып тапқырлық деңгейін, мазмұнының кеңдігін білер еді. Таңданар еді. Жағасын ұстар еді. Бұл – имандай шыным.

Күнделік дәптерден. Надежда Трифоновна сары шетелдік автобустың салонында рақамттанып отырған. Кенет бір нәрсеге қатты ренжіді. Мініп жатқан жастар да, түсіп жатқан жастар да қазақ бола тұра, орысша сөйлейді. Ашуы келді. Кенет: « Әй,- дәп айқай салды Надежда ана:

– Әй, әй, әдемі қыздар! Көркем жігіттер! Неге ғана қазақ қазақпен қазақша сөйлеспейді, а-а-а?

Сары шетелдік автобустың ішіндегі орысша сездер сап тыйылды. Жастар да, жасамыстар да көккөз, сары кейуананың келісті кейпіне қарап, қайран калысты.

– Ұят емес пе? Қашанғы өстесіңдер, осы а-а-а? – деді тағы Трифоновна

– Қазақ қазақпен қашан сөйлеседі, қазақша?

Орыс кемпірінің осы «шатағы» да Шымкент шаһарында біразға дейін әңгіме ауанына айналған.

Жетесіз жастардың бұл қылышына орыс кейуанасының өзі намыстанып айқайды салғанда, біздің, қазақтардың: «Осы сендер неге бүйтесіңдер?» – дөуге шамамыздың келмеуі

қалай?! Қашанға дөйін қалғи береміз. Құдайым-ау, серпілетін уақыт әлдеқашан жетті емес пе?

Қазақ тіліндегі жібектей есілген әдемі сөздермен қатар өңменіңнен өткізіп, тірідей өлтіретін сөздер де бар. Ол – қарғыс сөздер.

Ауылда екі әйелдің бірін-бірі «мақтамен бауыздасып» жатқанын естіл өдім. Біреуі:

– Соны айтып түрған тіліңе күйдіргі шықсын, ілайым!

– Жоқ, сен тіл-көзден айырылып, мүрдем көт! – деді екіншісі.

– Жағың қарыссын!

– Сенің жағыңа жылан жұмыртқаласын! – десіл сөзben кескілесіп жатты.

Мұндайды естігендегі әжем: «Адам аласынан сөз аласы жаман, От шаласынан сөз шаласы жаман», «Іріген ауыздан шіріген сөз шығады», – дейтін жарықтық.

Осындай да қарғыс болады. Алайда өз ана тілін құрметтемейтін адам (адам деуге келсе) ешқандай қарғыссыз-ақ, сый-құрметтен әдірам қалады. Жат тілмен жазылған перзентінің шығармасын ешқашан оқымайды жер-ана. Оқыған күнде де тиісті «бағасын» берері сөзсіз.

Көзі тірісінде көрнекті ақын қатарындағы адамның бөгде тілде жазылған шығармасын оқыған оқырман: «Халқының құллі рухани жәдігерін, тілін, әдем-ғұрпын салт-дәстүрін білмей жатып, сол халыққа ақыл айту, көсемсу – жарамсыз тірлік. Ал мына жазушыға келсек, қазір оның ішкі жан дүниесінде қазаққа қатысты,

қазаққа тиесілі еш нәрсе қалмаган... Ұлтқа деген құрметі жоғалған адамнан не күтуге болады» – депті. Жетесі бар адамға айтудай-ақ айтқан ғой сабазың. Айтқан-ақ...

Жазушының туындысынан жусанның иісі, айран мөн қымыздың иісі, сур ет пен қуырылған құйрықтың иісі мұрныңды жарып тұрса, қазаққа құнды өңбек сол. Өйткөні қазақ өмір сурген сайын даласын жусансыз, қорасын төрт түлік малсыз суреттеу шындыққа жана спас еді. Шалажансар, дүмбіlez шығарма болар еді. Жарымжан туынды болар еді.

Қазақ: «Піл көтермегенді – тіл көтереді», – дейді тоқсан ауыз сөзден тобықтай түйін түйілген шақта. Озық ойлы, орақ тілді адам көргенде әжем: «Тілінен бал тамған азсал азамат екен» деп отыратын жарықтық.

Бір күні Сабина немерем: «Ата, ұлттың ұлылығы деген не?» деп сұрады. Шынында да ұлылық деген не? Ойланып қалдым. Ұлылық?... Құс екеш құс та өмір бойы ата-анасынан мұрага қалған (жақсы ма, жаман ба) әнді айтып, қайталай береді ғой. Ал бұлақ деген не? Оның өмір бойы сыйдыр қагатыны – жалғыз-ақ әні бар. Ұлылық деген осы ата-баба дәстүрін қастерлеп, ары қарай дамыту шығар, тегі. Ал қазақ неге әр түрлі тілде сөйлеуі тиіс. Сөйлесін-ақ. Сөйлей берсін, қарсылық жоқ. Алайда бақа екеш бақа да өз ата-бабасының үнінен жаңылған емес қой. Жаңылысқан емес... Өмір бақи жаңылыспайды да... Бізде, қазақтар да,

табиғаттың осынау ұлы заңынан көз жазбасақ иgi едi. Ұлттың бақыты деген, ата дәстүрінен айнымау шығар.

Иә, мен сайын дала төсінде шылжырап қана болар-болмас ағып жатқан бұлақ көзімін. Болар-болмас қана. Солай болса да, өзім өзөгін жарып шыққан ана – қойнауды, өзім шылжырап ақтан жылғаны жанымдай жақсы көремін. Сол жылға бойында бой көтерген жасыл желекті, мәуелі бақты, жайқалған бау-бақшаны, әрбір тамшы ылғалымды қажет еткен, сонау ұшы-қыры жоқ құнарлы да киелі даланы ұнатамын, сүйемін. Сол киелі топырақта сылдыр қаққан мың сан бұлаққа қосылып, жағалаудағы түнерген жартасты асau толқындарымен соққылаған шалқар тенізге айналып, қазагымның қасиетті даласына нәр беріп, иран баққа айналдыру – басты арманым. Еш бүкпесіз шындығым осы. Ең басты мақсатым да осы болмақ.

Мен – қазақтың перзентімін. Қатардағы қарапайым ғана. Алайда мен тек қазақ алдында ғана емес, тек бүкіл Қазақстан деп аталатын ұлы елімнің алдында емес, сонымен қатар күллі түркі әлемінің алдында да борышты екенімді сезінемін. Мына аласапыран заманда басқаша өмір кешу де мүмкін емес. Бұл ойым басқа замандасқа күлкілі болып көрінүі мүмкін, қайтейін күле берсін. Ал мен үшін басқаша өмір сүру мың сан шыны сынықтары үстінде жалаң аяқ, жалаң бас билегенімен тең, үстараның өткір жүзінен жүргенмөн бірдей.

Қазақ тілінің астарлы қабаты мен мәнін түсіну үшін тек қазақ болып тууы тиіс. Басқа үлт қазақтың салт-дәстүрін, ділі мен дінін білмейтін жамағат хакім Абайдың: «Атадан алтау, анадан төртеу, жалғыздық көрер жайым жоқ» деген сөзінің түп-төркінін түсініп көрсін. Түсінбейді! Қайдан түсінсін?

Әлі есімдө 1986 жылғы жастардың желтоқсан айындағы көтерілісінен соң, әрбір сөз аңдуда, қадағалауда болған шағында ақын Е.Раушанұлының «Қара бауыр қасқалдақ» өлеңі жарияланды. Оndaғы қара бауыр қасқалдақтың кім екенін, «қаңғып келген шүрәгейдің» кім екенін астарлай меңзегенін келімсектің өзі де, айналасындағы қазақтың өгөй үлдары да сезбеді, мәнін түсінбеді. Қазақ тілінің қанық бояуымен айшиқталған астарлы мағынасын көзі ашиқ, көкірегі ояу қазақ жастары түсінді, халық түсінді. Тіпті елдің нағызының қайраған, жасыған жігерді жаныған әнге айналдырып жіберді. Әуен қамыққан көңілді жұбатып, рухты көтереді. Шабыттандырыды. Шамырқандырыды.

Қайран ғана, жылағанды жұбатып, жабыққанды қуантқан тал бесікте жатып-ақ анамның бесік жырынан бастап бойыма сіңісті болған – ана тілім менің!

Көшпендейлер қылышынан қан тамған қаһарлы ханның алдында да именбей: «Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ» деп әділеттің ақ сөзін айтқан-ды. Тіл құдіреттің сөзінгеннен, білгеннен айтқан болар бұл сөзді ер

бабаларымыз.

Сайын дала перзенттері жабысқан аурусырқауды сөзбен, өлеңмен емдейтін. Әлі есімде менің бала кезімде әжем қатты сырқаттанып қалды. Күннен-күнге ауруы асқынып, күш алып бара жатты. Ауыл жастары кешке жиналып келіп, әжемді орталарына алып, түннің бір уағына дейін төгілте ән айтумен болды. Үштөрт күн бәдік айтыс айтылуы мұң екен, өжемнің беті бері қарай бастады. Аздап асқа ілікті. Тіпті ешбір дәрі-дәрмексіз-ақ жазылып кетті. Құлан таза айыққанда: «Жақсы сөз – жарым ырыс дөген осы өкен-ау» деп еді жарықтық әжем.

Сол оқиғадан бері күні бүгінге дейін сөз құдіретіне бас имеген бірде-бір күнім болған емес бұл өмірде. Бұл сөз – шаршағанда таянышым, шөлдегендеге сусыным, сайысқанда қылышым, тоңғанымда жылу берер ошағым. Маған күш берген, қуат берген, пайым мен от берген сол ошақтың жылуы. Қазақ тілінің шапағаты.

Төлкүжатыңа «Қазақ Елінің азаматтымын» деп жаздырып, жаздырғаныңағана масаттану ештеңе емес, шын мәнінде соған лайық азамат болу міндептің. «Мемлекеттік тіл – қазақ тілі» деп Конституцияға жаздырып, жаздырғанымызға масаттану ештеңе емес, шын мәнінде мемлекеттік тілге айналдыру әрқайсымыздың міндептіміз болуы тиіс. Бұл тілді қолдайтын, бұл тілдөн айнымайтын рухың болуы тиіс. Бұл тілді қорлатпайтын елдігің мен ерлігің болуы қажет.

О, Жаратқан! Ұл-қызыма, келер ұрпағыма өз тілін басқаға қорлатпайтын жігер бере гөр. Намысы тапталған, өзін қор, басқаны зор санайтын, әркімнің жетегінде кететін мәңгүрттөрден сақтағайсың келер ұрпақты.

Мәскеуде оқып жүрген кезім. Бөтен ел, бөгде тіл. Елді аңсайсың, сағынасың. Ленин атындағы кітапханада үйлген кітаптарға көміліп отырмын. Аяқ астынан қазақтың қара көз бойжеткенін көзім шалып қалды. Туган жердің жусанының исі аңқып кеткендей бол көрінді. Тым болмаса ана тілінде сөйлесіп, мауқымды басып алайын деген ой келді маған. Қарындасыма жетіп барып, қазақша сөшлей бастадым. Бойжеткен қандасым болғанымен, сөзімді түсінбей басын шайқады. Қуанышым су сепкендей басылды. Ол маған соншалықты алыс, соншалықты жат болып көрінді. Екеуміз кең арналы өзеннің екі жағасында тұрғандай сезіндім. Ол менен түніліп, мен одан түніліп өз жөндерімізге кеттік. Кетістік-ау, оның не ойда кеткені маған беймәлім, ал менің жан дүнием көпке дейін құлазумен болды. Біз неге осындаимыз деп күйзелумен болдым. Тұнжыраган ойлардың бірі келіп, бірі кетеді.

Күнделік дәптерден. Бірінші қыркүйек. Білім куні. Биыл біздің шағын ауданда іші-сырты сыңғырлаған, еңсесі биік, сәулетті қазақ орта мектебі ашылды. Немеремді жетектеп, жаңа ашылған білім ордасына келейін. Құллі жамағат көңілді. Құшақ-құшақ гүл. Мектеп алдында

салтанатты жын. Құрылышылар мектеп директорына әсем ғимараттың кілтін салтанатты түрде тапсырды. Жалынды сөздер айтылды небір. Эн шырқалды. Қуанышты көңіл арнасынан асып төгілуде. Осынау сәулетті мектеп үшін өкіметке, құрылышыларға арналған марапат сөздер. Алғыс сөздер. Сөздер. Бәрі қазақша. Сары шашты, көк көз, сымбатты келіншек те баласын қазақ сыныбына беретінін қазақша айтып, жиналған жұртты шапалақ ұрғызып, риза етті. Бәрі ретімен дұрыс болып келе жатқан.

Осы кезде шашы сарыға боялған, жалпақ бет қазақ әйелі орысша өктем дауыспен: «Неге бұл школа қазақша оқытатын школа болуы тиіс? Неге орыс тілі сыныптарын ашпайды? Неге бөлектенесіңдер? Кім шығарған жаңа мектепте тек қазақ сыныптары оқытылсын дегенді? Кім?.. Айтыңдаршы кім? Мен баратын жерге барамын...Баратын жерге... Қараши бұларды... Орыс сыныптарын аштырмай қоймаймын. Тапқан екенсіңдер сендер!...» деп шатынасын кеп, аузынан көбігін атып, бұрқырасын кеп...

Жап-жақсы басталған білім күнін, ата-ана мен балалардың қуанышты күнінің шырқын бұзған жалпақ бет, шашын сарыға бояған әйел баласын шырылдатып баратын жерінө кетті. Біз сондаймыз... Құдайдың құдіреті...

Мұсір досым айтқан еді. Университеттіміздің акт залында мемлекеттік тіл жайында, қазақ тілінің тағдыры жайында дөңгелек үстел

болды. Қазақтың небір тіл жанашырлары өз ойларын ортаға салды. Солардың арасынан, әсіресе, қазақ тілі кафедрасы профессорының тіл жайында, оның мәртебесі жайында айтқан пікірлері ұнады маған. Ол: «Тілімізді «Ана тілі» деп атауымыздың өзінде үлкен мән бар. Ана перзент үшін қаншалықты қымбат болса, қазақ тілі қазақ үшін соншалықты қымбат»- деп сөзін аяқтағанда мен разы болып, ұзағырақ қол соққанымда, қасымда отырған тарих кафедрасының профессоры:

– Жылтырағаның бәрі алтын өмес. Бұл кісінің сөзі мен ісінің арасы жер мен көктей айырмашылығы бар. Оның сұлу сөзіне иланбай-ақ қойыныз дегені.

– Неге?

– Отбасында өзі айшықтап отырған ана тіліндегі өзінен басқа сөйлейтін жан баласы жоқ. Үрім-бұтағына дейін жат тілде шүлдірлейді. Мұнікі «Молданың айтқанын істе, істегенін істеме дегеннің кері», - дегендеге филолог ғалымның аярлығына таңданғаннан жағамды үстадым.

Күнделік дәптерден. Теледидарда «Саз әлемі» жобасы өтіп жатқан. Өнер жарысы. Эстрада өлкесінде «сен тұр, мен атайын» деген әншілер бірінен соң бірі сахнаға шығып өз өнерлерін көрсетуде.

Елге танымал, эстрада жанрының жарық жүлдөздарының бірі, әсіресе жастардың сүйіп тыңдайтын әншісі сахнаға шықты. Көрермендер

сүйіктісін шаттана шуылдасып, қарсы алды. Ән жақсы-ақ басталды, дауыс та әсем. Ең жоғарғы ноталарды да қиналмай қамтиды. Алайда сахна жұлдызының бірде-бір сөзін ұғып болмайды. Тілі жансыз, түсініксіз, солғын. Бар болғаны оқтын-оқтын шынғырган айқай естіліп тұрды. Әнші өлеңнің құллі сөзін жұтып қойды. Мұндайда өнер сүйер жұрт: «Әдемі-ақ өлең еді құлдіргі, Пұшық мұрын айтамын деп бұлдірді» дейді.

Әділ қазылар алқасы да сахна жұлдызының жіберген қателігін бетіне басып, жарыстың екінші көзенінә өткізбей тастады. Саяп болды. Ақылы болса, екінші рет өннің сөзіне мән беретін болды сабазың. Бүгінде өлеңді бұлдіретіндер көбейіп кетті. Өкініш сол: оларды сынаитын, қателігін көрсететін әділ-қазылар да азайып барады, тіпті жоқтың қасы десе де болады.

«Екі жақсы қосылса, ынтымағы жарасып, шаңырағы берік болады» дейді халық. Сол сияқты музыкасы мен сөзі келіскөн дүние де құнды әрі өміршең. Есте ұзақ сақталып, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасады. Бүкіл дала әндетееді. Әлгіндей эстрада жұлдызы салған шала-жансар әнді естігендеге Mysir дос: «Өзеннің арнасы болса да суы жоқ секілді бәлдір-батпақ бірдене гой мынау», - дейтін.

Шынында да өлеңнің сөзі құдіретті ме, жоқ әлде музыкасы ма? Сөзі болар, сірә. Иә, сөзі. Өйткені бір данышпан: «Егер сөз болмаса, дүние қазіргідөй болмаса еді» деп бекер айтпаған

шығар. Шынтуайтқа келгенде, әсем әуендерді дө тудыратын сөз емес пе? Біле білсең бар дүние сөзден жаралғаны дау тудырмайтын ақиқат.

Бұлардың қайсысы ақымақ?

«Есінде болсын, үнсіздік жақсы жауаптардың бірі болады». Далай-ламаның он екі өситетінің бірі.

Күні бойы мәслихаттасқан кісілердің арасында бір ауыз пікір айтпаған, әңгімеге тек құлақ тұрумен болған балғын жігітке сөз өрісін өрбіткен қарттардың бірі:

— Қарағым, жұмыр басты пенде екіге бөлінеді: бірі – есті, екіншісі – ақымақ болып. Егер сен естияр адам санатында болсаң, онда ақымақ болғаның; ал егер ақымақ болсаң, онда зерделі болғаның. Соның қайсысына жатасың?

Сонда жігіт: «Ақсақал, «дарияның жанынан құдық қазба» деген, менің үнсіздігім тәнге қуат, жанға нәр беретін үйқы тәрізді, қиял қанатты, ойы сабақты даналықтан ғибрат алу үнсіздігі», – депті.

Қарт: «Қайдам, қарағым, менің ойымша, үнсіздік ойсыз түн тәрізді қиянат пен зұлымдыққа болысады. Үндемегеннің айттар өситеті жоқ, ұрпаққа тәлім берер ойы жоқ. Хайуанаттың мәңгілігі – ұрпақтар жалғасында, ал пенденікі ұрпағы мен ақыл-ойында. Ақыл-ой айтса ғана жалғасын табатындығын ұмытпағайсың».

Жігіт: «Аз сөз – алтын, көп сөз – көмір» дөмекші, нәрсіз, дәмсіз сөзпаздық –

мылжыңдықтың белгісі, қария. Сыңаржақ пікір, шикі ой – ұрпақтар келешегіне кесір. Мендеңі ой пісіру, ақыл шыңдау үнсіздігі. Өйткені үнсіздік – даналықтың қисыны, соған жеткізер баспалдақ.

Қария: «Үндемегеннен үйдей бәлө шығады», деген ескіден қалған өснегтің бар, қарағым. Үнсіздік санада ұялай бастаған арам ойдан арылуға да, гибратты ойдың пәрменділігін арттыруға да дәрменсіз. Айтылмаған ой – бастауы жоқ көлдей жансыз, өлі. Өлі көлді асау ағыс қана, қабағат қозғалыс қана жан бітіріп, күл-қоқыстан тазалайды. Сондықтан үнсіздік ақымаққа тән қасиет пе деп ойлаймын.

Жігіт: «Ақсақал, көргеніңіз бен түйгеніңіздің көптігінен айтқандарының қисынды да шығар. Мениңше, бұл пәни дегі ең ауыр да қын нәрсе – біреудің сөзін бөлмей, үнсіз тыңдай білу. Әсіресе адамзаттың көктемі – жастық шағында қыынның-қыны. Саналы жанның, оның ішінде жас адамның гибратты сөзді үнсіз тыңдалап, оның парасатын тану – өнер. Жаратқанның берген сыйы деп білемін».

Қария: «Қарағым, үнсіздік – өлсіздік пен дәрменсіздікті бүркемелеу. Ол – құнарсыздық пен құрамсыздықтың белгісі. Дақыл құнары, ой құрамды жерде шығар болар. «Көре-көре көсем, сөйлей-сөйлей шешен боларсың» деген бар. Шешендік – үлкен өнер. Өнер шынына тынымсыз қозғалыс арқылы өрлер болар. «Шың басына қалықтай ұшып қыран да шығар, бауырымен жылжып жылан да шығар». Қалықтай ұшу да,

бауырымен жылжу да қозғалыс. Ал үнсіздік болса, қозғалыссыз тылсым тыныштық. Пышақты қайраққа жанғандаға өткіленеді. Ойды оймен жарыстырғандаға үшқырланады».

Жігіт: «Жол анасы – тұяқ, Ақыл анасы – құлақ» деген бар, ақсақал. Мендеңі құлақ – мазасыз да дәмсіз сөзден гөрі тыныштықты қалаған құлақ. Құнарлы да шұрайлы ойды санаға сіңіретін үқлақ құлақ. Мендеңі үнсіздік жомарт далага алтын дән себілгеннен кейінгі, қауырт еңбек майданы басталар алдындағы үнсіздік. Жанар таудың жалынын атар алдындағы тыныштық, қария.

Қария: «Ой түбінде бұғып жатқан асыл сөз шер тарқатса шығатыны белгілі. «Көңіл кірі айтса кетеді» деген жөне бар. Бір мысқалдан болса да ой түйінін тарқатқан дұрыс, балам. Тұңғызықтағы гауһардан, қолдағы қола артық емес пе?»

Жігіт: «Екі елі ауызға төрт елі қақпақ қоюға үндейтін «Отыз тістен шыққан сөз отыз рулы елге тараиды», «Басқа бәле тілден», – деп өснепт айтып кетпеппе еді дана бабаларымыз. Мен сол қагиданы ұстанған жаңмын, ақсақал».

Қария: «Көрікті адамдар бір-бірімен пікірлес болады» дөуші еді бұрынғылар. Екеуміздің ойымыз орайлас болмады. Біреуіміз ақымақтыз, – депті.

Сонда олардың қайсысы ақымақ болды өкен? Білсөніздер, айтыңыздаршы?

Жақсы сөзді, яғни, тауып сөйлеген адамның

сөзін «мірдің оғындаі, сексеуілдің шоғындаі,» ал қауып сейлеген адамның сөзін «пілдің бояндаі» деседі дала тұрғындары.

Тағы да бұл жайында: «Сөзшең дым білмейді, білімді үндемейді» дейді көшпөнділер.

Осындаі да бола береді. Ұшақта отырған бір мекеме бастығының көмекшісі: «Кемедегінің жаны бір» деген, жаратқанның бір өзі жар бола көрсін» десе керек.

Сонда әлгі шиновник: «Причём тут пароход, мы же летим» депті әлгі көмекшісіне ақымаққа қарағандай таңырқай көз тастап, сөйтіпті де, ауық-ауық басын шайқапты.

Бұлардың қайсысы ақылды, қайсысы ақымақ екенін бір құдайдың өзі білмесе, мен ажыратта алмай отырған жағдайым бар. Олай дейтінім, ақымақ болса, ол қалайша шиновник бола алады? Таңмын! Ал әлгі көме жайында айтқан көмекші ақылды болса, неге шиновник болмайды? Қайранмын!... Мен түсінбейтін кілтипандар көл-ау мына өмірде!...

Ел аузында қалған мынандай әңгіме бар: «Жаңаталап» ауылдың тұрғыны Ерапы деген кісінің баласы Отан алдындағы борышын адаптациялық, абыроимен оралыпты. Армияда қатарынан оза қызмет еткені көрінеді, омырауы тола медаль. Әйтеуір мақтан етуге тұрарлық перзент. Жүріс-тұрысында мін жоқ-ау, мін жоқ.

«Ойбай-ау! – десті Отан алдында перзенттік борышын адаптациялық, келген жауынгермен көзбе-көз тілдескендер, – Ойбай-ау

құй сен, құй сенбе нәйәті екі-уш жылдың ішінде анасының ақ сүтімен дарыған ана тілін мүлде ұмытыпты. Қаймана қазақ біз түгілі ата-анасымен де орыс тіліндегі сөйлесетін көрінеді. Алғаш өз үйінің табалдырығынан аттаған күні әкесі жауынгер баласын құшаққа алып, баяғыдай, армияга кеткендегідей тілдескісі келіп: «Қарағым, аман-есен келдің ба?» – десе, ол: «Я по-вашему не понимаю, говорите по-русски, – деп, әкесін шалқасынан түсірген дейді сабазың. Жауынгердің мына қылышына ауылда жағасын ұстамаған жан жоқ. «Жаңаталап» ауыл адамдары сәл оғаштау қылышқа көрсеткен жастарына: «Ералының қүйдіргісіндей лағып кетпеші айдалаға» дейтінді шығарып алды бүгінде.

Баласының мына «өзгерісіне» ата-ана ел бетінен қараудан қалды. «Әскер қатарында бір нәрсеге шалдығып қалды ма?» деп, дәрігерлерге де тексеріпті, бір шипасы болар деп молдаға да дем салғызып, ішірткі де ішкізді. Көмегі болмады, септігі тимеді.

Амалы таусылған ата-ана өз қолын өзі кессін бе? «Құдай қылды, біз көндік» деп қолын бір сілтепті де қойыпты. «Жаңаталап» ауыльның озат жауынгері күні бүгінге дейін әлі шүлдірлеуін қоймаған көрінеді. Баласымен тілдесу үшін сорлы ата-ана орыс тілін үйреніп журген көрінеді. Қайтсін, бауыр еті баласы ғой.

Осылайша қазақтың шектен шығып кететіні бар. Осы жерде мен «шектен шықпау»

жайында аңыз хикая айтып бөргім көліп отыр.

Шектен шықла. Бұл ежелгі Эллада елінде болған дейді. Елінің ертеңін, келешек үрпақ қамын ойлаған ел билеушісі есімдөрі жалпақ жүртқа мәшінүр болған жеті данышпанына өттініш айтады. Арапарында біздің де ұлы бабамыз Анахарсис те болса керек. Оның анасы грек қызы болғандықтан, өз ана тілімен қоса эллин тілін де терең меңгерген екен.

– Сіздердің, – деп бастапты алтын тақ иесі,
– Элладаның данқын шығарудағы еңбектеріңіз орасан зор екенінде күмән жоқ. Әрқайсыңыздың өз салаларыңызда дүние ақиқатын танытудағы тылыми ой-тұжырымдарыңыз, қисынды пікірлеріңіз бен болжамдарыңыз күллі адамзаттың игілігіне қызмет ететіні даусыз. Сіздер жеті түрлі тылымның тізгінін үстеган, көп оқыған ұлы ұзтазсыздар. Әрқайсыңыз өз салаларыңыздың озық ойлы ақылманысыздар!

Алайда сіздер көз жеткізген шындықты, сіздер таныған ақиқатты қара халық, диқандар мен бақташылар, наубайшылар мен қолөнер иелері оқып игере алмайды?

Бұхараның көвшілігі сіздер жазған еңбектеріңізді оқымайды да, ал оқығанның өзінде терең ой-талғамдарыңызды пайымдай да алмайды.

Сондықтан бөріңіз ақылдаса отырып, бар білгендөріңізді халыққа түсінікті, жадында сақтайтындаі етіп, қоршаған орта ақиқатын шынайы бейнелөудің қарапайым әмбө бап

қағидасын бір-өкі ауыз сөзге сыйдырып мәңгі өлмес өсімет қалдырсаңыздар», – деп өтініпті.

Даналықтарымен ел мақтанышына айналған жеті ақылман жеті күн ойланып-толғанып келіп, ақыр соңында дүниедегі ақиқатты танудың әмбе бап қағидасын былай деп бір ауыз сөзге сыйдырыпты: «Шектен шықла!»

Бар-жоғы осы-ақ! Ой елегінен өткізіп қарасаңыз, неткен терөндік! Таң қаласыз! Қарапайым да түсінікті. Өмірдегі кез-келген мәселеде: жаныңды жадыратқан қуанышта да шектен шықпа, қабыргаң қайысып қайғы-қасіретте де шектен шықпа, мәртебен мөн мансабың өскенде де шектен шықпа, байлығын тасығанда да шектен шықпа, көңіл ортайып жасығанда да шектен шықпа, теріңе сыймай ашууланғанда да, жаның жасып жылағанда да шектен шықпа, құрдасыңа қалжыңдасаң да шектен шықпа, тіпті ел билегендеге де шектен шықпа, өмірдің барлық сәтінде де шектен шықпа, – дегенді түспалдаған даналар бар ойтұжырымын осылай бір ауыз сөзге сыйдырып кетіпті.

Қоғам ауысып, заң өзгеріп, қазақы тіршілігіміз соңғы сипатқа көшкенімен, осынау бір ауыз сөздің мән-мағынасы бәз-баяғы қалпында екенінде дау жоқ.

Кейде қазақтың жоғарыдағыдай шектен шығып кететіні бар. Өкінішке орай.

Ел аузынан. Бірде Қожекең көшеде келе жатса, ағаш басында өзі отырған бұтағын

балталап жатқан адамды көрөді де:

— Эй, саған не болған, оның не? Өлесің ғой, — дейді де өз жөніне көте барыпты.

Кесіліп жатқан бұтақ қашанғы шыдасын, уақыты келгенде опырыла сынады. Бұтақпен бірге әлгі де оңбай құлап, есінен танып, жан тәсілім етеп жаздайды. Әлден уақытта өзіне-өзі келген ол:

— Апрай, жаңағы кісі менің өлеметінімді қайдан білді екен, барып сұрап алаїын, — деп Қожанасырдың соңынан жүгіре жөнеліпті.

Мұсір досым айтады. Таңертең ерте автобус аялдамасына келсем, үйелмелі-сүйелмелі екі нөмересімен бір кейуана тұр екен. Байқаймын әлгі балақайлар өзара орысша шүлдіресіп қояды. Қара көздеріміздің мына қылышы көңілімді құлазытқандықтан, кемпірге:

— Апа, нөмерелеріңіз орысша сөйлеуінө қарағанда, келініңіз өзге ұлттан болды ғой, — дедім.

— Қайдан қарағым, өзіміздің қазағымыз-ақ, қаланың да қызы емес, ауылдың-ақ қызы. Балдарға қиянат қылма, қарағым, тілі қазақша шықсын деп қанша құдайдың зарын қылсам да, көнбеді. Өз білгендерінен танбайды. Қайдан көнсін, бүгінгі жастар шешелерінен оқымысты болып туған ғой. Олардың ойынша біз түк білмес, наданбыз. Айтатыны: «Ене, нөмерелеріңіздің орысша білгені жақсы. «Орыс тілі – дүниенің кілті» дөп данышпан Абайдың өзі айтқан. Біз кезіндө Пушкиннің тілін білмөй,

талаі сыбағамыздан құр қалдық қой», дегеннен танбайды. Қөрмеймісің, қарагым, мен мына дүбәраларды, бұлар мені түсінбейді. Біз бір-бірімізді түсіну үшін тілмәш керек, – деді өжей кейіп.

– Апа-ау, келін-балаңыз қазақтың болашагы кейінгі жастарға тікелей байланысты екенін, ал олар тілінен айырылса, қазақылықтан мақрум болатынын білмей ме? Ал мына сіз айтып отырған дүбәралардан тараған үрлақтың қандай болатынын көз алдымызга келтіру тілті қыын. Бұлай жалғаса берсе ертеңгі шеберлеріңіз тілті жат жүрттық болып кететінін неге түсінбейді олар, – дедім күйініл.

– Қайдам, қарагым, балдардың өздөрі біледі дә, – деді.

Кейуана келіп тоқтаған автобусты көріп:

– Эй, Сәбит, Самит, давай автобус пайдем, – деп немерелерін жетектеп, автобусқа мініп кетті.

Осындаіларды көріп, кейбір қазақтың өзі отырған бұтақты өзі балталап жатқанын қалайша түсінбейді екөн дегөн ойға келесің. Күйінесің Бармағыңды тістейсің. Ішиң удай ашиды.

Күнделік дәптерден. Жолымыз түсіп «Нұр-Медиа» компаниясының Алматыдағы филиалының өсігін аштық. Алғаш офис менеджерімен жүздескенімізде:

– Здрасте, Светлана Владимировна, – дедік. Біз қазақтар, бөгде жүрт өкілімен

сәлемдөскөнде осылайша қалыптасқанбыз. Қаршадайымыздан соған үйренгөнбіз. Қазақ үшін бұл өзгермейтін дәстүр, басқаша болуы мүмкін емес деп қабылдағанбыз.

– Сәлеметсіздер ме! – дегенде, сызылып тұрган, ақша маңдай, көгілдір көзді, сымбатты арудың жауабына қысылып қалдық. Осынау бірауыз сөзімен-ақ біздің жүрекімізді баурап алды. Бірден-ақ жақсы көріп кеттік.

– Қарагым-ау, қазақ тілін, біздің тілді қайдан үйреніп жүрсің? – дедік қазақшылық жасап. Қазақшалап дегеніміз біздер, қазақтар, бөгде жүрттың біздің тілімізде тұнық сөйлөп тұрганын көріп әрі таңданамыз, әрі тәбемізге көтеріп құрметтейміз, сыйлаймыз, тақиямызды аспанға лақтырамыз. Неге өйтептінімізді түсінбейміз? Әлде бұл өзін ергежейлі санап, жат жүрттықтардың бізді елеп, назарына алып, тілімізді үйренгеніне тақиямызды аспанға ата қуануымыз құлдық психологияның салдары шығар-ау, сірә. Ал орыс қазақтың орысша мұдірмей сөйлегенін, тіпті бүлбүлша сайраганына да таңданбайды да, құрмет те тұтпайды. Солай болуы тиіс, бұлжымайтын заңдылық деп қабылдайды. Өйткені олар өздерін ұлы халықтар санатына қосады.

Бұл дұрыс та шығар. Несі бар, үйренетін дәстүр, қабылдайтын қасиет.

Светлана Владимировны Крюгер:

– Қазақ тілін қайдан үйреніп жүрсіз дейсіздер ме? Жаратқанның қалауы болар, кішкене

кезімнен-ақ осынау мейірбан, адап, аса төзімді, текті мінезді халықты жақсы көріп кеттім.

Нагашы атам мені балалар бақшасына апарып, қазақ бөліміне кіргізіп кетеді. Өзі менгерушімен мен жайында келсіп, қайтып келгенише мен балалармен ойынға кіріспіп кетіппін.

Сонда атам:

– Света, біз шатасыппыз, бұл қазақ тобы екен, сен орыс тобына баруың керек, жүр, – дегенде мен:

– Осында қаламын, ешқайды бармаймын, – деп жылап көнбеппін. Осылайша қазақ тобында қалдым.

Орыс мектебін бітіргенмен, Қорқыт ата атындағы мемлекеттік университетті филология факультетінің қазақ журналистика бөліміне окуга түстім. Университет ректоры шақырып алды: «Қазақ бөліміне түскеніңе кейін өкініп журмейсің бе? – дегенде мен:

– Жоқ, ага, өкінбеймін. Алда қазақ тілінің жүлдышызды сәтінің туатынына сенемін, – дедім. Ол ризашылығын білдіріп:

– Ел азаматы ретінде қазақ тілінің мәртебесін арттырып, тұған еліңе адап қызмет ете бер, – деп батасын берді.

Үшінші курста қазақтың Арман деген жігітімен көңіл жарастырып, шаңырақ көтердік. Қазақ отбасына келін болып тұсу маған қыын соққан жоқ. Өйткені мен қазақы ортаға сіңіспіп кеткөнмін. Оның бәрі шешен де әсем, бай да

көркем қазақ тілінің құдіреті деп білемін, – деді Света жұмсақ жынысып.

Тіл білмеудің өлеңі. Тетя Шураның қатал тапсырмасын орындау үшін тұс әлетеңде қаладан ескі шестеркасын қамшилап, дядя Иван Ақұм ауылын келді. Тапсырма бүгін кешке дейін ауылдағы Омар тамырларының бауында бекерден-бекер ит пен құсқа бұйырып, рәсуса болып жатқан өріктен төрт-бес шелек тосап қайнатуға жеткізіп беру болатын.

Бұлар ауылдағы қазақтардың жеміс-жидектері пісіп, сыйғызарға жер таптай шіріп жатқанын сымсыз телефон арқылы хабардар болған.

Тетя Шура «береген қолым алаған» екенін біледі.

Зылиха мен балаларына тәтте-пәтте, балмұздак, тағы басқа да ауылға қат заттардан сәлем-сауқат өзірледі. Дядя Иван да әйелінен қалсын ба, Омар досыма деп бір жәшік сыра, үштөрт көк мойынды машина жүк салғышына сұңғітті. Әрине, Құдай қосқан қосағына білдірмей.

Бұл екі отбасының достығынан бір актаңдақ табылсайшы. Кезектесе қатысып тұрады. Кездескен сайын тамыр, тамыр, тамыр дөсіп, арқаларынан қағысып, емешектері үзілө қалады. Ұмытып барады екенмін, бұлардың достығында аздаған кедір-бұдыр кедөргілер де кездесіп қалатыны шындық. Ол кедергі деуге келсе. Омар орысшадан, Иван болса қазақшадан жүрдай.

Құмарлары қанып кесіле сөйлесе алмайды.
Әйттөүір амалын тауып, бір-бірімен түсініседі.
Тілдері жетпей жатса, ым-ишарапарды көмекке шақырады.

Қатты сағынып қалған ба қайдам, дяд Ивандарының алдынан алдымен егіз үлдары, олармен құйрық тістесе ерлі-зайыптылар, ең соңында облыс орталығындағы университетте оқып жүрген қыздары Арайым жүгіре-жүгіре шығысты. Қонақ қазақ психологиясын бес саусақтай біліп алған. Өтеп балажан екендіктерін дө біледі. Ол ағылшынның «Егер мені сүйсөң, менің итімді дө сүй» деген қанатты сөзінің мән-мағынасын ақыл-ой елеғінен өткізген. Сондықтан «дяд Иван» деп жеткен Хасан мен Хусанға бір-бір тәтті балмұздактан ұстаратып, бастарынан сыйпайды. Балаларының базарлықта мәз болғанын, қуанғанын көрген атана іштерінен орыс тамырына разы болысты.

– О-о, Иван тамыр, аман ба? Маржа қалай?
Жұмыс қандай?, – деп, досын кең құшагына алды
Омар.

– Рахмет, Амар. Шура привет айтады, –
бәріңе дегенді білдіріп қолын жайып, – Шура
жақсы жүред, – деп қонақ та Омармен төс
қағысты.

– Әй, Ибан, бізбен здрәсті демеймісің, жудә
қарамайсың ғой бізге, – деді Зилиха өтірік
екпелеген болып.

– Здраствуй, Зилиха, хорошо выглядишь,
жаксы, – деп, оны да құшагына алмақ болып

ұмтылып еді.

– Ойбай, көтек, мына тамыр кәйтеді-ай, болмайды, Ибан, – деп, Зылиха ат тонын ала қашып, икемге көнбеді. Қалғандары бұлардың мына әрекетіне қыран-топан.

– Нәң кетті-еї бәйбіше, бір рет орыстың құшағын көрсөң көріпсің дә, – деді Омар әйелінің шыр-пыры шыққанына ішек-сілесі қатып.

– Әрине, орысты да, орманды да құшақтап көрген саған бәрі бір екенін білемін ғой, – деді Зылиха есте көмескілене бастаған қүйеуінің «ерліктерін» меңзеп.

– Здравствуйте Иван Петрович, добро пожаловать. Почему не приехала тетя Шура? – деді Арайлым қонаққа перзенттік ілтипатпен жадырай қарап.

– Арайлым, здравствуй красавица моя, как учеба, доченька? – деп қыздың маңдайынан сүйеді де, Омарға қарап:

– Амар, киз, настоящая степная красавица болган. Жакси. Мо-ло-дец, – деді таңданысын жасыра алмай.

Иванның Арайлымды бой түзеп, бойжеткелі көргені осы еді. Мойылдай қара көзі, қолмен қырнап, әсем қалыпқа түсіргендей, қарлығаштың қанатындағы қасы, иығына төгілген қап-қара шашымен астасып, аққұба өңіне ерекше жарасымды кейіп береді. Қыздың мұндай келбеті кімді болса да бейжай қалдырмайтын.

– Эй, Ибан, қызыма анау көкшиген көзің өтіп

кетер, түкіріп қой, былай, – деді қазақтың ырым-тыйымына сенетін Зилиха.

– Арайлым, не понял, что сказала Зилиха?

– Она шутя сказала сплюньте, чтобы не сглазить меня.

– Да, да, у русских тоже есть такая примета. Жакси Злиха, менікі түкіреді, – деп Иван Арайлым жаққа «тфу, тфу» деп түкірген сыңай танытты.

– Қонақты күтуге келгенде, дүниөде қазаққа теңесетін халық жоқ, сірө. Аста төк дастарқан жайылды қонаққа. Қазақтың төл тамақтары: құрты мен майы, женті мен ірімшігі, сүті мен айраны, қазысы мен қартасы, тандыр наны мен қаттамасы, сонымен бірге тетя Шураның тәтеп-пәтесі, құдай-ау, нө жоқ дейсің өзекті жанға керегінің бәрі табылады.

Мойны қылтыып сап-сары сыралар мен көк мойындар да сәл күттіріп барып қатар түзеді. Әкелерінің құны қалғандай, әй, бір сілтесін екі тамыр. Жестерінде, ішістерінде мін болсайшы шіркіндердің. Бірақ сөйлесулерінің, әңгімелесулерінің мәнісі жоқ. Сырттан құлақ салып отырған жан екі жарымес сөйлесіп отыр екен-ау деп ойлауы әбден мүмкін. Басы жарылған, көзі шыққан, тісі сынған өңшең мүгедек сөйлемдер.

Тетя Шураның кешке дөйін қайт деген тапсырмасы ұмытылған. Ондай тапсырма болған жоқ сияқты. Егер ғайыптан Исасы келіп:

«Әй, Иван, қайт енди, осы да жетеді», – десе, тілін алатынына мен кепілдік бере алмаймын.

Тұн жарымында буы бүркыраған өт келтірілді алдарына. Бұл кезде екі отағасының да буындары босап, тілдері күрмеліп, көздері кіртиіп қалған еді. От көйлек киіп алғандар қазақтың ең қадірлі тамағының өр жерін бір шұқып қор етті. Жарытып жемеді.

– Тамыр, а, тамыр, давай ішейік, – деп Омар стаканын көтерді, тілі икемге зорға келіп.

– Жок, не надо, Амар, менікі уже пьяный. Давай маган киз бер, менікі жатады, – деді Иван басын салбыратқан күйі.

Қазақ-табиғатында шыдамды халық. Олар ұрыс-керіс үстінде талай-талай жанға бататын ащы-ащы сөздер айтып тастайды, өз кезегі келгенде ғана, естіген ащы сөзбен жауап қайтарады. Алайда мұның да шөгі болады: жанжалдасқандар тек бір-бірін ғана балағаттап, айтылған зілді сөз тек сол екеуінің өз басынан аспаса ғана ұстамдылық танытуы мүмкін. Әйтпесе, Алла сақтасын, абайсызда ана намысына немесе қарындас намысына, әсіресе үкідей үлбіретіп мәпелеп отырған қыз намысына тиетін бір ауыз сөз айтылып көтсе, онда кімдө-кімнің оң-төрісін жұдырық қана шешеді.

– Не деп тұрсың-ең, – деді Омар тұманданған санасы ләздө шайдай ашылып.

– Да, Амар киз бер, мәнікі жатады, – деп қайталауды қонақ.

– Мә, саған қыз, атаңа нәләт, мә, мә, саған

дөп, әр мә деген сайын гүрзідей жұдырығымен ұрды да көтті, ұрды да көтті.

Ас үйде ыдыс-аяқ жуып жүрген Зылиха еркектер отырған бәлмеден шыққан айқай-шуды естіп жүгіріп келді. Омар бүрқан-талқан, жер бөттөніп алған. Иван болса сұлап жатыр.

– Не болды, сорлы-ау табан астында не бол қалды сендерге, қай түлен тұрттың сендерді, – деді шыр-пыры шығып.

– Мына атаңа нәлет, «Қыз бер мәнікі жатады» деп күйсемесі бар ма, – деді Омар ашуға булығып, қалш-қалш етіп.

– Бәсе, бағана қызға сұғын қадауы сұмдық өді. «Орыстан досың болса, қойыныңда айбалтаң болсын» деген осы-ау, қараң қалғыр. Біз бұны тәбемізге көтеріп, төрге отырғызып, барымызды аузына тосқанымызда көрсеткені осы болса, жарыған екенбіз, өдірам қалғыр, – деді Зылиха күйініп.

Ерлі-зайыптылар бүркүлдай жүріп «қадірлі қонағын» байлап-матап тастады.

Иванның таңертең маstryғы тарап, там-тұмдал есі кіре бастады. Түнде қандай бәлеге ұшырағаны есінде жоқ, бірақ аяқ-қолын байлағанына қараганда үлкен дауға ұшырағаны анық. Басы сынып барады. Тілі таңдайына жабысып, шөл қысып барады.

– Ау-у, Амар, а Амар, где вы, су бер, умираю, – деді тіршілігінен үй иелерін хабардар етіп.

– Әй, Омар, тұр. Анауың оянды білем, бір нәрсе деп жатыр, барсайшы. Абайла, құдай

ұрып, тағы да қол жұмсап жүрме, бәлеге қалармыз, – деді Зылиха. Тұнгі «аламан байгеден» беті көнектей ісіп көткен күйеуін үйқыдан оятып.

Омар «қадірлі қонақ» жатқан бөлмеге кіріп кетті. Әйел екі еркектің бұл «жоғарғы деңгейдегі кездесудің арты» үлкен жанжалға үласып кетпеуін жаратқаннан жалбарына тіледі. Егер, «соғыс өрті тұтанаңып көткен жағдайда» «ара ағайындық жасауға» әзірленді. Құдай тілеуін берді. Ол жатқан үйді басына көтере қарқылдап күлгендері естілді.

Боз боранды, үскірік аязды тұннің жайма шуақты арайлы таңға үласқанына қуанып Злиха «маскунемдер» отырған бөлмөнің есігін қуана ашты.

– Тағы да не бұлдіріп қойдыңдар, жазғандар ау, қатындарың үл тапқандай жыртақтағандарыңа жол болсын, – деді отанасы.

– Зылиха, Иван тамыр біздөн қыз емес киіз сұрапты ғой, бұның «қиз бер» дегені төсек салып беріңдер дегені еken бұл жазғанның

– Да, Злиха, мен киз-кошму просил жатуга. Мен тил билмейди... – деді өкінішті үнмен, иығын күшистып.

Содан бері Аққұм ауылдыңдағы Омардың құрдастары оны көрген сайын: «Киз бер» дөгөн орыс тамырың аман ба? Кейінгі кездері көрінбей кетті ғой, – деп әзілдейтінді шығарды.

Күнделік дәптерден. Астанада Лондон

Олимпиада жүлдесі үшін еркін күрестен өткен халықаралық турнирде Ақжүрек Таңатаров Қытай балуанымен белдесті. Қытайлық әрі мықты, әрі әдісқой көрінеді. Шаршы алаңда шиыршиқ атады. Ақжүрек те осал емес: сен тұр, мен атайын деген апайтостің өзі. Екеуі ұзақ уақыт бірін-бірі ала алмай журді. Ақыры Ақжүрек қытайлықтан айласын асырып, үйіріп-үйіріп келіп кілем үстіне атып ұрды. Белдесу аяқталған соң қытайлық қазақша: «Олимпиадаға қазақ баласы жолдама алса болды маган. Мен жеңілгеніме өкінбеймін. Рахмет, аға» дегендеге Ақжүрек қарсыласының қандасы екендігіне таң қалды. Әлгіде ғана бәсекелесіп жүрген бақталастардың ағалы-інілі бауырлардай бірін-бірі құшақ жайып, аймаласа кеткеніне көрермендер де, төрешилер де дағдарға қалысты.

Бақсақ, қытай деп жүргеніміз екі жылдан бері Қытай ұлттық құрамасында өнер көрсетіп жүрген взіміздің «қара домалағымыз» Ерланбек Кәтейұлы болып шықты.

«Өзің өзектен төппес, жат жарылқамас» деген осы-ау.

Сағынғали айтқан әңгіме. Өткен ғасырдың 1988 жылы. «Терезесі тең, бақытты» одақтас республикалардың Кремльдің жезтырнағына ілініп тұрған кез. Қеңестер одағы деп атапттын империяда ұлтаралық қатынастың ушыға бастағанын сезген Мәскеу саны аз, майда халықтарды «ұлы» халықтың айналасына топтастыру мақсатында Баку қаласында

«Лениндік ұлттық саясат және интернационалдық тәрбие» атты тақырыпта Бүкілодақтық ғылыми-теориялық конференция үйымдастырыды. Тұысқан Әзіrbайжан халқының астанасына жан-жақтан мүйізі қарағайдай ғалымдар бас қосты. Сол кезде «Халықтар достығының лабораториясына айналған» Қазақстанның Бакудөгі жыныға бару жеребесі маған түскен болатын.

1986 жылдың желтоқсанында қазақ жастарының өздеріне тиесілі құқықтарын талап етіп алаңға шығуы Орталық комитеттің «намысына» тиіп, «қазақ ұлтшылдығын» қатты айыпта, қаулы қабылдап, оның соңы үйымдарды, жоғары оқу орындарын «ұлтшылдар мен бұзақылардан» тазарттуға, қазақ кадрларын аяусыз қудалауға ұласқан еді. Момын қазақтың басынан бақ тайып, көк аспаның қою қара бұлт түмшалап алған кез-тұғын. Мәскеудің теперіші күннен-күнге асқынып, еңсөміз езіліп, намысымыз көрер көзге нақақтан-нақақ тапталған уақыт болатын.

Амал жоқ «партия басшы, біз қосшы» дегендей, орталық комитеттің өліміздегі ұлт мәселесі бойынша жүргізіп жатқан «сарабдал саясаты» жөнінде жасайтын баяндамамызға сылдыр суды молынан қоса әзірлең, біз де Бакуге ат басын тіредік.

Ғылыми конференцияға әдейі әзірленген қонақ үйдің маған бөлінген бөлмесі он екінші қабатта болып шықты. Лифтігө менімөн бірге

ұзын бойлы, жоталы, қонқақ мұрынды, мұртты полковник шенді жігіт ағасы кірді. Тұр-тұлғасы кавказдық бауырларға келеді.

– Көшіріңіз, қай республикадан келдіңіз, – деді полковник орысшалап.

– Қазақстаннан, – дедім мен.

– Қазақсыз ба?

– Иә, қазақтын, – дедім, не мақсатпен сұрағанына таңдана суық көз тастап. «Ұлтруын нө қу, нө құл жасырады» дегендей, азар түбі бұл да қазақта күйе жағар деген оймен. Не көрмеген ұлтпыш!

– Мұхиттың алып толқындарын баса көктеп өтетін «Кеңестер одағы» атты алып мұз жарғыш кеменің 1986 жылдың желтоқсанында жүзісінен жаңылдырып, бағытынан адастырган ержүрек қазақ халқының алдыңда басымды иемін. Сол кездегі алаңға шыққан жастарды «жуасытуға» бізді де қатыстырган болатын. Жастарыңыздың қайсарлығына тәнні болғанмын сонда. Таң қалғанмын.

От басы, ошақ қасында қатындарымыздың қасында күнкілдескеннен басқа қолымыздан еш нәрсе келмейтін біздерді қойши. Құр бос сез біздікі. Белсенділік жоқ. Қанды шенгел қаскөйге қызыл жұдырықпен қарсы тұрған нағыз халық деп сіздерді айт! Қазақтарды...., – деп, қолымды қысып, бас киімін шешіп, басын иди.

«Жақсы сез – жарым ырыс» деген ып-ырас екен-ау, мың сан құмырсқа жүгіріп өткендей,

тұла денем шамырқанып, қапөлімде не дерімді білмей тұып қалдым. Менің ұлттымның, жастарымның, желтоқсандағы көтерілісін Кремль «қазақ ұлтшылдығы, бұзақылық» деп сүтке тиғен мысықтай еткісі келсе, былайғы жұрт мына ісін ерлік деп танып, басын үйп, қадірлеп жатса, одан артық мәртебе, одан артық қуаныш бар ма, тәйірі? Қазақтың ерлігіне, батылдығына бас үйп тұрған тағы кім дейсіз бе? Дүниенің тұтқасын ұстаған қызыл империяның сүйеніші мен қорғаны болатын полковник шенді әскери адам. Тірөгі шайқалса, онда Кеңес одагының жаназасы жақын арада шығарылады еken-ау деп ойладым.

Осылайша әре-сәре күйге түсіп тұрғанымда лифт аялдап, полковнигім түсіп кетті. Мен оның аты-жөнін де біле алмай қалдым. Жайбасарлығыма әлі күнге дейін өкінемін.

Ертесіне конференция басталды. Алпысқа тартағалымдар келіпті елдің түкпір-түкпірінен. Олар бірінен соң бірі коммунистік партияның еліміздің ұлтаралық саясатын жер кекке сыйғызбай дәріптеумен болды. Бәрі сылдыр су. Әтірікті шындаі, шынды құдай үргандай дөгеніміздің кері. Әтірік сез іш пыстырады, жалықтырады, шаршатады.

Маган да көзек келді. Орысша жазылған баяндамамды енді бастай бергенімде, залда отырған конференцияға қатысуышылардың бірі орнына тұрып:

– Сағынғали Сандыбайұлы, – деді таза қазақ

тілінде, – сөзіңізді бөлгеніме кешірім сұраймын. Сізден өтінеріміз, баянда маңызды қазақша жасаңызыбы. Бұл жас кезімізде Қазақстан секілді ұлы елді, қазақ сияқты қайсар да қаһарман халықтың қамқорлығын көріп, ұлагатты тәрбиесін алған бір топ қавказдық ғалымдардың өтініші деп білерсіз. Біз қазақтың көркем де әуезді тілін сағындық. Соны естігіміз көледі, қазақтың киелі топырағында өткізгөн балалық шағымызды еске түсіргіміз келеді, – дегені. Залдан оны қоштаған әр-әр жерден дауыстар шығып жатты.

Бөгде жүрт, бөтөн елде қазақты қайсар да қаһарман деп жатса, тіліңді көркем де әуезді деп таныса, далаңда киелі топырақ десе неге жүрек қуаныштан жарылмайды? Н-е-е-ге? Мәртебем көтеріліп, шоқтығым биіктеп, ешкімге жалтақтамай ана тілімде өй бір көсіліп, ұлтаралық қатынастың, шынары келбеттін баяндалап шықтым. Ұйқылы-ояу залға қан жүгіріп, сөзімді аяқтағанда дүркіретіп қол соқсын келіп. Осылайша батыр елдің, ержүрек халықтың перзенті екенімді дәлелдедім-ау деймін.

Қазақ екі нәрсеге берік болуы тиіс. Оның бірі – асты қеніш, үсті пейіш жері, екіншісі – ана тілі. Жері мен тілін рухы сынбаған, намысы тапталмаған жандар ғана сақтай алады. Иә, солай рухы жанышылмаған жандар ғана...

Жаңа өмірге келген нәресте тұнғыш рет шешесінен ана тілінде бесік жырын өсітеді. Анасының ақ сүтімен бірге ана тілі бойына

сіңеді. Сол тіл арқылы дүниені таниды, жарыққа шығады. Өзін-өзі таниды.

Тал бесікте тербетіліп жатып-ақ туған елінің әнін үйрене бастайды. Туған елінің әсем әнін сайраған құс, сарқыраған өзен, сылдыраған бұлақ, гүлдеген жел, сыйбырлаған құрақ үйретеді. Сайын дала кеңдігін, шалқар көл тереңдігін, асқар тау биіктігін, бал бұлақ мөлдірлігін, таңғы шық тазалығын үйретеді. Сәби ер жетіп, он-солын танығанға дейін ана тілі ата-бабаның даналығын танытса, туған елдің торқалы топырағы бойына нәр береді, қуаттандырады.

Ат жалын тартып, азамат болған ұлқызына: «Сен енді ер жеттің, жерінді жауға таптатпа, тіліңді келімсекке қорлатпа», – деп қолына қару береді халқы.

Тағдыр сені қайда апарса да, алғаш кіндік қаның тамған жердің, сол жусанды даланың, сол ауылдың, сол мекеннің, сол халықтың өкілісің, қатардағы сарбазысың.

Егер сенің рухың биік, ар-намысың тұғырлы болса, өзіңнің перзенттік парызыңды орындал шығарсың. Ал егер ел үмітін ақтай алмасаң ше?..Ақтай алмасақ ше? Өзіңе сын. Өзімізге сын. Онда көрінгенге күлкі, кім-көрінгенге мазақтыз. «Еділді келіп алғаны, етекке қолын салғаны» дегеніміз аздай, «Алатруды алғаны, алқымға бұғау салғаны» деп зарлап қалмайық. Қазақ топырағының киесі, ана тіліміздің иесі үрады онда бізді.

Қазақтың қара топырағы киелі ғой, шіркін!
Бізде ер баласын сұндеттететтін дәстүр бар.

Құллі ауыл баласы оң-сольымызды таныртана маста молданың алдына барып «жігіт» атанғанбыз кезінде. Әлі есімде, ойын баласымыз ғой, шапқылап жүріп, төтелес інім абайсызыда сұндеттелген жерін жарақаттап алыпты. Бақырып-шақырып, үйді басына көтеріп жылап келді даладан. Қан саулап тұр. Әжем көшеден борпылдақ майлы топырақты әкеліп, әлгі жерге сеуіп тұрып:

— Кішкене ғана балапаным-ау, жігіт адам жылаушы ма еді, жылама, ертең-ақ жазылып кетеді, қорықла, — дег жұбатқан еді жарықтық. Айтқандай-ақ жарақат ертесіне қара қошқылданып барып жазылып кетті. Туган елімнің киелі топырағы мен тау-тасын жырлап өтөр өдім, әттөң, кестелеп айтатын ақын болмадым. Туган жерімнің өзен мен көлін, орманы мен тоғайын қаз-қалпында өрнектеп жалпы әлемге әсемдігін танытар едім, әттөң суретші болмадым. Алайда Қазақ Елінің өкілімін дег сезінемін мен өзімді. Тағдыр менін басыма не салсада «қыз қуып, көкпар» тартқызған қазақ халқының ата-баба мирас етіп қалдырган ана тілімнің, ұлы даласының жаршысымын дег санаймын өзімді.

Ақымақтың айтқаны келмейді, сандырағы келеді.

Орыс империясы, оның орнына кейіннен келген қызыл қасап жасаған Кеңестер де отар

елдөрдің ішінде жалғыз қарсы шығатын, өрлігі мен ерлігі биік дана, батыр қазақ қана деп біліп, оның кең даласын қан жоса етті, рухын жерлеп, намысын таптамақ болды, байлығын тонады, ең соңғы тірекі тілінен айырғысы келді.

Кремльдің сұп-сұр кардиналы: «Көпүлтты Көңес Одағындағы барша халық бір тілде ғана сөйлесе, адамзаттың нұрлы болашағы коммунизмге соғұрлым ерте жетеді», – дөп сөуегейледі. Бұл ойдың астарында қандай сұмдық барын қайдан білсін, «күштілерім сөз айтса шыбындап бас изейтін» ел тізгінін ұстаған басшылар қожайынның көзіне түсіп қалу үшін «шаш ал десе, бас алып» қазақ мектептері мен институттардағы қазақ топтарын шетінөн бытырлатып аяусыз отай бастады.

Келешекте нан тауып жесін десең ұл-қызыңды орысша оқыт, өйткені «орыс тілі – дүниенің кілті» деген үрдіс белең алды. Қазақ халқының сүйеніші болар зиялды қауым ұл-қызын орысша оқыта бастағандықтан, қарапайым халық та бала-шағасын орыс мектептеріне сүрелей жөнелді. Міне, осылайша аз ғана уақыттың ішінде ана тілінің өгей жұрагаттары өріп шыға келді. «Іштен шықкан жау жаман» демей ме халық. Қағынан жерігендер ана тілінің өрістеуіне басты көдөргі болып тұр бұл күнде.

Тіліміздің мүшкіл халін қабыргамыз қайыса бес-алты мектеп ұстаздары сөз етіп отырғанбыз. Арамызда сөзін «тисе терекке, тимесе бұтаққа» бағыттай беретін ардың-

гүрдіңдеу жігіт бар-тұғын. Ол біздің уайымымызға қосылмай:

— Жігіттер, баяғыда біздің атабабаларымыз тоқшылық жылы құдды сөндер сияқты сары уайымға салынады екен «Келесі жылы ашаршылық, жоқшылық болады» деп, ал ашаршылық жылы керісінше қуанатын көрінеді «Ендігі жылы тоқшылық болады» деп. Көрдіңдер мө? Сөндер несіне сонша қара бұлтты қаптатасыңдар. Бүгін ана тіліміздің халі мүшкіл болса, ертең-ақ көсегесі көгеріп, көркейіп шыға келеді, әлі көресіңдер, — дегені.

Ол кезде оның бұл «көрегендігіне» күлгеміз де қойғанбыз іштей. Бүгінде оның «сандырағының» негіzsіз еместігіне көзіміз жетіп отыр. Қазақтың «ақымақтың айтқаны келмейді, сандырағы келеді» дегені құпрас екен-ау.

Күнделік дәптерден. Университет тәмамдалап, келген жігіттің ата-анасы орыс бойжеткөніне үйлөнуге түрлі сылтаулар айтып, рұқсат бермепті. Ең үлкөн кедергілердің бірі – тіл екен. Алайда екі жас бірін-бірі өте жақсы көрген көрінеді.

Жігіттен ұзак уақыт хабар болмаған соң, қыз шыдамы таусылып, хат жазыпты сүйгеніне. Қазақ тілінде жазыпты ол. Жігіт қыздың хатын әке-шешесіне көрсетіпті. Ата-анасы бастан аяқ оқып шығып, таң қалысыпты да:

— Қарағым-ау, — депті, — осылай да осылай демейсің бе? Қазақ тілін бір қазақтай білөді десең болды ғой, жазған балам-ау. Онда сөз бар

ма? Келінімізді өртөрек әкел, – деп рұқсатын беріпті. Өздері беташар тойына өзірлікке кірісп қетіпті қуанышты ата-ана.

Халық біліп айтады: тілсіз мақау баланың көзге күйік болып туғанынан тұмағаны артық. Тұған өлі мен жеріне, ана тілі мен діліне, ата-баба салты мен дәстүріне қамқор болмаған, иелік өтпеген үрпактың барынан жогы. Иә, барынан жогы жақсы...

Сөз соңында айтарым: сұнғақ бойлы, қыпша бел, ақ сазандай аппак, көз қарықтырар сұлу белорус қызынан, жалғыз аяқ жолмен бұлақтан әкпішпен су көтөріп келе жатқан қара көз, қолаң шаш қазақ аруы неге ыстық мен үшін. Япрай, неге?... Түсініксіз...

Білдірер ойын ғылыми терминдермен өрнектеген Мәскеу профессорының пікірінен, айтар ойдың орамын бейнелі сөз, бедерлі теңеумен кестелей жеткізетін қазақ қариясының тұжырымы неге қадірлі мен үшін... Неге?... Түсінсем бұйырмасын...

Алыс елдердің аспанмен тілдескен небір сұлу ғимараттарын, көкке қол созған субұрқақтарын, аспалы көпірлері мен жер асты жолдарын, қойшы әйтөуір, небір кереметтерін көргендеге тебіренбекен жүрек, таңданбаған көңіл, кішкене ғана өз ауылым Аққұмның шикі кірпішпен салынған тоқал үйлери мен жер – ана төсін жара, сылдырап ақжан мәлдір бұлағын көргендеге неге лүпіл қага тебіренеді?

Олар неге соншалықты ыстық? Неге соншалықты көрікті бұл ауыл маған?

Талай жерде болып, талай елді араладым мен. Бірінен-бірі өткен ғажаптарды көрдім. Ол жақта қанша көрікті болса да таңдаіымды қағып таңданған емеспін. Жүрегім лүпілдеп, аузыма тығылған емес.

Тогыс өзенінің бойына қоныстанған ауылымды көруім мұң өкен, жүргегім аттай туласап, өкпе-бауырым елжіреп, қуанышым қойныма сыймай атой салады. Онысы несі? Неліктен? Түсінсем бұйырмасын!

Тағы да, кедір-бұдыр көшесін аралап келе жатып, өзімді кездестіргендей боламын. Анау құрдастарыммен доп қуалаған көгал. Ал мынау бұтақтан-бұтаққа өрмелеп жемісін қаққан әкемнің әкесінің әкесі өккен мың жылдық жаңғақ. Әр үйінді көрсем де, бір өшпес бейне өлестейді көз алдыымда. Мына шеткі үй ерекше ыстық маған. Өйткені бұл отбасында ең алғашқы, бала кездегі жауапсыз махаббатымның кейіпкері болған женгем тұрады. Қайран женгем, бір топ бала үйіне жарамазан айта барғанда берген кестелі орамалың құні бүгінгө дейін қайныңың төс қалтасында ең бір мүкәммалыңдай сақтаулы екенін білмейсің ғой! Білмегенің де жөн шығар!

Аяқты аттаған сайын балалық шағыммен жүздесем. Қозы баққан қундерім мен ақсүйек ойнаған тұндеріммен беттесем.

Бір кезде білсем де, бара-бара ұмыт

болған талай нәрсөлөр қайтадан еске түсіп, ойдың ұшы-қызыры жоқ қараңғы түбінен қайтадан бетке қалқып шықты қазір...

Ой, шіркін, менің қымбатты Аққұмым!
Қызгалдақты далаңды қанша араласам да,
таң шапағындаі сұлу ару қыздың көз
жасындаі мөлдір, саумал сүттей жылды
Тогысыңа қанша шомылсам да қызыққа
тоймаймын, мауқым бір басылар емес менің.
Көркіңе көзім тояттар емес. Неге?
Неліктен?

Өйткені бұл ауыл – менің кіндік қаным
тамған Жер. Туған топырағым. Дүниедегі ең
қымбат та аяулы мекенім. Бұл мекен Қазақ
Елінің бөлінбес бір пүшпағы. Қазақ Елінің
бөлінбес бір бөлшегі.

Құллі он сегіз мың әлемді нұрға бөлеген Күн
жалғыз. Жер – ананың аспандағы жан серігі Ай
жалқы. Ал мен үшін үш алтын тұғырлы ҚАЗАҚ
ЕЛІ жалғыз. ҚАЗАҚ ЕЛІ – бүкіл қазақтың
жалқысы. Иә, құллі қазақтың жалғыз мекені ол.
Бар қазақтың жұмақ тұрағы – сенсің ҚАЗАҚ
ЕЛІ. Мәңгі жасай бергін қазақтың ОТАНЫ!

Мазмұны

БЕКЕҢНИҚ БЕЗБЕНДЕУІ.....	3
ЖЕР.....	8
ДОМБЫРА.....	57
ТІЛ.....	145

Бегман ҮІСҚАҚ

*Мен болмасам, болмайын,
сен аман бол,*

ҚАЗАҚ ЕЛІ

Редактор: Сабит Жолдасов

*Корректорлар: Алма Пазылова
Эльмира Оразбаева*

Басуға 22.06.2013 ж. қол қойылды
Қағаз көлемі А4. Қаріп түрі Times
Көлемі 12,625 шартты баспа табак.
Таралымы 500 дана

«Әлем» баспасы. Тапсырыс № 2206
Алматы қаласы